1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

Елбасы мемлекет алдында тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, Қазақстанның “Нұрлы жол” Жаңа Экономикалық Саясат туралы Жолдау жариялады. Бұл уақыт тудырған өміршең мәселе.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасының өзі атап көрсеткен “Алдымен экономика, сосын саясат” дейтін қағида бүгінгі әлемде орын алған ахуалға байланысты жаңа мазмұнға ие болады.

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 ҚАРАША СЕНБІ 2014 жыл №177-178 (18871-18872) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН КӨШБАСШЫ

Мемлекет басшысы әлемдік экономикада туындаған қиындықтарға орай Ұлттық Қордан бөлінетін қаржының жұмсалатын бағыттарын айқындап берді. Ел алдында жүзеге асырылатын маңызды жобаларды атап көрсетті.

Әлем өзгеріп жатыр. Жай өзгеріп жатқан жоқ, сонымен бірге оның біз күткендегіден жылдам, сүреңсіз, мазасыз, алаңдаушылық сипатта өзгеріп жатқанын да ашық мойындауға тура келеді. Ал біз үшін бүгінгідей әлемдік жаһандану үдерісі барынша үдеп тұрған кезеңде әрқайсысымыздың ерік-жігерімізден тыс өмір тудырған осынау өзгеріс атаулылардан айналып өте алмайтынымыз тағы да мойындауға тура келетін бүгінгі күннің ащы шындығы. Ал осы бізге тосыннан кездескен кедергілерден қалай шығуға болады? Елбасының бүгінгі ұстанған саясатының негізгі бағыт-бағдары осы сауалдың жауабын іздестіруге бағытталған дәйекті шешімдер қабылдау мақсатын көздейді.

Президент 2012 жылдың өзінде ел алдындағы жаһандық сипаттағы осы күрделі мәселелерді бүкпесіз баяндап берген еді. Сөйтіп, Елбасы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты сан тараудан тұратын мақсат-мүддесі барынша анық айшықталған мазмұнды мақаласын жариялады. Мемлекет басшысы мақаласында біздің барлығымыз болып 20 жылдық ауыр жолды, ел өміріндегі сындарлы кезеңді еңсергенімізді атап көрсетті. Шын мәнінде қазір еліміздің алдында жақсы перспективалар ашылды. Иә, Қазақстан төрткүл дүниеге танылды, қиын асулар алынды. Біз алдымен тәуелсіздікпен бірге санамызға енген нарықтық қатынастардың бұралаң жолдарынан өттік. Ал, бұл жол бізге мүлдем бейтаныс еді. Қиындықтар болды, өзге жұрт бізге сынай қарады, бойымыздан мін іздеді. Ел болып кететінімізге күмәнмен қараған мысықтілеулілер қаншама болды десеңізші?! Бүгінгі Қазақстан өркениетті елдердің алғашқы легіне енуге таяды. Қазақстан әлеуметтік бағдарланған мемлекетке айналды. Осының барлығы әлем саясатшылары мойындаған Елбасының дәйекті, сындарлы саясатының, елдегі татулықтың, бірліктің жемісі еді.

Сонымен, біз бүгін қандай деңгейге жеттік? Табыс бар, тұрмысымыз жақсы, алайда бүгінгі әлем біздің ойлағанымыздан күрделі, жаңа сындарға тап болды. Ал оған төтеп беру үшін біз, әрқайсысымыз тап-тұйнақтай дайын болуымыз керек. Осы орайда Президент толғанады, еліне ой тастайды, жаңа уақыттың сындарлы кезеңіне қарай жаңа міндеттер жүктейді. Ол ел

алдындағы үлкен жауапкершілікті, Президент көтеретін зілбатпан жауапкершілікті сезіне отырып, әлемде қалыптасқан күрделі қарама-қайшылықтарға орай, өз ой-толғамдарын бүкпесіз ортаға салады. Осыдан бір жыл бұрын Президент: «Мен Жолдауымның орындалу қарқыны мен сапасына қанағаттанбаймын», деп жазды мақаласында. Неліктен? Жаңа ғасыр тудырған әлемдегі тұрақсыздық, дағдарыс салқыны Елбасын толғандырады. Осы орайда ол өткен ғасырдың 60-жылдарындағы тұтынушылық қоғамның психологиясынан бүгінгі ұрпақтың ада болғанын қалайды, осы қауіптен сақтандырады, сақтандырып қоймай ел алдында міндеттер жүктейді. Бұл идеология әлемнің дамыған елдерінде масылдық психология тудырғанын атап өткен Елбасы оның дағдарыстың себебі болғанын, ал бүгінде оған қарсы тұратын идея – «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» екенін атап көрсетті.

Елбасы байлық, игілік атаулының алдағы уақытта қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалатынын дәйекті ұстаным ретінде қарастырады. Президент дәйектемесі санаға қонымды, шындығында әлемде 2008 жылы орын алған дағдарыстың, бүгінде Еуроодақты дүрліктіріп жатқан алда болуы ықтимал берекесіздіктің себеп-салдарына, шығу тегіне біршама талдау жасаған экономистердің, саясаткерлердің өзі бұл турасында ашық айтқан жоқ па еді? Айтпақшы, олардың алғашқы қатарында Қазақстан Президентінің болғанын айту – біз үшін мақтаныш, мәртебе. Елбасы сол 2008 жылдың өзінде-ақ «Российская газетада» «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаласын жариялады. Қалыптасқан жағдайға талдау жасады. Сөйтіп, өзінің әрдайым уақытпен бірге үндесіп отыратын прагматикалық көзқарасын білдірді.

Уақыт өз дегенін істеуде. Біз сол дағдарыстан әлемдік деңгейде пәлендей қорытынды шығара алмадық. Дүниенің әр түкпірінде әлемнің – 8, арағідік 20 дамыған мемлекет басшылары бірнеше рет бас қосты. Хаттамалық деңгейден аса алмайтын шешімдер әлемдегі ахуалды сауықтыруға дәрмені жетпеді. Осы уақыт аралығында Қазақстан Президенті бұл турасында бірнеше рет мәлімдеді. Өзін толғандырған сауалдарға әртүрлі деңгейдегі әлемдік басқосуларда ашық ойын білдірді.

Қазір өндіру мен тұтыну көлемі арасындағы алшақтық, қаржы айналымына бақылаудың бетімен жіберілуі «Әлемнің әміршісі – еңбек» дейтін өміршең ұлы қағиданың өзіне құлай берілетіндердің өзін күмәнді ойдың жетегімен алып барады. Бұл базбіреулерді бас ауыртып, балтырын сыздатпай-ақ ақша табуға итермелейді. Күллі Батыс осы келеңсіз үрдіспен өмір сүреді. Қарыз алады, қарызға белшесінен батады. Банктер құрдымға кетеді. Сөйтіп, нақты өнім өндірумен үйлестірілмеген ақша тасқыны күллі Еуропаны бүгінде тығырыққа тіреп, одан шығудың жолы күн сайын күрделене түсуде. Қазір бүкіл әлемнің белді экономистері ұдайы қарызға өмір сүрудің неге әкеліп соқтыратынын ашық айта бастады.

2-бет

Құттықтау

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды мемлекетіміздің мерейлі мерекесі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан қоғамы 1991 жылдың 1 желтоқсанында жалпыхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа сенім артып, мәні зор, мағынасы ерек тарихи таңдау жасады. Содан бергі ширек ғасырға жуық уақытта елі таңдаған Елбасы Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекітті. Қос құрлықтың арасындағы көкжиегіне көз жетпес кеңістікке ие болып қалған жас мемлекетті айналасы аз жылда әлем таныған байрағы биік, байтақ елге айналдырды.

Осыдан тура бес жарым ғасыр уақыт бұрын Еділден шыққан салқар көш Ұлы далаға келіп, Қазақ хандығының негізін қалапты. Қазіргі Қазақстан осы Қазақ мемлекетінің жолын жалғастырушы болса, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бабалардан қалған байрақты жықпай, көк туды көкке өрлеткен тұлға ретінде тарихта қалады.

Қадірлі қауым!

Тарихта бірде-бір мемлекет ширек ғасырға жуық уақыт аралығында Қазақстан секілді әлем таныған елге айнала алған жоқ. Бұл алдағыны қапысыз болжайтын көреген көсем, халқын соқпақты жолдан адастырмай алып өткен қажырлы қайраткер, еліне әлемнің мәртебелі мінберлерінен ойып тұрып орын сайлаған саясаткер, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қай дәуір парағына да жазылатын ерен ерлігі. Осыдан тура 23 жыл бұрын Қазақстан халқы жасаған тағдырлы тарихи таңдаудың нәтижесі.

Өз тағдырын елімен етене байланыстырған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні құтты болсын! Отбастарыңызға аманшылық, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін.

Ел еңсесі биік, Елбасымыз аман болсын!

Қызылорда облысының әкімі Қ. КӨШЕРБАЕВ.

“НҰРЛЫ ЖОЛ”: ЖАҢАРУҒА БАСТАЙТЫН ЖЕТІ БАҒЫТ

Бейсенбі күні «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезекті XVI есеп-беру сайлау конференциясы өтті. Жиынға облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев, Парламент Мәжілісінің депутаты, партия Саяси кеңесінің бюро мүшесі Қуаныш Сұлтанов облыстық филиалдың бақылау-тексеру комиссиясының мүшелері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары мен партияның аймақтық филиалдарының төрағалары, бастауыш партия ұйымдарының басшылары және «Жас Отан» Жастар қанатының белсенділері, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің жетекшілері қатысты.

Конференцияда облыс әкімі, “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев сөз сөйледі.

Құрметті делегаттар, әріптестер!

Бүгінгі таңда елімізбен қатар партияның облыстық филиалының алдында жаңа міндеттер тұр.

Бүгінгі әлемдегі қалыптасқан жағдай – күрделі екендігін атап өтуіміз қажет. Президентіміздің айтуынша, экономиканың өсу болжамы дамыған және даму жолындағы елдер арасында күннен-күнге төмендеуде. Әлемдік нарықтың дүрлігіп жатқан жайы бар. Шикізаттық ресурстардың бағалары өте төмендеп бара жатыр.

Мұнай бағасы, өздеріңіз білетіндей, барреліне 78 АҚШ долларына дейін құлдырады, ал, мамандар 50 долларға дейін төмендейді деп болжам жасауда.

Кейбір мамандардың айтуынша, қаржы нарығындағы жағдайды тіпті болжай алмаймыз. Жаһандық даму мәселесі қиын жағдайға тап болуы мүмкін.

Санкциялар әлемдік сауданың және Дүниежүзілік Сауда Ұйымының ережелерін бұзып отыр. Сондықтан, қазіргі таңда көптеген мемлекеттер «долларлық тәуелділіктен» арылу, баламалық қаржылық, есептік жүйелерді, резервтік валюта құру жолдарын іздестіруде.

Тағы бір қауіпті мәселенің бірі – ол этникалық, діни және әлеуметтік тұрғыдағы шиеленістердің одан әрі үлғаюы.

Неліктен бұл мәселелердің барлығы біз үшін өте маңызды болып отыр? Өйткені, Қазақстан толықтай жаһандану үдерісіне ықпалдастырылған.

Мысалы, ресейлік әріптестерімізбен біздің ортақ кедендік кеңістігіміз бар және олармен Еуразиялық одақ құрдық.

Өздеріңізге белгілі, Ресей – әлемде бесінші орында тұрған, алып экономикасы бар ел. Сондықтан, ондағы қиыншылықтардың, әсіресе көршілес елдерге деген ықпалы зор.

Мамандардың есебі бойынша, Ресей елінің жалпы ішкі өнімінің 1%-ға төмендеуі бір мезетте Қазақстан экономикасының 0,25 %-ға төмендеуіне әкеп соғады.

Бүкіл әлемдегі ірі экономикалар ішінде Ресейдің жалпы ішкі өнімінің өсуінің болжамын Ресей Үкіметі қайтадан қарауға мәжбүр болып отыр. Биылғы жылы оларда өсім тек 0,2 % көлемінде күтілсе, 2015 жылы 0,5 % көлемінде өседі деп күтілуде. Бұған Батыс енгізген түрлі санкциялар себеп болып отыр.

Мысалы, жаңа технологияларды игеру тұрғысында шектеу қойылды. Атап айтқанда, тереңдегі және арктикалық мұнайды барлау мен өндіру бойынша, сондай-ақ, мұнай ұңғыларын бұрғылау мен оларға геологиялық зерттеулер жүргізу бойынша Еуропалық компанияларға ресейлік әріптестеріне қызметтер көрсетуге үзілді-кесілді тыйым салынды. Бұл неге әкеп соқтырады? Сарапшылардың пікірінше, қиын жолмен алынатын мұнай өндірісі шығындарының көлемі жылына 40 млн.тоннаға дейін бармақ.

4-бет

ДӘУІР ТУДЫРҒАН ТҰЛҒА

Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ драма театрында Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты шара болып өтті. Ол Елбасы туралы дайындалған бейнефильм көрсетілімімен басталды.

Бейнефильм барысында Тәуелсіз мемлекеттіміздің жеткен жетістіктеріне қысқаша шолу жасалды. Әлемге танылған Қазақстандағы қарқынды даму Елбасының еңбегі екені айтылды. Халықаралық сарапшылар, саясаткерлер, әлемнің аузы дуалы қайраткерлері мемлекетіміздің әрбір жетістігін Елбасының есімімен байланыстырады. Қазақ халқы жүздеген жылғы арман-аңсарына Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында жетті. Қазақстанды әлемнің алпауыт мемлекеттері мойындап, стратегиялық әріптеске айналды. Есіл жағасында ертегіге бергісіз әсем қала тұрғызды. Қазір Еуразия жүрегіне айналған Елорданың бас архитекторы Елбасы. Ал көркем Астана барша қазақстандықтардың мақтанышы. Бейнефильм Ұлт Көшбасшымен еліміздің келешегі бұдан да жарқын, нұрлы бола бермек деген асқақ сөздермен түйінделеді.

Осыдан кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев салтанатты шарға жиналған қауымға мерекелік құттықтауын жеткізді:

– Құрметті жерлестер! Қазақстан халқы 1 желтоқсанды Тұңғыш Президент мерекесі ретінде салтанатпен атап өтеді. Бұл барша қазақстандықтар үшін шын мәнінде халықтық мереке. Тұңғыш Президент мерекесі күні болып 1 желтоқсанның таңдалып алынуы кездейсоқтық емес. 1991 жылдың 1 желтоқсанында тәуелсіз еліміздің тарихында алғаш рет жалпыхалықтық Президент сайлауы өтіп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз Отанымыздың Тұңғыш Президенті болып сайланды. Осы бір аса зор тарихи оқиға әрбір отандасымыздың санасында салтанатты күн болып қалғаны анық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлсіз экономика мен жетілмеген саяси реформалар жағдайында Тұңғыш Президентіміз алдына Қазақстанды гүлденген мемлекетке айналдыру мақсатын қойды.

2-бет

Бейсенбі күні Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова бастаған ақпараттық-насихаттық топ Сыр өңіріне табан тіреді. Республикалық АНТ құрамында ҚР Парламентінің депутаттары бар.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АНТ СЫР ӨҢІРІНДЕ

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан туындайтын мәселелерді түсіндіру мақсатында келген топ ең алдымен облыстық медицина орталығында болды. Облыстық аурухананың жұмысымен етене танысқан министр нейроинсульт орталығының бүгінгі жетістігіне жоғары баға берді. Себебі, ми ауруларына ота еліміз бойынша Астана мен біздің өңірде жасалауда. Мұнан соң насихаттық топ мүшелері Жолдауда көрсетілген бағыттарға ерекше тоқталды, әсіресе, экономикалық тұрақтылықты сақтау, ел азаматтарын жұмыспен қамту басты мақсат еткенін жеткізді. Сондай-ақ, денсаулық саласындағы әлеуметтік міндеттемелердің орындалу барысын сөз етті.

«Ендігі жылы біздің алдымызда орындалуы тиіс екі үлкен мәселе тұр. Ол 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жәрдемақыларын 25 пайызға көтеру. Сонымен бірге бюджет қызметкерлерінің жалақысын жаңа жүйе бойынша төлеу. Бұл мәселеде республикалық бюджеттен жарты жылға 137 млрд. теңге қаралып отырса, соның 8 млрд.-сы Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласына тиесілі. Ал, республика көлемінде мүмкіндігі шектеулі жандарға 28 млрд. теңге бөлінсе, оның 2 млрд.-сы осы өңірдің азаматтарына жеткізілетін болады, – деген Т.Дүйсенова бұдан әрі студенттердің шәкіртақысының 2016 жылдан бастап 25 пайызға көтерілетіндігін, 2017 жылы күнкөріс деңгейінің көлемі 18 пайызға жоғарлайтындығын айтты. Оған қоса 2017 жылы базалық зейнетақының көлемі де жоғарылайды.

2-бет

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Кеше облыс әкімдігінің мәжіліс залында Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының негізгі басымдықтарын түсіндіру жөніндегі республикалық ақпараттық топ мүшелерінің қатысуымен облыс активі өтті. Шараға ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қуаныш Сұлтанов пен Бақытбек Смағұл, жергілікті және аумақтық атқарушы органдардың басшылары, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары мен азаматтық қоғам институттарының өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев өңірде Жолдаудың басым бағыттарын түсіндіру мақсатында атқарылып жатқан шараларға тоқталып, насихаттық топ жұмысына сәттілік тіледі.

– Құрметті жиынға қатысушылар! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы осынау өтпелі кезеңде қоғамның сұрақтары мен сұраныстарына жауап берген құжат болғанын біледі. Жолдаудың басым бағыттарын кеңінен түсіндіру мақсатында ағымдағы жылдың 14 қарашасында облыстық идеологиялық актив жиыны өтті. Осындай жиындар барлық аудандар мен Қызылорда қаласында ұйымдастырылды. Сонымен бірге, Жолдауды ақпараттық сүйемелдеу мақсатында елді мекендерге жастардың мәдени көш-керуені сапарға шықты. Ақпараттық топтар құрылып, облыс көлемінде атқарылатын іс-шаралар жоспары бекітілді. Сондай-ақ, бүгін еліміздің аумақтарында Жолдаудың негізгі ережелерін түсіндіру жөніндегі республикалық ақпараттық топтардың халықпен кездесулері өтуде. Мемлекет басшысы өз Жолдауында Халықаралық валюта қоры мен Бүкіләлемдік банктің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлемдік экономиканың даму деңгейі бәсеңдей түсетіндігін айтты.

2-бет

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 33 сессиясы 2014 жылғы 12 желтоқсанда сағат 16-00-де облыстық мекемелер үйінің мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.
2. Қызылорда облысының аудан орталықтары мен тірек елді мекендерін дамытудың жеке кешенді жоспарларын бекіту туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2014 жылғы 11 желтоқсанда сағат 11-00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 15-00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН КӨШБАСШЫ

Елбасы әлемде орын алып отырған күрделі ахуалды сарапқа сала отырып, барлығына жан-жақты талдау жасайды. Осы жолы Мемлекет басшысы өзінің дәйекті тұжырымдарға бекем екенін тағы да дәлелдеді. Сайып келгенде, бұл елдің мүддесі үшін мүмкін болатын келеңсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған нақты міндеттер болып табылады. Дәйектілік дегеннен шығады, Елбасы 2011 жылғы Жолдауында еңбек өнімділігі, оны көтеру жолдары туралы нақты міндеттер жүктеген болатын. Сайып келгенде, еңбек өнімділігі кешегі посткеңестік жүйеде болған мемлекеттердің барлығына тән күрделі мәселе. Кеңестік жүйеден қалған масылдық психология, құрал-жабдықтардың ескіруі, тағысын-тағылар еңбек өнімділігін тежейтін негізгі факторлардың бірі.

Мақала жарияланғаннан кейін Мемлекет басшысы елді әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселесіне арналған кеңес өткізді. Елбасы экономикадағы өсім жағдайын айта келе, өз мақаласында атап көрсетілген Қазақстанды жаңғыртудың 20 қадамына қатысты ойларын тағы да сабақтады. Қазақстанда әртүрлі әлеуметтік төлемдерді, жәрдемақы мен зейнетақыны шамамен 4,2 млн. адам алып отыр. Мұндай төлемдер сомасы 1,4 трлн. теңге болды. Шындығында, мұндай тиімді әлеуметтік саясат жүргізуге көптеген мемлекеттердің шамасы жетпейді. Елбасының атап өткеніндей, тапсырмаларды жүзеге асыру көп қаржыны қажет етпейді. Бұлар заң шығару және ұйымдастыру шаралары болып табылады. Ал, Елбасының Қазақстанның даму жолының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» атты кең ұғымға сиятын жаңа идеясы біздің таяу болашаққа бағытталған негізгі міндет-межеміз болып табылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші шақырылымы үшінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру кезеңіне аяқ басқанын атап көрсетті. Бұл Стратегияның қайған негізгі мақсаты – әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру. Осы орайда Президент әлеуметтік проблемалар көптеген дамыған елдерде шиеленісіп кеткенін, жұмыссыздықтың өсуі, халық табысының төмендеуі, әлеуметтік дамудың үйлесімсіздігі мен кереғарлығы – әлемнің көптеген елдеріндегі нақты жағдайлардан көрініс беріп отырғанын мәлімдеді. Ал, Қазақстандағы ахуал олардың көпшілігінде болып жатқан жайттарға қарағанда артықшылығымен ерекшеленеді.

2013 жылдың алғашқы жартыжылдық қорытындысы бойынша Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің өсімі 5 пайыздан асты. Қазақстанның Ұлттық қордың валюталық активтерін қоса алғандағы халықаралық резерві қазір 80 миллиард долларға жетіп жығылады. Алайда, халықаралық жағдайдан туындап отырған көлденең кедергілер салдарынан Қазақстан экономикасының өсімі 2014 жылдың қорытындысымен 4 пайыздан астам болады деп күтілуде. Бұл жаман көрсеткіш емес.

Президент бүгінгі таңда ЭКСПО-2017 аясында өтетін шараларға айрықша мән беруде. Ал, бұл энергия тиімділігі мен энергия жинақтауға қатысты маңызды мәселе болып саналады. Энергия жинақтаудың жаңа мәдениетін, экономика тәрізді күнделікті өмірде де жаппай қалыптастыру мақсатында Президент Жарлығымен «Жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама бойынша Қазақстан 2020 жылға дейін энергия үнемдеуді жыл сайын 2,5 пайыз, ал 2020 жылдан кейін 3,5 пайыз көлемінде қамтамасыз етуі қажет. Бұл отандық кәсіпорындардың энерготиімділігінің қажетті деңгейіне жетуіне мүмкіндік беріп, «жасыл экономика» аясындағы міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді.

Президенттің зейнетақы жүйесін реформалауға қатысты жаңа қадамдары көп елдерге үлгі болатын әлеуметтік бағыттағы маңызды шешім болып табылады. Алдағы уақытта жұмыс істейтін әйелдердің бала туу және бала күтіміне байланысты демалыста болу кезеңінде міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаттары есебінен субсидиялау қамтамасыз етіледі. Бұл бірде-бір мемлекетте қолға алынбаған теңдесі жоқ қадам.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы Дамушы нарықтардың Еуразиялық форумында:

– Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде орасан жолды жүріп өтті. КСРО тарағаннан кейін экономика 30 пайызға, АҚШ-тағы Ұлы депрессиядан да төмен құлдырады. КСРО республикалары арасындағы аутсайдерден біз орнықты экономикалық өсім магистраліне шықтық. Бүгінде экономикалық өсім қарқыны бойынша біз ТМД елдері арасында көшбасшылар қатарынан көріндік. Қазақстан XX ғасырдың бірінші онжылдығында 9-10 пайыз, ал осы жылдар ішінде орташа 6-7 пайыз қарқынмен дамыды, ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 600 доллардан биыл 12 500 долларға өсті. Адам әлеуеті дамуының жаһандық индексінде біз жоғары нәтиже көрсеттік, әлемдік білім беру кеңістігінің бөлігіне айналған Қазақстанның білім беру жүйесі сенімді дамуда. Мысалы, технологиялық жабдықталуы мен кәсіби кадрлар деңгейі бойынша Қазақстан медицинасы алдыңғы қатарға шықты. Орташа өмір сүру ұзақтығы соңғы 8 жылда 5 жасқа ұзарып, бүгінде оның шегі 70 жасқа артты. Бала туу артты, демографиялық өсу байқалуда, – деп еліміздің бүгінгі қол жеткен жетістіктерін дәйекті мысалдармен атап көрсетті.

Тарихтың әр дәуірінде, халық үшін сындарлы шақта елін қиындықтан қайыспай алып шығатын жол табуға дәнекер болатын ұлы тұлғалар өмірге келген. Айталық, АҚШ Президенттігіне 4 рет сайланған Франклин Рузвельт өткен ғасырдың 30-40-жылдарындағы ұлы депрессия кезінде Америка халқын қиындықтан алып шықты. «Социализмшіл» деп кінә таққан Америка шонжарларының өзі оны мойындауға мәжбүр болды. Айтқанын істеді, мәмілеге келді. Ресей үшін қиын-қыстау кезеңде Үкімет басшысы болған Столыпин өз реформасын дәйекті бастағанымен, оны кейінгі революциялық толқулар басып тастады. Сөйтіп, Ресей өсіп-өркендеудің жолынан бірнеше ондаған жылдар қалыс қалды. Әлемде мұндай тұлғалардың есімдері көптеп саналады. Біз бүгінгі қысқа мақалада оның барлығын тізбелеп жатуды жөн санамадық. Ең бастысы, Елбасы өз халқына өзінің жүрегінен шыққан шынайы, өміршең бағытты ұсынды. Ал, бұл бағыт біздің әрқайсысымыздың табанды іс-қимыл, белсенді әрекетіміз арқылы ғана жүзеге асатын болады.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

1-бет

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Бұл әлбетте, елдің әлеуетіне өз ықпалын тигізбей қоймайды. Инфрақұрылымды дамытуға байланысты Елбасының шешімінен қыруар қаржы бөлініп отыр. Ұлттық қордан жылына 3 млрд доллардан үш жылда 9 млрд. доллар және Халықаралық қаржы қорынан қаралатын қаржыны қосқанда 20 млрд. доллар тікелей инфрақұрылымға жұмсалатын болады. Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде көптеген жұмыс орындарын ашуға болады. Осыған сәйкес біз де инфрақұрылымдық жобаларды дайындап, іске кірісіп кеттік. Мұнайдан және ураннан түсетін табыстың 94,6 пайызына тәуелді өңір экономикасын әртараптандыруда жүзеге асырып жатқан жобаларымыз дұрыс бағытты таңдағанымызды көрсетті. Десе де бұл, Елбасы Жолдауында айтылған дағдарыстың алдын алудағы басты шарттардың бірі болып қала береді. Ал, жаһанды шарпыған күрделі кезеңнен Мемлекет басшысы айтқандай, жұдырықтай жұмыла білген халық ғана өтеді,– деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев.

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының маңызына, онда нақтыланған жеті бағытқа жеке-жеке тоқталып, негізгі міндеттерді саралап берді. Министр өз сөзінде Елбасының жаңа Жолдауы оның көрегендігін, сарабдал саясаткер екенін тағы бір дәлелдеп бергенін айтты.

– Президент аталған Жолдауда алдағы жылдары әлемде жаһандық дағдарыстың орын алатынын, ол қиындықтың біздің елге де ықпалы тиетінін айта келе, сол қиындықтан елді аман алып шығудың тың идеяларын, тиімді жолдарын айқындап берді. Сондықтан да Ұлт көшбасшысының биылғы Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп аталды. Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономикалық саясатты қайта бағдарлаулар жүріп жатыр. Қолдауды экономикалық өсім және жұмыспен қамтуда аса үлкен мультипликативті тиімділік беретін салалар алынуы тиіс екенін Елбасы ашық айтты. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағыттталады. Сондай-ақ, күре жолдарды ретке келтіруге аса мән берілуде. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар темір жолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Яғни, алысты жақын ету – Жолдаудың ең басты түйіні болып отыр, –деген министр онан әрі әлеуметтік көмектер мен жеңілдіктерге, оларға бөлінетін қаржыларға жеке-жеке тоқталды. Әлемде қандай қиындықтар орын алса да біздің елімізде үкімет тарапынан берілетін қаржылай көмектер, жәрдемақылардың тоқтатылмайтынын және азаймайтынын атап айтты. Ана мен балаға берілетін жәрдемақылар, мүгедектерге қаралатын қаржылар, сонымен бірге бюджеттік мекеме қызметкерлерінің айлық-жалақылары бұрын белгіленгендей, кезең-кезеңімен қосыла беретіні айтылды. Сонымен бірге, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова қолжетімді баспана мәселесіне баса мән беріліп, оның Жолдауда басым бағыттардың бірінен саналатынын тілге тиек етті.

Жиында сондай-ақ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов сөз алып, Жолдаудың басты мүддесі елдің бірлігі, ынтымағы екенін жеткізді және «Мәңгілік ел» идеясының түпкі мәні жөнінде өз ой-пікірін білдірсе, депутат Бақытбек Смағұл Елбасына арнаған шабытты жырын оқыды. №233 орта мектеп директоры Әлфия Мұсаева, «Аквалайн» ЖШС директоры Ғалымбек Жақсылықов Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан туындайтын міндеттерді бірге жүзеге асыруға шақырды.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі Жаңа экономикалық саясатты әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуге бастайтын тура жол екенін айтып, осы жолда ауызбіршілікпен, ынтымақпен жүріп, бүкіл әлемге төніп отырған қиындықты ел болып аман-есен еңсеруге үндеді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ДӘУІР ТУДЫРҒАН ТҰЛҒА

Шын мәнінде Елбасының сарабдал саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихы түгенделіп, тіліміз, діліміз, діниіміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері дүниеге келді. Қазақстан ішкі, сыртқы саясатын тура жолға қойған қуатты мемлекетке айналды. Ол бір сөзінде «Қазақ халқы 20-ғасырдың өн бойында өзге халықтар түсінде көрсе, шошып оянатын қасіретті оқиғаларды басынан кешірді. Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдай алатын қайратына қайран қалам. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Иә, Алла тағала қазақтың пейіліне сай ұлан-ғайыр жер берген, асты-үсті толы кен берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садақа еткен ер берген. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ. Осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын» деп ағынан жарылды.

Тәуелсіздік таңының атқанына да тура 23 жыл толғалы тұр. Осы аз уақыт ішінде Елбасымыз Қазақстанды қарышты қадамды қуатты елге айналдырды. Мемлекет басшысы әу бастан экономикалық реформаларды саясаттың алдына қойды. Соның арқасында Қазақстан экономикасы қарқынды дамушы, халқының әл-ауқаты жақсарған, экономикасы дамыған елдердің қатарына қосылды. Тұңғыш Президенттің халық алдындағы еңбегі ұшан-теңіз. Елбасы халыққа жолдаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі» деп атап өтті. Осы ұлы құндылықтың ұйтқысы болған да, ұлы идеялардың бастамашысы да болған біздің Елбасымыз. Тұңғыш Президент мерекесі халқының Елбасына деген шынайы құрметі, ыстық ықыласы.

Қазақ елі осы жылдары қандай да бір мақсаттарға қол жеткізсе, «Алаштың анасы» деп атаған Сыр елі халқы да Елбасының барлық бастамалары мен жүргізіп келе жатқан саясатына ұдайы қолдау көрсетіп, олардың жүзеге асуына лайықты үлес қосып келеді. Бүгінде Сыр бойы жұртшылығы Тұңғыш Президент мерекесін лайықты тартулармен қарсы алып отыр.

Облыс әкімінің құттықтау лебізінен кейін мерекелік концертке кезек келді. Ол жергілікті өнерпаз балалардың орындауындағы Кеңес Дүйсекеевтің «Нұр тұлға» әнімен басталды. Концерт барысында қызылордалықтар «Гүлдер» ансамблінің, «Астана» әншілер тобының және басқа да өнерпаздардың өнеріне ризашылықпен қол соқты.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

1-бет

ПРЕЗИДЕНТ АУДИТОРИЯСЫ АШЫЛДЫ

Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Болашақ» университетінде Елбасына арналған Н.Назарбаев аудиториясы ашылды. Шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Мәжіліс депутаттары Қ.Сұлтанов пен Б.Смағұл қатысты. Аймақ басшысы жиналған көпшілікті мерекемен құттықтады.

– «Құрметті қонақтар, ұстаздар, студенттер! Барлығыңызды Тұңғыш Президент күнімен шын жүректен құттықтаймын. Әр елдің тарихында өзіне тән тарихи тұлғалар болады. Мәселен, АҚШ елі Джордж Вашингтонды, түрік жұрты Ататүркті ерекше құрметтейді. Ал, біз еліміздің маңдайына біткен, аумалы-төкпелі уақытта ел тізгінін қолына алып, барлық ұлт пен ұлысты ұйыстыра білген, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап, халқына баянды болашақ сыйлаған Елбасымыз Н.Назарбаевпен мақтанамыз. Өйткені, Елбасы – сасқанға сая, асқанға тосқан, ұлысқа ұран, ұрпаққа ұстаз, елдің иесі, жердің киесі. Сондықтан бүгінгі аудиорияның ашылуы біз үшін маңызды. Әрқайсысымыз сол кісіге қарап бой түзеп, өнеге алуымыз керек. Сол себепті де осындай игі бастаманы қолға алған ұжымға, студент жастарға алғысымды білдіремін. Болашақтарыңыз жарқын болсын,- деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Бұдан бөлек ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов пен «Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі Бақберген Досманбетов те сөз алып, Елбасының өнегелі өмірінен естеліктер мен ел басқарудағы салиқалы саясатын және Тұңғыш Президент күнінің маңыздылығына тоқталып, жастарға кеңінен жеткізді. Мерекелік шара бұдан әрі аудиториямен танысу рәсіміне жалғасты. Айта кету керек, 7 көрме витринасынан тұратын Елбасы аудиториясы өңірдегі оқу ордаларының арасында алғаш рет «Болашақ» университетінде ашылуда. Аудиторияда орналасқан көрмеде Мемлекет басшысының жастық шағы, Конституция мен Мемлекеттік рәміздер тарихы, Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі мен Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыстары көрсетілген. Сондай-ақ, Елбасы еңбектері және Астананың қалыптасуы мен дамуы, халықаралық ынтымақтастықтағы рөлі де айқын көрініс тапқан.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АНТ СЫР ӨҢІРІНДЕ

Демек, алдағы уақытта еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша 14 категория 4 блокқа біріктіріліп, қызметкерлер біліктілік санаттарына сай жалақымен қамтылады. Әлемді дағдарыс жайлаған уақытта Қазақстанның мұндай қадамы көпшілікке сенім ұялатып отыр. Кездесу барысында Тамара Дүйсеноваға бірқатар сауалдар жолданды. Сауалдардың басым бөлігі өңіріміздегі апаттық жағдайдағы ауруханалар жайында болды. Үкіметтің комиссиялық қорытындысы бойынша аймақтағы Жаңақорған, Арал, Қазалы, Шиелі аудандық ауруханалары апатты деп танылған. Ал, 1998 жылы іргесі қаланып, халық игілігіне берілген облыстық медицина орталығы 16 жылдан бері жөндеу көрмеген. Осыған сәйкес, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Т.Дүйсенова «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында облыстық медицина орталығын күрделі жөндеуден өткізу үшін кезеңкезеңмен қаржы бөлуге ықпал жасайтындығын айтса, Жаңақорған аудандық емханасы құрылысының басталатындығын жеткізді. Алайда, Арал, Қазалы, Шиелі аудандық ауруханаларының құрылысы 2016 жылы қарастырылатын болады. Осылай деген министр мұнан соң «100 аурухана, 100 мектеп» бағдарламасы бойынша салынған облыстық перинаталды орталығында болды. Онда заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған нәрестелер мен ересектерге арналған жансақтау, туу бөлімдерінің жұмысын көрді. Жұмыс жасағанына бір ай болған орталықта 3528 бала дүниеге келген. Оның ішінде 4 үшем, 37 егіз нәресте бар. Алдағы уақытта орталықта оңалту бөлімдерін ашу көзделуде. Бұл жайында ана мен бала орталығының директоры Ләйлә Құлтаева мәлімдеді. Өңірдің денсаулық сақтау саласының жай-жапсарымен танысқан топтың келесі бағыты облыс әкімдігі болды. Онда министр аймақ тұрғындарын қабылдап, олардың мұң-мұқтажын тыңдады. Сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап берді.

***

Елбасы Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттер мен басым бағыттарын түсіндіру мақсатында Сыр өңіріне келген ақпараттық-насихаттық топ Арал ауданында да болды. Онда АНТ мүшелері: ҚР Білім және ғылым саласын бақылау комитетінің төрағасы Саят Нүсіпов, облыстық білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Мейрамбек Шермағамбетов, Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің облыс бойынша департамент директоры Бахыт Исмахамбетов қала және Жақсықылыш кенті мен Шижаға ауылдық округіндегі тұрғындармен жүздесіп, ел әлеуеті мен экономикасы үшін жоғары маңызға ие Жолдауды жан-жақты талқылады. Басқосуды Арал ауданының әкімі Абзал Мұхимов жүргізіп отырды. Кездесу барысында АНТ мүшелері әрбір бағытқа жеке-жеке тоқталып, Мәңгілік ел болу жолында жұмыла жұмыс жасау керектігін баса айтты.

***

Республикалық ақпараттық-насихаттық топ Жалағаш ауданы және ауданға қарасты Бұқарбай батыр мен Ақкұм ауылдарының тұрғындарымен кездесті. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Алмас Тұртаев бастаған топ құрамында ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Туризм индустриясы департаменті директорының міндетін атқарушы Тимур Дүйсеғалиев, облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Өтеп Хасанов бар. Кездесу барысында АНТ мүшелері қазақ еліне серпін беретін Жолдаудың маңыздылығын тілге тиек етті. Әсіресе, жаңа экономикалық саясатқа көшуге бағытталған бұл Жолдау Қазақстанның дамған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына жетудің басты бағдары екеніне ерекше тоқталды. Осы орайда барша жұртшылықты бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға шақырды.

***

Шиелі ауданында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы бастаған республикалық ақпараттық-насихаттық топ Елбасы Жолдауын насихаттау шараларын жалғастыруда. Бәйгеқұм, Бидайкөл ауылдары мен Шиелі қыстағында өткен кездесулерде халық биылғы Жолдаудың ерекшеліктері туралы мәліметтерге қанықты. АНТ мүшелері әлемдік экономиканың күрделі кезеңінде инфрақұрылымдарды дамыту, әлеуметтік саланың әлеуетін арттыруды көздеген құжаттың құндылығына тоқталды.

***

Жаңақорған ауданында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Құттықожа Ыдырысов бастаған ақпараттық-насихаттық топ халықпен кездесті. Төменарық, Ақүйік ауылдық округтері мен Жаңақорған қыстағында жиналған жұртшылық Президент Жолдауына қолдау білдірді.

Жолдауда атап көрсетілген басымдықтар Қазақстан халқының елдік мұраттарымен үндеседі. Басқосуда АНТ мүшелері халықты қызықтырған сауалдарға жауап берді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

1-бет

ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Тұңғыш Президент күні қарсаңында түрлі салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтар «Нұр Отан» партиясына қабылданды. Оларға билетті облыс әкімі, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев салтанатты түрде тапсырды.

– Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясы билікті халықпен барынша жақындастыра түсетін алтын көпірге айналуы тиіс» деген еді. Партия жетекшісі барша нұротандықтарды саяси көшбасшылықты күнделікті іс-әрекетінде дәлелдеп, қоғам өмірінің барлық бағыттарында алдыңғы орында болуға міндеттейді. Сіздер де осы сенімнің үдесінен толықтай шығасыздар деген үміттемін, – деген аймақ басшысы нұротандықтарға жүктелер жауапкершілік жүгінің салмақты екенін еске салды.

Партия қатарына мүшелікке қабылданғандардың ішінде ауыр атлетикадан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Алмас Өтешов те бар.

– «Нұр Отан» партиясы тек азаматтардың басын бір ортаға тоғыстырып отырған жоқ, әлеуметтік жауапкершілік алып отыр. Елбасының сеніміндегі партияға мүше болу мен үшін үлкен жетістік. Қоғамдық-саяси ортадағы партия беделін нығайтып, көздеген мақсатына қол жеткізуіне үлесімді қосамын. Аймақтың, еліміздің абыройын аламан додаларда жеңіс тұғырында шығып, асқақтата беремін, – деді Алмас Өтешов.

Сонымен қатар, партия қатарына Жаңақорған ауданы, Талап ауылдық округінің әкімі Бақтияр Ахметов, Шиелі ауданы, Алмалы ауылдық округінің әкімі Болат Баймағанбетов, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының Сырдария ауданындағы филиал директоры Айдос Серекеев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, PhD докторы Ғаухар Таңжарықова, облыстық наркология орталығының дәрігері Аман Тұрсынов, Байқоңыр қаласы №14 орта мектебінің мұғалімі Зәуре Қалышова, облыстық кәсіпкерлер палатасының консультанты Салтанат Бекжанова қабылданды. Бұдан бөлек, партияның бірқатар мүшесіне жаңа үлгідегі партия билеттері табысталды.

Дәурен ОМАРОВ.

Елбасымен жүздесу бақыты бұйырған әрбір адам сол кездесудің әсерінен көпке дейін арыла алмайтыны шындық. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бір ауыз сөзі кез келгенің жүрегінен жол тауып, адамның бойына ерекше күш бітіретіні сонша, сол кездесуді әрдайым еске алумен жүреді. Мұны біз ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай облыс әкімдігінде ұйымдастырылған «Елбасы менің өмірімде» атты мерекелік шара барысында Сыр елінің Елбасымен жүздескен азаматтарының айтуынан аңғардық.

ЕЛБАСЫМЕН ЖҮЗДЕСУ БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАНДАР

Шараны ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жиылғандарды айтулы мерекемен құттықтай отырып, жылы лебізін арнады және Елбасының жуырда ғана жариялаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауының, Мемлекет басшысының сарабдал саясатының маңызына тоқталды.

– Бүгінгі шараға жиылған қауым, сіздерді үлкен мереке – 1-желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын. «Бір Отан, Бір тағдыр, Бір Елбасы» дейміз. Бұл сөзде үлкен мағына жатыр. Осы мемлекеттің негізін қалаушы, Ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екені сөзсіз. Елбасының біздің еліміз, халқымыз үшін жасаған ұлан-ғайыр еңбегін ештеңемен салыстыруға келмейді. Қазақстанда этносаралық жанжалдарға жол берілген жоқ, яғни, елдің, халықтың бірлігі қамтамасыз етілді. Осының негізінде Қазақстан халықтарының ассамблеясы құрылды. Елбасының жақында ғана жолдаған Жолдауын баршамыз тыңдадық. Онда да «Нұрлы жол» деп халықтың бірлігі, ынтымағы жайлы баса айтылады. Себебі, бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан ел ғана жарқын болашаққа жол ашатыны белгілі,– деді аймақ басшысы.

Басқосуға жиылғандар Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездескен сәттерінен естеліктер айтып, өз әсерлерімен бөлісті. Мәселен, «Славяне» ұлттық-мәдени бірлестігінің төрайымы Галина Щербакова әр жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясының жиналысында ол кісімен жүздесуге мүмкіндік алатынын, сол сәттерде Елбасының айтқан сөздері әрдайым күш беріп, жарқын болашаққа деген сенімін нығайта түсетінін жеткізді.

– Құрметті, зиялы қауым, баршаңызды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймын! Осыдан 20 жыл бұрын Елбасының бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Бүгінде бұл Ассамблея қоғамдағы келісім мен ынтымақтастықтың басты тетігі болып отыр. Мен осы Ассамблеяның мүшесі болғаныма мақтанамын. Жыл сайын Ассамблея жұмысына қатысып, Елбасының халықтар достығына, ынтымақ-бірлікке, татулыққа аса мән беріп отырғанын байқап келеміз. Бұл Ұлт көшбасшысының көрегендік қабілетінің жарқын көрінісі деп білемін. Мемлекет басшысының қайраткерлігі арқасында Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Расында еліміз барлық ұлт пен ұлыстың бейбітшілік ордасына айналып, толеранттылықтың ерекше үлгісін жасай білді. Біз қай кезде де ол кісінің саясатын қолдаймыз, – деді Галина Щербакова.

Әріптесінің сөзін қостаған спорт саласының ардагері Юрий Ким Елбасымен кездесу бақытына ие болғанын әркез мақтанышпен айтып отыратынын жеткізді және ол кісінің еліміздің басқа салаларымен қатар спорт саласына зор көңіл бөліп, қолдау танытып отырғанын ризашылықпен әңгімеледі. «Ұлт көшбасшысының қолдауын кез келген саладан байқауға болады. Әсіресе, спортқа зор көңіл бөліп, әрдайым мемлекеттік маңызды мәселелердің қатарына қойып келетіні қуантады. Қызылордадағы мұз айдыны, жабық теннис алаңы, жаңадан салынғалы жатқан 15 мың көрерменге арналған футбол стадионы, Илья Ильин атындағы ауыр атлетика орталығы, бокс орталығы – осының барлығы Елбасының спортқа деген жанашырлығының жемісі деп білемін. Жалпы, мен ол кісіні спортшы деп танимын. Жаны спортқа, өнерге жақын адам ғана сол саланы түсініп, жанашырлық танытады емес пе?»– дейді ол.

Кездесуде «Жас Отан» жастар қанатының II республикалық съезіне қатысып, Елбасының алдында сөз сөйлеген Татьяна Нушатованың шын жүректен айтқан әрбір сөзі жиылғандардың көңілінен шықты.

– Қызылорда облысы Шиелі ауданын мекендеген өзге ұлт өкілдері ауданымызды «кіші Ассамблея» деп те атайды. Олар осы жерде туып-өскен, өнген, еңбек етіп, отбасын құрған, бақытын, шаттығын Шиелі топырағынан тапқандар,– деп бастаған Татьяна өзінің де осы ауданда туғанын, өсіп-өнгенін мақтанышпен жеткізді. – Өзім сәби кезімнен қазақ балаларымен тай-құлындай тебісіп, дос болып, бірге оқып, бірге өстім. Соның нәтижесінде бала кезімнен бастап қазақ тіліне қызығушылық танытып, өзімнің ана тіліммен қатар қазақ тілін де өте жақсы меңгердім. Қазақ тілі өте бай, әдемі, әсерлі де құнарлы тіл. Мемлекеттік тілді өте жақсы меңгергенімнің арқасында оқу орнының қазақ бөліміне түсіп, оны үздік дипломмен бітірдім. Бақытымды қазақ отбасынан тауып, қазіргі таңда қазақ шаңырағының келінімін. Өз ұлтымның мәдениетін бойыма сіңіріп, тарихын танумен қатар, қазақ халқының да әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйреніп өстім. Сондықтан маған қазақ отбасына келін болу, табалдырығын аттаған шаңырағымның өміріне араласу аса қиын болмады. 2012 жылы менің өмірімде айтулы оқиға, менің тағдырымды, дүниетанымым мен көзқарасымды өзгерткен керемет сәт болды. Ол менің ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлымен кездесуім еді. Мен облыстың белсенді жастарының қатарында «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының республикалық II съезіне қатысып, Елбасының алдында Сыр елі жастарының атынан сөз сөйлеп, облыстағы жастар саясаты, оның ішінде тіл саясаты туралы пікірімді айттым. Сөзімді аяқтағаннан кейін Президентіміз «Сыр елі – ұлтымыздың тілін, ділін сақтап отырған киелі мекен. Оның айқын көрінісі – Татьяна. Ұлты басқа болса да, қазақ тілін өте жақсы меңгеріп, барша қазақстандықтарға үлгі көрсетті» деп атап өтті. Бұл ерекше кездесуден мен шабыттанып, қанаттанып қайттым,– деді қазақ келіні Татьяна ағынан жарылып.

Қазақ шаңырағына келін боп түсіп, бір қазақ отбасының түтінін түтетіп, адал жар, ибалы келін боп отырған өзге ұлт өкілінің бірі Светлана Крюгер. Жанерке, Жансая есімді сүйікімді қыздарды тәрбиелеп отырған жас ана Светлана 2005 жылдың сәуір айында сайлауалды саясатты жүргізу мақсатымен өңірімізге келген Елбасы Н.Назарбаевтың қабылдауына облыстың студенттері атынан қатысқан. – Кездесуде Елбасына «Болашақ» бағдарламасының жастарға берер мүмкіндіктері жайлы сұрадым. Мемлекет басшысы сұрағыма толық әрі байыппен жауап берді. Содан бері тоғыз жыл өтіпті. Ал сол кездесу менің әлі жадымда сақтаулы. Еске алған сайын ерекше әсерге бөленем, – дейді Светлана Крюгер.

Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Рыбина үшін де Елбасымен жүздескен сәті өміріндегі ұмытылмас оқиға. 2009 жылдың 29 қарашасында Сыр еліне іссапармен келген Мемлекет басшысы бірқатар нысандарды ашады. Сол жерде бүкіл облыс жастары атынан сөз алған оған Елбасы «Жарайсың, Елена, қазақ тілінде кейбір қазақтардан жақсы сөйлейсің» деп арқасынан қағып, ризашылығын білдіргені Еленаға үлкен қанат бітірді.

Жиынға қатысушылардың қайқайсысы да Елбасымен жүздескен сәттерін ерекше шабытпен әңгімеледі. Кездесуде сондай-ақ, жас ақын Назгүл Бердіқожа Елбасына арнаған өлеңін оқыды.

Шараны қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Елбасының елі үшін, халқының болашағы үшін жасап жатқан еңбегінің зор екенін айта келе, айтулы мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді.

– Бүгін өздеріңізбен кездесіп, Елбасының өмірлеріңізде қалдырған өшпес ізі туралы әсерлі естеліктеріңізге ризашылығымды білдіремін. Келер 2015 жыл – Ұлттық тарихымызды ұлықтап, биіктерімізді бағалайтын аса маңызды жыл болғалы тұр. Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Ұлы Жеңістің 70 жылдығы салтанатты түрде аталатын болады. Келесі жыл этномәдени орталықтар үшін де айрықша болмақ. Себебі, келер жылы Достық үйі ашылады және республикалық деңгейде Сабантой мерекесі ұйымдастырылады. 1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні тағы да құтты болсын. Елбасымыз, Еліміз аман болсын. Әрқашан осындай қуанышты күндерде кездесе берейік,– деп облыс әкімі сөзін түйіндеді.

Кездесу соңында қатысушыларға Елбасы туралы туындылар тарту етілді.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЕСТЕ ҚАЛАР ЕКІ КЕЗДЕСУ



Қазақстан халқы Тұңғыш Президент күнін биыл үшінші рет атап өткелі отыр.

Бұл күн – тәуелсіз еліміздің тарихи таңдау жасаған күні. Бұл күн осыдан тура 23 жыл бұрын Тұңғыш Президент сайлауында Нұрсұлтан Әбішұлының барлық қазақстандықтардың зор сеніміне ие болған күні.

Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекіткен, болашаққа бағдар беріп, төртқұл әлемге танытқан Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ұшан-теңіз екені белгілі. Елбасының сарабдал саясатының арқасында беделді де қуатты мемлекетке айналдық.

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлымен 1998 жылы екі рет кездестім. Оның алғашқысы қазан айының жиырма алтысы болатын. Елбасының Елордадағы резиденциясында өткен қабылдау алдағы Президент сайлауына орай ұйымдастырылды. Онда жұрт сенген өкілдермен кездесті. Елбасының сенімді өкілдері – ардагерлер, қоғам қайраткерлері, шығармашылық ұйымдар өкілдері сайлау қарсаңында атқарар жұмыстар ауқымын айқындады. Елбасы олардан сайлаушылардың тек Президенттің жеке басы үшін емес, елдің ертеңі үшін дауыс беретінін терең түсінуін өтінді.

Бұл елдің тығырықтан шығып, халыққа тиесілі жалақы, зейнетақы, жәрдемақы берешектері толық төленген кез еді. Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, бар қиыншылықтың беті бері қарай бастаған. Содан да болар Мемлекет басшысы елдің, халықтың жағдайын сұрады.Біздердің тұшымды жауаптарымызға ризашылығын білдірді. Әлі де жағдайдың жақсаратындығын, сол бағытта кешенді бағдарламалар қолға алынып жатқандығын жеткізді.

Сол жылы екі айдан соң Елбасымен екінші рет кездесудің сәті түсті. Нұрсұлтан Әбішұлы он сегізінші желтоқсанда Қызылордаға келді. Оны әуежайдан облыс әкімі Бердібек Сапарбаев екеуміз күтіп алдық.

Мемлекет басшысы осы сапарында есте қаларлық екі кездесу өткізді. Оның алғашқысы Сырдария ауданының Аманкелді ауылындағы клубта болды. Онда жиналған жұртшылықтың Елбасына деген ықыласын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Нұрсұлтан Әбішұлы көпшіліктің ықылас-пейіліне шынайы ризашылығын білдіргеннен кейін мәдениет үйіне қойылған қолөнер бұйымдар көрмесін аралап көрді. Әсіресе, сырдариялық шебер С.Әкімовтің қолынан шыққан ою-өрнегі көз тартатын әуез аспаптары мен түрлі тұрмыстық заттар Елбасының назарын аударды.

Одан әрі облыс орталығындағы жаңа әмбебап аурухана ғимаратына аялдап, аурухананың алғашқы кезеңін пайдалануға беру лентасын қиған Нұрсұлтан Әбішұлы: – Біз халықтың денсаулығын қорғаудан ештеңе аямаймыз. Мына аурухана соның дәлелі, – деді. Салтанат барысында республикаға еңбегі сіңген дәрігер Ернияз Омаров қамқорлығы үшін Елбасына дәрігерлер қауымының алғысын жеткізді.

Нұрсұлтан Әбішұлы біздің Қорқыт ата атындағы университеттің бас ғимаратындағы студенттердің сәулет және дизайн жұмыстарына арналған көрмені аралауға да уақыт бөлді. Талантты жастардың туындылары Президенттің көңілінен шыққаны аңғарылып тұрды.

Облыс аудандары мен Қызылорда қаласы сайлаушыларының Н.Бекежанов атындағы драма театрда бас қосқан үлкен жиынында республика Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлының сенімді өкілі ретінде оның өмірбаянын мемлекет басшылығындағы күрделі еңбегімен сабақтастыра баяндап бердім.

Сайлаушылар, әсіресе Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөзі ұйытып әкетті.

– Тарихқа жүгінсек, бұл жерде қазақтың Жент, Сығанақ және Қызылорда секілді астаналары болған. Бұл жер күллі түркі жұртының абызы Қорқыт бабамыздың, Жанқожа мен Бұқарбай сынды батырлардың, басқа да дарынды перзенттердің туған өлкесі. Сонан да Қызылорда күллі қазақ үшін қасиетті ортақ жер, – деді Елбасы. – Сондықтан "Сыр – Алаштың анасы" деп айтуға толық негіз бар.

Терең мағыналы осы тарихи сөзді Елбасының аузынан алғаш рет осылай естіп едік.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры,
техника ғылымдарының докторы,
профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ ТАҒЫЛЫМЫ

Облыс оталығында Тұңғыш Президент күніне арналған мерекелік шаралар легі апта басында басталып кетті. Кеше М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледждің мәжіліс залында «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қорының ұйытқы болуымен 1 желтоқсан –ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елбасы – ел бірлігі, ел сенімі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты.

Конференцияға қатысушылар колледждегі «Тұңғыш Президент» залы және «Тәуелсіздіктің жұлдызды қадамдары» атты көрмемен танысты. Мұнан соң шараның танымдық бөлімі басталды. Алдымен тарих пәнінің оқытушысы Ботакөз Жұмаділдаева «Нұрлы жол – болашаққа нық қадам» атты саяси танымдық сабақ өткізді. Жаңа Жолдаудың мазмұны негізінде өткен слайдты дәріс қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлнұр Жүсіпованың «Өмірін еттім өнеге» атты әдеби-музыкалық сабағымен жалғасты. Келесі кезекте ұстаздар Ғалия Бекхожаева, Эльмира Садықова, Лаура Ахметова және Тұрар Дүйсенова Қазақстанды әлемдік қауымдастыққа танытып, туған халқына бедел мен биік абыройды алып берген Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірі мен ролі туралы мазмұнды сабақтар өткізді.

Ал, жиынның екінші бөлігінде Елбасы феномені туралы жасалған баяндамалар конференция маңызын арттыра түсті. Белгілі ғалымдар Б.Қожамберлі, У.Ибраев «Тұңғыш Президент және әлем таныған Қазақстан» тақырыбын, ал, №10 қазақ-түрік қыздар лицейінің жоғары санатты мұғалімі Е.Нағиша «Ерен Елбасы – кемел көшбасшы» тақырыптарын тарқатты. «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатының облыстық филиал жетекшісі Е.Меңлібаев Мемлекет басшысының жастарға жасап отырған қамқорлығы туралы әңгімелеп берді.

Жиында еліміздің Тәуелсіздік жылдары қолы жеткен сандаған ұлы жеңістері мен әлем мойындаған беделіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы да салиқалы саясатының арқасында жеткеніміз айтылды.

***

Қарашаның 24-28 күндері аралығында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «Назарбаев оқулары» апталығы өтті. Кітапхананың үлкен залына орналастырылған «Қазақ елі: Тарих. Тағылым. Тәуелсіздік» тақырыбындағы 7 бөлімнен тұратын кең көлемді кітап көрмесі осында келушілердің назарын аударып, қызығушылығын тудырды.

Аталған көрмені ұйымдастырудағы мақсат – оқырмандарға Тұңғыш Президенттің өмірі мен қызметін насихаттап, Мемлекет басшысының көрнекті саясаткер, Ұлт көшбасшысы ретіндегі тұлғасы мен тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру, дамытудағы сүбелі еңбегін көрсету, қазақ халқы жүріп өткен тарихи кезеңдер туралы жаңа туындыларды таныстыру. Жас ұрпаққа Алаштың абыройын асқақтатқан Елбасының қайраткерлік қасиеттерін үлгі ету.

Кітап көрмесінің әр бөлімі тақырыбына сай ерекшеленеді. Көне заманнан бүгінгі күнге дейін бірнеше ғасыр сүзгісінен өткен мемлекет шежіресінен, қазақ хандығының құрылуы мен өркендеуінен басталатын көрме еліміздің әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына қосылуы жолындағы жұмыстармен жалғасады. Онда Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа Жолдауының мәні мен мазмұнын ашып көрсеткен материалдар да қойылған. Сондай-ақ, мұндағы бір бөлім «ЭКСПО-2017 көрмесі – Елдіктің ерен жеңісі» деп аталады. Бұл бөлімде 2017 жылы Астана қаласында өтетін жаһандық шараның маңызын айқындайтын кітаптар мен бүкіләлемдік көрмеге ұсынылатын жобаларды қамтиды.

Қысқасы, орталық кітапханада ұйымдастырылған кең көлемді көрме көрерменнің көзайымына айналды. Оны көрген көпшілік өз ризалықтарын жасырмады.

28 қараша күні облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Елін сүйген Елбасы» тақырыбындағы фотокөрме ашылды. Айта кетейік, аталған көрме 5 желтоқсанға дейін жалғасады.

Бұған қоса, осы күні Тұңғыш Президент атындағы саябақта ағаш отырғызу рәсімі және патриоттық акция ұйымдастырылды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ЖІГЕР ЖЕМІСІ

Әлі есімде 2011 жылдың қыркүйек айы болатын. Елбасының Сырға сапармен келіп, біздің "Мәді қажы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс даласында болуы диқандар қауымы мен механизаторлардың жігерлерін жалындатып, еңбекке деген құлшыныстарын оятты.

Елбасының егінші-механизаторларымен кездесу уақыты протокол бойынша небәрі 15 минутпен шектеледі екен. Ол кісінің бізбен жүздесуге жарты сағаттан астам уақыт бөліп, ашық-жарқын әңгімелесуі бүгінге дейін көз алдымда көлбеңдеумен тұр. Әңгіме үстінде күріш егісін баптау жайында өзара пікір алыстық. Бір таңғалғаным, Елбасы күріштің агротехникасын кәнігі агрономнан артық білмесе, кем білмейді екен. Сыр салысын баптау, оны егетін жерді таңдау, сондай-ақ, суғаруға барынша мән беру керектігін айтқанда қайран қалдық. Мемлекет басшысы әңгіме үстінде: "Сіздерде әлі де кеңес дәуірінен қалған ұғым бар. Одан арылуларың қажет" деді де мемлекетке арқа сүйей бермей тірлік жасауға, күріш егісін дамытуға өзіміздің баса мән беруімізді тапсырды. Сонымен бірге алдағы уақытта ата кәсібіміздің – мал шаруашылығын дамытуға да көңіл бөлу қажеттігін қадап айтты. Біз де сөз кезегінде ауыл шаруашылығы салаларында орын алып отырған олқылықты Елбасы назарына салып, оны шешу бағытында ой бөлістік.

Елбасымен болған бұл ашық-жарқын жүздесу бізге, жоғарыда айтқандай, күш-жігер берді.

Президент айтқан үдеден шығу бағытында аянбай еңбек етуге жұмыла кірістік. Содан болар бүгінде "Мәді қажы" шаруа қожалығының диқандар қауымы егіс көлемін ұлғайтып, алынатын өнім көлемін де көтерді. Жыл сайын егілген күріштің әр гектарынан 50-60 центнер аралығында Сыр маржанын жинап, аудан алды ғана емес, аймақта көш басына шығып жүрміз. Бұл бізге Елбасының берген ақыл-парасатының жемісі деп нақты айта аламын.

Аббас КАМАЛАДДИН,
"Мәді қажы" ЖШС төрағасы.
Шіркейлі ауылы,
Сырдария ауданы.

ЖЫР-ШАШУ

Көшбасшы

Үлгі-өнеге ұлтына ұлағаты,
Бәрі бауыр,
Жоқ жанның сірә, жаты.
Алты құрлық, төрт мұхит ар жағына
Алашымды әйгілеп тұрады аты.

Көзден,
тілден сақтай гөр Елбасымды!!!
Самұрықтай бір аттап сан ғасырды,
Астана сап Арқаға, тұңғыш рет
Абылайдың арманын алға асырды.

Туын тікті Азаттық тұңғыш рет,
Кеудесіне ұя сап Күн кішірек.
Симпозиумда,
Саммитте салиқалы,
Күллі әлемге ұсынған үлгісі көп.

Асқақтатқан Ақ ордам көкке айдарын,
Төле бидей төрінде төкті ойларын.
Тұңғыш рет БҰҰ-да желбіретті,
Қазағымның әнекей, көк байрағын!

Жаратылған Тәуелсіз бағына елдің,
Осынау кез шаңқай түс шағы дермін.
Қай құрлыққа ұшса да жүреді ойлап,
Хан Едіге сияқты қамын елдің.

Қызғыш құстай қорыған аспан, жерін,
Қайда барса жанында жас пен кәрім.
Төбесіне көтеріп Көшбасшымды,
Төрткүл әлем түп-түгел тосқан төрін.

Жастайынан ұя сап жанына арман,
Артына ерген қазағы-қалың орман.
Ер Есімнен еншілеп елдік істі,
Хан Тәукеден тайсалмас тәлім алған.

Қайраткерлік қарымы қабыландай,
Сирек туған перзентті Тәңір ондай.
Өркениет көшіне оза шауып
Жалпақ жұртын бастайды жаны қалмай.

Бірлігінен қуат ап Бүгінгі Елдің,
Тыныштығын ойлайды Жұмыр Жердің.
«Қой үстіне бозторғай ұя салған»,
Қолымызға қонып тұр шынында ол күн.

Арманының ал-ысқа көші кеткен,
Ақыл-ойын халқына несібе еткен.
Мұратына мына елді жеткізеді Ол,
Ақ кемедей мұхитты кесіп өткен...

Толыбай АБЫЛАЕВ.

“НҰРЛЫ ЖОЛ”: ЖАҢАРУҒА БАСТАЙТЫН ЖЕТІ БАҒЫТ

Немесе, ресейлік компанияларға экономика мен өмірдің барлық салалары тәуелді болып отырған заманауи бағдарламаларды сатуға салынған тыйым.

Осының салдарынан Ресей өзінің бизнес қауымдастығына салықтық жүктемені біртіндеп арттыруға мәжбүр болып отыр.

Қазіргі таңда кіші және орта кәсіпкерліктен қосымша салықтық төлемдерді жинау туралы шешім қабылданып, бұл жағдай көршілес елдегі кәсіпкерлік қауымдастығының наразылығын туғызуда.

Украин дағдарысы басталғалы бері Ресейден шыққан капитал көлемі 150-220 млн. АҚШ долларға бағалануда.

Әрине, Ресей үкіметінің экономиканы дамыту саласында қолданып жатқан шаралары белгілі бір нәтиже беретіні анық. Алайда, ол үшін 2-3 жыл өтуі керек.

Бірақ, өкінішке орай, осы мерзім ішінде (санкциялар қолдану жағдайында) өндіріс қысқарады деп түсіну қажет.

Сарапшылардың болжамы бойынша, санкциялардың әсерінен Ресей экономикасы 2014 жылы 23 млрд.евро, ал, 2015 жылы 75 млрд.евро көлемінде тікелей шығынға ұшырамақ. Есептесек, сонда екі жыл ішінде-100 млрд. еврога (125 млрд.доллар) жуық!

Бізге сонда қандай қауіп төнуі мүмкін?

Біріншіден, өнеркәсіп өндірісі төмендемек. Және бұл жағдай еліміздің біраз өңірлерінде орын алып отыр. Көмір шығару, мұнай өндіру, темір кені, сонымен қатар түсті металлургия және химия өндірістері - ең осал салалар болып табылмақ.

Осылардың барлығы бойынша өнім көлемінің азаюы немесе өсу қарқындарының айтарлықтай төмендеуі байқалуда.

Ресейге қарсы енгізілген санкциялар және Ресей тарапынан қолданып жатқан жауап шаралар біздің де экономикамыздың белсенділігін бәсеңдетеді.

Кері әсерлердің бірі – ол экспорттың төмендеуі. Ресейге экспорт көлемі 20 пайызға, ал, Украинаға 30 пайызға төмендеді.

Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің төмендеуі қызмет көрсету саласының, ең алдымен, аталған салалар тапсырысымен қызмет көрсететін компаниялардың қысқаруына әкеп соғады.

Өздеріңіз білесіздер, биылғы жылы теңге девальвацияға ұшырады. Бұл бағаның белгілі бір өсуін тудырды. Қыркүйек айында жанар-жағармай бағасының көтерілгеніне куә болдық.

Сонымен қатар, Ресей Еуроодақ және АҚШ елдерінен азық-түлік тауарларын импорттауға шектеулер қойды. Бұл жағдай Ресейлік өңірлерде инфляцияға ұшыратады. Ал, біз сол инфляцияны «импорттаймыз».

Мұның бәрі бізде де инфляциялық үдерістерді күшейтпек.

Осымен қатар, біздің ұлттық валютамыздың құндылығы мұнай бағасына және ресейлік рубль ахуалына белгілі деңгейде тәуелді болмақ. Неге бұлай болып отыр? Себебі, Қазақстан және Ресей елдерінің қаржылық жүйелері мен экономикалары айтарлықтай деңгейде интеграцияланған.

Мұнай бағасына тоқталар болсақ, мұндағы жағдай да біз үшін тиімді емес. Мен бұл туралы айтып өткенмін.

Нәтижесінде, республикада жалпы ішкі өнімінің өсімі 6 пайыздан 4,3 пайызға төмендеген. Бұл жағдай республикалық және өңірлік бюджеттерді шығынға ұшыратуда.

Облыс төңірегіндегі ағымдағы жағдай туралы

Екі ай қатарынан біз өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің төмендеуіне жол бермей отырмыз. Бұл секторда 10 ай ішіндегі қорытынды бойынша өсім 2,9 пайызды құрады (республикада орташа – 0,2 пайыз).

Тау-кен өндірісінде мұнай өндірудің былтырғы жылдағы деңгейін сақтап қалуға резервтеріміз жоқ. Осыған байланысты Энергетика министрлігіне қандайда бір шараларды қабылдауға әртүрлі ұсыныстармен шықтық. Энергетика министрлігімен газды факелда жағуға да келістік, жүзден астам скважиналарды консервациядан шығаруға да көндірдік.

Алайда, қосқанымыз бар болғаны 95 000 тоннаға жуық өнімді құрап, алдын ала пайымдау бойынша биылғы жылы аймақтың кен орындарында мұнай өнімі 600 мың тоннаға кем болып отыр.

Құмкөлде шығаратын мұнай көлемі 120 млн. тонна, 10-15 жылға ғана жетеді. Сондықтан өндірісті әртараптандыру, индустриалды-инновациялық бағдарлама, әсіресе металлургияны дамыту – біз үшін жалғыз мүмкіндік! Бұны біз ашық айтуымыз қажет!

Жұмыссыздық деңгейі ортареспубликалық деңгейден асып тұрған жоқ. Бұл ретте артық еңбек ресурстарын сауда және қызмет көрсету салалары сіңіреді. Белсенді кіші және орта бизнес субъектілердің саны 10 ай ішінде 7 пайызға өсті.

Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 13 пайызға, ел бойынша орташа 18 пайызға өсті.

Бұл жақсы көрсеткіш, себебі, аса қажетті азық-түлік, тауарлар, тұрмыстық қызмет бағалары көптеген өңірлермен салыстырғанда айтарлықтай қымбаттаған жоқ.

Тұрақтылық қорын толтыру үшін облыстық бюджеттен қажетті қаражаттардың бөлініп жатқанын өздеріңіз де білесіздер.

Таяу арада өткен республикалық бюджеттік комиссия отырысында Солтүстік-Арал жобасы мақұлданды, шыны зауытының құрылысы бойынша ирандық компаниямен келісім шарт жасалды, басқа да жобалар бойынша нақты жұмыстар жүріп жатыр.

Құрметті делегаттар!

Өздеріңіз білетіндей, ағымдағы жылдың 11 қарашасында Мемлекет басшысы халқымызға «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын жолдады.

Біз Жолдауды облыс активинде талқылап өткенбіз, ендігі кезекте оны жүзеге асыру бойынша нақты шараларды белгілеуіміз қажет. Партияның облыстық филиалы бұл іске белсенділік танытып, жетекші рөлді атқаруға тиіс.

Құрылымдық (структуралық) реформалар біздің атқарып жатқан жұмыстарымыздың басым бөлігі екендігіне назарларыңызды тағы бір мәрте аударғым келеді.

Өздеріңізге белгілі, Жолдауда «Нұрлы жол» атты жаңа экономикалық саясаттың басталуы туралы жарияланды. Бұл саясаттың басты міндеттерінің бірі – ауқымды инфрақұрылымдық бағдарламаның орындалуы.

Бүгінгі таңда қиыншылықтарға толы экономикалық жағдайда Ұлттық қорда жинақталған қаражаттардың арқасында Қазақстан жаңа экономикалық (шын мәнінде - дағдарысқа қарсы) саясаттың жүзеге асырылуын қамтамасыз ете алады. Бұл саясаттың желісі ретінде 5 жылға арналған Инфрақұрылымдық даму жоспары жасалмақ.

Инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы айтарлықтай адам санын жұмыспен қамтиды. Бұған біздің көзіміз жеткен. Біздің тек қана екі ірі жобамызда («Батыс Еуропа – Батыс Қытай» және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» құрылысында) 6 300 адам жұмыспен қамтылды.

Инфрақұрылымдық дамытуға салынған ірі инвестициялар болашаққа мықты негіз қалайтынын АҚШ және Германия секілді жетекші елдердің тәжірибесімен дәлелденіп отыр.

Осы тұрғыда, экономиканың дамуын ынталандыру мақсатында Мемлекет басшысы өз Жолдауында бірнеше басымдық бағыттарды белгілей отырып, Ұлттық қор есебінде 2015-2017 жылдар аралығында жыл сайын 3 миллиард долларға дейін мөлшерде қосымша қаражат бөлу туралы шешім қабылдады. Қорыта айтқанда, үш жылда Ұлттық экономикалық ахуалды қолдап, болашақ дамуға ішкі резервтерді жұмылдыра отыра негіз жасау үшін 20 млрд. доллар қаржы құйылмақ.

І-бет

Бірінші. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту.

Өздеріңіз білетіндей, Жолдау шеңберінде «Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда» автомагистралінің құрылысы жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда Астана қаласына жолдың ұзақтығы 1917 км құрайды. Жоба жүзеге асырылған соң бұл жол 817 км қысқарады.

«Қызылорда-Жезқазған» учаскесінің қайта жаңғыртуды 2015 жылы бастауымыз қажет.

Сондықтан тендерге қатысу үшін біздің компаниялардың – әлеуетті мердігерлердің ортақтастығы қалыптастырылуда.

Өздеріңізге мәлім, Қызылорда қаласының сол жақ жағалауын дамыту мақсатында біздер Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысын бастадық. Жұмыс жүріп жатыр және оны жалғастыру үшін қосымша қаржы бөлінуіне қол жеткізетін боламыз.

Қызылорда қаласындағы әуежайдың жаңа жолаушылар терминалының құрылысы ерекше бақылауда болмақ. Қазан айында әуежайға «халықаралық» мәртебесі берілгеннен кейін, қосымша рейстер мен бағыттарды ашу бойынша авиакомпаниялармен жұмыс жасауға мүмкіндік туып отыр.

Екінші. Индустриалды инфрақұрылымның дамуы.

Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қаласының индустриалды аймағына қажетті инженерлік инфрақұрылымды жүргізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осындай жұмыстар облысымыздың тағы 4 ауданында жүріп жатыр.

Осылайша, инвесторлардың тартылуына, сонымен бірге жаңа өндірістердің құрылуына жағдай жасап отырмыз.

Ағымдағы жылы облыс орталығының индустриалдық аймағының, сонымен бірге, Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі аудандарының инфрақұрылымдарының құрылысы аяқталғалы отыр.

1 шілдеге дейін ферроқорытпа зауытының жоба-сметалық құжаттамасын аяқтап, құрылысын бастауды міндетімізге алып отырмыз.

Осы мерзім ішінде машина шығаратын зауыт

құрылысы бойынша дайындық жұмыстары аяқталуы тиіс.

Үшінші. Энергетикалық инфрақұрылымды дамыту.

Біз қазірдің өзінде облыстың энергетика саласын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеміз. Үстіміздегі жылы барлық аудан орталықтарында электрмен жабдықтау жүйесін дамыту жөніндегі ірі жобаны аяқтайтын боламыз. Осы жобаның шеңберінде жаңадан тарату пункттері және қосымша стансалар орнатылды, 217 шақырым жүйелер қайта жарақтандырылды. Бұл — төрт жылдың ішінде атқарылған жұмыстар. Мұндай ауқымды жұмыстар 30 жылдан астам уақыт бойы жүргізілмеген.

Бірақ, біз аудан орталықтарының ішкі электр жүйелерін ғана жаңарту мәселесін шешеміз. Аудандар мен облыс орталығын байланыстыратын жүйелерді жаңғырту проблемасы қалып отыр. Бұл үлкен шығынды талап етеді. Жобаларымыз бар. Оларды жүзеге асыру үшін бюджеттік инвестициялар тартуға жұмыс жасайтын боламыз.

Энергетиканы дамытпайынша экономикалық өсімді қамтамасыз ету мүмкін емес. Әлеуметтік- экономикалық дамуды қамтамасыз ету үшін энергетикалық инфрақұрылымдар алдын ала қарқынды дамуы қажет. Мысалы, бүгінде өңірдің энергияға қажеттілігінің 40 пайызы ғана жергілікті көздерден қамтамасыз етіледі. Сондықтан биыл біз жылу электр орталығын жаңғыртудың техникалық-экономикалық негіздемесін жасадық. Бұл жобаны жүзеге асыру өңірдің энергетикалық тәуелсіздік мәселесін шешуге мүмкіндік бермек.

Облыс орталығы және аудандар өркендеу үстінде. Жыл сайын 300 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілуде. Демек, тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымдарын дамыту мен жаңғырту, су және жылумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңарту қажеттігі туындайды. **Бұл – төртінші бағыт.** Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жылу және сумен жабдықтау жүйелерін жаңғыртуға Ұлттық қордан 100 млрд. теңге бөлінетін болады.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтің сапасы әрбір адамның күнделікті қажеттілігінің басты факторы болып табылады. Осыған орай, өңірлік қажеттілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымдарды дамытуды біз өз жұмысымыздағы басым бағыттың бірі деп есептейміз.

Бірқатар мәселелер шешімін тапты. Екі жылдың ішінде біз жылу орталығының барлық қазандық агрегаттарын қайта жаңғыртудан өткіздік, КРЭК-ті берешектен тазарттық.

Қызылорда қаласындағы жоғары қысымдағы газ құбырын түйықтап, осының нәтижесінде облыс орталығын газбен тұрақты қамтамасыз ету мәселесін шештік.

Өткен жылдан бастап «Қызылжарма» жер асты көзінің сапалы ауыз сумен қала тұрғындарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар басталды. «ҚазТрансГаз»бен ауқымды жұмыстар жүргізе отырып, іс жүзінде облыстың барлық өңірін газдандыру мәселесінің шешімін тауып, жобаның бірінші кезегіне кірістік (23,2 млрд. теңге).

Ауыл тұрғындарының 94 пайызы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Мұндай жағдай ешбір өңірде жоқ.

Европалық қайта құру және даму банкімен ынтымақтастық жұмыстары жүргізе отырып, 60 млрд. теңгенің 8 жобасын жүзеге асыруға кірісіп кеттік. Олардың алтауы электр жүйелерін, сумен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерін қайта жарақтандыруға, облыс орталығын жарықтандыруға арналған.

Иә, осы жылғы желтоқсан айының 18-не Лондонда ЕБРР (Европалық қайта құру және даму банкі) штабпәтерінде үш кредиттік және бір мандаттық келісімге қол қоямыз.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса беретін болады. Сонымен қатар, біз Ислам даму банкі, Азия даму банкі сияқты басқа халықаралық қаржы институттарының қосымша қаржы тартуға мүмкіндігін қарастыра беретін боламыз.

Бесінші. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту.

Мемлекет әлеуметтік арендалық тұрғын үйді салып, оны тұрғындарға ұзақ мерзімге жалға бере отырып сатып алу құқымен бермек. Бұл тұрғын үйлер делдалсыз және өте төмен пайыздық несиемен сатылатын болады. Бұл оны қолжетімді етеді. Осы мақсатқа мемлекет алдағы екі жыл ішінде қосымша 180 млрд. теңге бөлетін болады. Мысалы, бүгінде Қызылорда қаласының өзінде арендалық үйлерге кезекке тұрғандардың саны 13 мыңнан астам.

Алтыншы. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту.

Біз үшін ең маңыздысы – апатты жағдайдағы мектептердің проблемасын шешу.

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылы 24 апатты жағдайдағы мектептердің орнына 12 мектеп құрылысын салу ісі басталды. Соның 6-ын біз ағымдағы жылы пайдалануға беретін болсақ, қалған 6-ның құрылысын 2015 жылы аяқтайтын боламыз.

Тағы да 12 мектептің құрылысына қажетті қаржыны біз Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыруға байланысты Ұлттық қордан сұрайтын боламыз. Дегенмен, қолданыстағы заңдылыққа сәйкес 300 орынға дейінгі мектептер жергілікті бюджет қаржысы есебінен салынуы тиіс.

Мектепке дейінгі мекемелер жүйесін дамыту жайына келсек, онда Президенттің тапсырмасына орай үш жылда бұл мақсатқа 20 млрд. теңге бөлінетін болады.

Бүгінгі күні біздегі 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 90 пайызы мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз етілген.

Бұл тұрғыда мәселені 2015 жылы толықтай шешіп, 3 жасқа дейінгі балалар үшін орын тапшылығын қысқарту мәселесін шешуге кірісуіміз қажет.

Мұнан бөлек, біз мектепке дейінгі балалар мекемелерінен және мүгедек балалармен жұмыс істеуді жүйелендіруіміз қажет.

Мүгедектермен жұмыс істеу партияның басым бағыттарының бірі болып қала береді. Сонымен қатар, біз денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі жұмыстарды да қарқынды жалғастыруымыз қажет.

Қосымша білім беруді дамыту жөніндегі жұмыс та жалғастырылуы тиіс. Бұл бағыттағы жұмысты дамыту арқылы біз көшеде балалардың бос жүруін азайтамыз. Яғни, біз алғашқы кезекте балалар мен жасөспірімдердің қылмысқа бармау мәселелерін шешіп, балаларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тартамыз.

Қосымша білім беру орталықтарын ашу мүмкіндіктерін қарастыру айтарлықтай қиын емес. Әрбір ауданда толық қуаттылығында жұмыс істемей тұрған мектептер бар. Мәдениет үйлері мен клубтарды, басқа да ғимараттарды пайдалануға болады.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау.

Бүгінгі күнге оның ішкі өңірлік жалпы өнімдегі үлесі 11 пайыздан төмен.

Ал, Мемлекет басшысы кіші кәсіпкерліктегі елдегі ішкі жалпы өнімнің үлес салмағын 2020 жылға 50 пайызға дейін көтеру міндетін қойып отыр. Мақсат айқын және түсінікті құрылған. Сондықтан да біз сол көрсеткішке жету үшін бар мүмкіндікті пайдалануымыз керек.

Президенттің тапсырмасына орай өнімді өңдеуші өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін кіші бизнес пен ірі кәсіпкерлікті жеңілдетілген несиемен қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан 100 млрд. теңге бөлінін отыр.

Осы қаржының бөлінуіне орай Үкімет “Бизнестің жол картасы-2020” бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізеді. Біздің жобаларымыз осы бағдарламаға міндетті түрде енуі қажет.

“Батыс Еуропа – Батыс Қытай” автомагистралінің бойынан жол бойы инфрақұрылымдарын құруға ерекше көңіл бөлінеді.

Тұтастай алғанда, біздің аймақтағы билік пен билік партиясы активінің алдағы мақсаты – Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру үшін аймаққа мүмкіндігінше көп қаржы тартуға күш салуымыз керек. Бұл қаржылар мектеп, балалар бақшасы құрылыстарына, сумен қамтамасыз етуге, транспорттық инфрақұрылымды дамытуға, бюджетті несиелендіруге бағытталатын болады. Мұның барлығы бізге тек инфрақұрылым проблемаларын ғана емес, сонымен қатар, халықты жұмыспен қамту, салықтық базаны дамыту мәселесін де шешуге мүмкіндік береді. Оның ар жағында, әрине, әлеуметтік, саяси-қоғамдық тұрақтылық мәселелері тұр!

Міне, Президент айқындап берген негізгі жеті бағыт -осылар.

Бүгінгі қалыптасқан жағдайда партия ұйымдары біріктіруші ролінде болып, оң бағыттағы процестердің генераторы қызметін атқаруы тиіс. Сөйтіп, Жолдауды жүзеге асырудың алдында тұруы керек.

Бақылау жұмысымен ғана шектеліп қалмай, керісінше міндеттерді жылдам шешуге бейімделуіміз қажет. “Халықтың қасында емес, халықпен бірге болуымыз керек”. “Нұр Отанның” облыстық филиалында 39 мыңдай мүше бар. Бұған 11 мың жасотандықтарды қосыңыз. 50 мың адам. Бұл – үлкен күш. Бірақ, бізге тек қана бақылаушылардың қажеті жоқ. Қазір бізге жай бақылаушылар емес, нағыз ұйымдастырушылар керек.

Бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі және партияның беделін нығайтады.

Партия қатарындағы нағыз «нұротандықтар» арасында жүйелі жұмыс жүргізілу тиіс. Партия мүшесі болу – бұл бәрінен бұрын жауапты міндет. Біздің әрқайсысымыз партияға қатардағы мүше болып қана қоймай, Президент саясатын белсенді де тиімді іске асыруымыз қажет.

“Нұр Отан” – Парламентте, барлық деңгейдегі мәслихаттарда басымдыққа ие партия. Оның саяси платформасы тәжірибе жүзінде бүкілхалықтық қолдауға ие болып келеді. Ал, біздің міндетіміз – осы қолдауды көздің қарашығындай сақтау және нығайту.

Қай жерде қиыншылық, қай жерде күрделілік басым сол жерден табылуға тиіспіз.

Мәселен, бізге әлеуметтік жағдайды күрделендіруге жол беруге болмайды. Әсіресе, еңбек қатынастары жүйесінде. Сондықтан «нұротандықтар» жұмыс беруші еңбек ұжымдарымен жан-жақты жұмыс істеуі қажет. Жұмыссыздарды, оның ішінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру мәселелеріне сергек қарап, шешімдерін табуымыз қажет.

Келесі бір мәселе – күнделікті қажетті тауарлар мен азық-түлік өнімдерінің бағасын бірқалыпты ұстап тұру туралы. Бұл сауал партияның қалалық және аудандық филиалдарының күн тәртібінен ешқашан да түспеуі қажет.

Бізде шағын және орта бизнесті дамыту өз деңгейінде емес. Ендеше, партия ұйымдары бизнесті дамыту үшін жемқорлыққа жол бермей, әкімшілік кедергілерді жүйеге келтіру жұмысына басшылық жасауы керек. Қызылорда қаласы мен әрбір ауданда нақты, нәтижелі қимылдар қажет. Елбасының тікелей қолдауының арқасында бүгінде, кәсіпкерлікті дамыту үшін барлық құқықтық және экономикалық жағдайлар жасалған деуге толық мүмкіндік бар емес пе?

Облыста барлық қажетті құрылымдар құрылған – облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы мен аудандар мен қалада – арнайы бөлімдер, аймақтық кәсіпкерлік палата және оның қалалық, аудандық филиалдары, «Байқоңыр» ӘӘК мен оған қарасты компаниялары, аймақтық инвестициялық орталық. Тек қана жобалар мен жұмыс жасауға ниет болса барлығы дайын! Мемлекет осы құрылымдар арқылы орта-кіші бизнеске ауқымды ресурстар мен қолдау көрсетіп отыр.

Жүйелі, кең масштабта жұмыс жасауға барлық мүмкіндік бар.

Үкіметтік емес ұйымдар Жолдауды насихаттаушы және жақтастар ретінде бірлесе еңбек етуге дайын, жастар да өз жігерін жасампаз жобаларға салуға мүдделі – тек біздер ұйытқы бола білуіміз қажет!

Әрине, жастардың көп қырлы мәселелерін шешу – тұрақты түрде көңіл бөлуді қажет ететін басты міндеттеріміз болып қала береді.

Әсіресе, діни және экстремистік ұйымдардың жұмысы жанданып отырған кезеңде. Бұл жерде партияның маңызды міндеті – өскелең ұрпақтың бойында нағыз қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Бұл ретте, жастар арасында әлеуметтік қолдаулар жүйесін қалыптастырып, жастардың маргинализацияға ұшырауына жол бермеуге ерекше назар аударуымыз қажет.

Дәл осыған орай, біз жастар саясатын дамытуға бағытталған 2014-2015 жылдарға арналған «Жол картасын» қабылдап, жүзеге асырудамыз. Осы «Жол картасы» аясында маргиналды жастармен ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Екінші кезеңде жастар кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған «Жол картасы» қабылданатын болады. Жақын арада!

Сыр елінде қоғамдық келісім кеңестері мен этномәдени қоғамдық бірлестіктері өздерінің біріктіруші рөлдерін атқаруы қажет. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бұл құрылымдар жөнінде тиісті тапсырмалар берілді.

Бұдан бөлек, біз келесі жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын, Ата Заңымыз – Конституцияның 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойларын атап өтеміз.

Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге арналған тиісті іс-шаралар жоспары бекітілді. Басқа да мерейтойлық даталарға осындай дайындық жұмыстары жүргізілуі қажет.

Маңызды әрі мазмұнды іс-шаралар әрбір ауылда, елді мекенде, еңбек ұжымдарында ұйымдастырылуы тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамымызда келісім мен достықтың нығаюына ықпал етеді деп есептейміз.

Құрметті жерлестер!

«Нұр Отан» – қоғамның барлық әлеуметтік топтарын ортақ идеяға біріктіретін күш. Шын мәнінде, біздің партия қоғамның бет-бейнесін көрсетеді.

Мемлекет басшысы: «Толысқандықтың жаһандық сынынан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз! Бірлігіміз бен этносаралық келісімді көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз», – деген болатын.

Сондықтан көп ұлтты мемлекетіміздің бірлігін сақтауда саяси жауапкершіліктің жүгі партиямызға түсетінін сезінуіміз қажет. Біздің ұранымыз – «Бір Отан – бір халық – бір тағдыр». Бұл – біздің жүзеге асыруға тиісті бұлжымас қағидамыз.

Біз Елбасымыздың жанында жұмылған жұдырықтай бірігіп, Жаңа экономикалық саясатты іске асыруды қамтамасыз етуіміз керек. Жаңа заманның, жаңа ғасырдың жаңа шақыруларына біріге жауап іздеп, біріге қимылдауымыз қажет.

Барлық аймақтар тек қана теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен, байланыспен, тағы басқа инфрақұрылымдар арқылы ғана емес, ең бірінші тағдырлас бір Отанның азаматтарының жүрегінің бірдей толғанысымен тығыз байланыста болуы қажет.

Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы – елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Тәуелсіздік күнінің шапағаты, сәулесі кең-байтақ қазақ жерінің түпкір-түпкіріне дейін жетуі қажет.

Осының барлығы біздің Президентіміз, Ұлт басшысының бастамасы, арманы, аманаты!

«Нұрлы жол» – еліміздің дамуындағы жаңа кезеңнің бастауы. Бұл тек дағдарысты жеңіп, қиындықты еңсеру бағдарламасы ғана емес. Бұл – одан әрі күшейіп, біріге түсуге жасалған зор тарихи мүмкіндік. Айқындалған ортақ мақсатымыз бар, ол – әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу ниетін ақиқатқа айналдыру және «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру.

Ендеше, алға, «Нұр Отан»! Тек алға, Қазақстан!

Жасап, жайнай бер Сыр елі!

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің бюро мүшесі Қуаныш Сұлтанов партия жұмыстарының негізгі бағыттары туралы тарқатты. Осы конференцияның ерекше уақытта өтіп отырғанын жеткізген халық қалаулысы қазақстандықтардың Елбасының халыққа арнаған Жолдауларын сонау 1997 жылдан бері ерекше қуанышпен күтетінін, жаңа құжатта ел дамуының басым бағыттары айқын көрсетілгеніне тоқталды.

– Бүгінгі Қазақстан – әлем танып, мойындаған, ел басшысымен санасатын, бәсекеге қабілетті мемлекет. Тәуелсіз елімізді әлемге таныта алған қазақтың ұлы перзенті, Мемлекет басшысы Н.Назарбаев, – деді халық қалаулысы. Сөзінің соңында Қ.Сұлтанов барша нұротандықтарды Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді белсенділікпен жүзеге асыруға шақырды.

Мұнан соң сөз облыстық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбековке берілді. Ол саяси партияның 2013-2014 жылдары жүзеге асырған жобалары, партия жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары туралы баяндады. Алдымен аймақ тұрғындарымен жұмыс істеудің жандағанын жеткізді. Партияның 12 жалпыхалықтық жобасы қоғамдық мәселелерді жүйелі шешуге бағытталған.

Конференция барысында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының бақылау-тексеру комиссияның өткен екі жыл ішінде атқарған жұмыстары туралы облыс бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Роман Мұсабеков есеп берді.

Ал, негізгі баяндама бойынша жарыссөзге шыққан Сексеуіл станциясындағы «Қамқор» ЖШС директоры, құрметті теміржолшы Мұхтар Кеуілімжаев «Жезқазған-Бейнеу» теміржол құрылысының аймаққа серпін әкелгенін қуанышпен атап өтті. Оның айтуынша, 517 шақырымды құрайтын осы болат жолдың бойында 13 бекет, 30 жолайрық бой көтеріп, қажетті инфрақұрылым жасақталып, әлеуметтік нысандар салынуда. Айта кетейік, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ облысқа алдағы 5 жылға 20 млрд. теңге инвестиция салғалы отыр. Оның 3 млрд. теңгесі Сексеуіл кентіне әлеуметтік нысандар салынып, 556 жан тұрақты жұмыспен қамтылатын болды.

Қармақшы ауданы, Ақай ауылындағы №99 орта мектептің мұғалімі Шамшырақ Баймағамбетова, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі спортшылардың қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Мұрат Жұмаділаев және Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйінің әдіскері Бауыржан Ізмағанбетов әр сала бойынша атқарылып жатқан өркенді істерге тоқталды. Мәселен, «Сыр үміті» сыйлығының иегері Б.Ізмағанбетов жаңа Жолдаудың Сыр еліндегі жастарға да серпін бергенін, партияның бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы арқылы шалғайдағы елді мекендерге оқу бітірген жастардың келіп, туған жерді түлетуге бар күш-жігерін салып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, «Жас Отан» жастар қанатының «Жастар – Отанға!», «Сәтті қадам», «Жастар кадрлық резерві», «Ардагерлерді ардақтайық», «Кел, жастар, оқылық» жобалары елжанды жастарды тәрбиелеуге және әрбір жастың өз саласында жетістікке жетуіне, әлеуметтік-құқықтық қорғалуына ықпалын тигізіп келе жатқанын ризалық сезіммен атап өтті.

Жиында Ұлт көшбасшысының тікелей бастамасымен басталған «Болашақ» бағдарламасы да өз жемісін беріп, шетелдің тәжірибелі оқу орындарынан білім алған жастарымыздың бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде Отанымызды гүлдендіру жолында аянбай жұмыс жасап жүргені айтылды. Бұған қоса, Б.Ізмағанбетов биыл бастау алған республикалық «Серпін» жобасы бойынша да Сыр елі жастары өзгелерден оқ бойы озық тұрғанын, мұның бәрі Елбасы мен «Нұр Отан» партиясының атқарып жатқан жұмыстардың жемісі екендігін айтты.

Конференция соңында аймақтық партиялық ұйымының Саяси кеңесі мен бақылау-тексеру комиссиясының жаңа құрамдары сайланды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ, (сурет).

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ДӘУІРІ

Қазақстанның қалыптасуындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі баға жетпес. Бірінші желтоқсанда Қазақстан біздің Ұлы Отанымыздың ең жаңа тарихындағы атақты датаны – жалпыұлттық мемлекеттік мереке – Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. Ол Қазақстанның бүкіл азаматтары мен оның Елбасының бірлігінің символы болып табылады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың стратегиялық бағытын жүзеге асыруда тұрақтылықтың нығаюы мен қоғамның топтасуына жағдай жасайды.

Бұл мереке айрықша, теңдессіз, ол Елбасының жаңа Қазақстанды құру мен жасампаздандырудағы орасан зор үлесін бейнелейді. 22 жылдан астам уақыттан бері Қазақстан ашық тәуелсіз мемлекет ретінде дамып келеді. Тарихи қалыптасқан жағдай сондай, біздің еліміз мемлекеттік тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан тарихының бетбұрысты сәтінде халықтың еркіндік пен тәуелсіздік туралы ғасырлық арманын жүзеге асырған да Нұрсұлтан Назарбаев болатын.

Қысқа мерзім ішінде Қазақстан жүзжылдықтарға тең жолды жүріп өтті. Ел Конституциясы қабылданды, ұлттық валюта және егемен мемлекеттің өзге де атрибуттары енгізілді, оның ішінде, Ту, Елтаңба және Әнұран да бар. Тәуелсіздіктің қуатты тірегі – Қарулы Күштер құрылды. Елдің бүкіл периметрлері бойынша көршілес достас мемлекеттермен мемлекеттік шекара заңды тұрғыда ресімделді.

Күшті президенттік билік біздің елімізде саяси тұрақтылық пен тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз етуде. Қазақстанда әкімшілік-мемлекеттік басқарудың мейлінше тиімді және оңтайлы моделі құрылды. Мемлекеттік биліктің айқын вертикалы қалыптастырылды. Ол – жауапкершілікті шағын Үкімет, кәсіби Парламент, тәуелсіз сот, өңірлердегі өзін өзі басқарудың атқарушы құрылымдары. Осының бәрі жинақтала келіп, биліктің бірегей жүйелі мемлекеттік механизмін құрайды.

Елде демократиялық, азаматтық құқықтық қоғам дамуы жағдайында жұмыс істейтін ұлттық іскер басқару элитасы қалыптасты.

Президенттің ғаламат күш-жігерінің арқасында біздің еліміздің халықаралық беделі нығайды. Қазақстан қазіргі заманғы сатыда еуразиялық кеңістікте ірі өңірлік держава мәртебесіне ие, халықаралық қатынастар жүйесінде белсенді рөл атқарады және әлемнің саяси картасында лайықты орын алды. Біздің мемлекетіміз БҰҰ, ЕҚЫҰ, АӨСШК, ИЫҰ, ШЫҰ, ЮНЕСКО, ХВҚ және басқа да беделді халықаралық ұйымдарға мүше.

2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ төрағасы болды. Оның сыртында Қазақстанның ең жаңа тарихында және еуразиялық кеңістікте алғаш рет 2010 жылдың 1 желтоқсанында Астанада ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының айрықша Саммиті өтті. Ол Елбасының және республика халқының абсолюттік тарихи жеңісіне айналды.

Осылардың аясында Мемлекет басшысының аса зор және барынша көпқырлы қызметі көрініс табады. Тарих қалыптастырған жағдай сондай, Қазақстан бүгінде – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-дан астам ұлттардың өкілдері өмір сүреді. Нұрсұлтан Назарбаевтың кеңмеңгер, ойластырылған және икемді саясатының арқасында біздің еліміз өтпелі транзиттік кезеңнің қиындықтарын еңсеріп, этносаралық негіздегі дау-жанжалдардың алдын ала білді. Ел Президенті айрықша институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды, оның 20 жылдығын біз 2015 жылы атап өтпекпіз. Бүгінде ҚХА әлемде теңдесі жоқ құрылым.

Этносаралық қарым-қатынастарды үйлестіру, толеранттылық, келісім – осылардың бәрі Мемлекет басшысы саясатының негізіне айналды. Нұрсұлтан Назарбаевтың ойынша, айрықша көптүрлілік ол әлсіздік емес, көптеген этностық топтардың болуы біздің мемлекетіміздің жарқын палитрасы мен айшығы (мозаикасы) болып табылатындықтан, ол ел байлығы.

Бүгінде Қазақстан халықаралық саясаткерлердің, сарапшылардың, саясаттанушылардың, мәдениеттанушылардың, журналистердің, ғалымдардың басты назарында, олар үшін айрықша модельге – бейбітшілік пен келісімнің эталонына айналды. Және тек ол ғана емес. Нұрсұлтан Назарбаев, шетелдік сарапшылар мен көрнекті саясаткерлер және экономикалық қайраткерлер атап өтетіндей, уақыттың сын-қатерлерін сезімталдықпен және көрегенділіктен дөп басатын халықаралық деңгейдегі үлкен стратег. Мемлекет басшысының «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты өз халқына соңғы Жолдауы соған дәлел. Онда Нұрсұлтан Назарбаев «Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады», деп атап көрсетеді.

Қазақстан геосаяси шиеленістің эпицентріне жақын орналасқан. Сондықтан Президент шұғыл түрде кейбір позицияларды қайта қарауға, сондай-ақ, жоспарларға түзетулер енгізуге шақырды. Атап өту керек, бұл жұмысты Мемлекет басшысы барлық уақытта да жүргізіп келеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде ел экономикасына шамамен 200 млрд. доллардай инвестицияланды. Елге шетелдік компаниялар және солармен бірге жаңа әрі өте жаңа технологиялар келді. 2000 жылы Қазақстанда Ұлттық қор құрылды. Шағын және орта бизнес даму үстінде. Жаңа жұмыс орындары құрылуда. Халықтың тұрмыс деңгейі артып келеді.

Қазақстан бүгінде – ТМД мен Оңтүстік-Шығыс Еуропада әлеуметтік-экономикалық реформалар көшбасшысы. Экономикалық өсім қарқыны бойынша ол әлемнің жетекші мемлекеттерінің қатарына енеді. Елдің алтын-валюта резервтері 100 млрд. доллардан асады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғасы Үндістандағы Ақбар, Ресейдегі Бірінші Петр, АҚШ-тағы Джордж Вашингтон, Франциядағы Шарль Де Голь, Түркиядағы Мұстафа Кемал Ататүрік, Ұлыбританиядағы Маргарет Тэтчер, Қытайдағы Дэн Сяопин, Сингапурдағы Ли Куан Ю сияқты бұрынғы және қазіргі заманғы ірі тарихи қайраткерлермен теңдес.

Нұрсұлтан Назарбаев 1465 жылы алғашқы тәуелсіз Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек сұлтандар және дәстүрлі хандық билікті және қазақ мемлекеттілігін нығайтқан XVIII ғасырдағы Қазақстанның ірі мемлекет қайраткері Абылай хан сияқты біздің ұлы бабаларымыздың саясаты мен дәстүрлерін жалғастыруда.

Осынау бұрынғы және қазіргі заманғы ұлы тарихи тұлғаларды Нұрсұлтан Назарбаевпен Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген терең сүйіспеншілік және өз елін алға бастыруға деген орасан зор ниет біріктіреді.

Нұрсұлтан Назарбаев – еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үдерістердің бас стратегі және архитекторы. Оның бастамасы бойынша құрылған Қазақстан, Ресей, Беларусьтің Кеден одағы мен БЭК және 2015 жылдың қаңтарында күшіне енетін Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) соның дәлелі болып табылады.

Қазақстан бүгінде Достастықтың және жаңадан құрылып жатқан ЕАЭО-ның экономикалық локомотиві, Еуразия мен Орталық Азияның көшбасшысы, ырғақты дамып келе жатқан өңірлік держава. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы біздің Елбасымыздың айрықша және стратегиялық жобасы болып табылады: жаңа нысандар, өнеркәсіп кәсіпорындары іске қосылуда, жолдарға, мектептерге, ауруханаларға жөндеу жүргізілуде, қалалар мен ауылдарды көркітендіру және көгалдандыру жүзденген жаңа жұмыс орындарын ашуда. Осылардың бәрі біздің еліміздің жеделдете әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз болып табылады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің еліміздің тәуелсіздігі жылдары ішінде барлық салаларда халқымыздың рухын, оның ой-санасын, ойлау-пайымын, өнегелілік және рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, мәдени-тарихи мұраларын қайта түлеткенін атап өту қажет. Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда және әлемде дәстүрлі діндер, өркениеттер мен мәдениеттер арасындағы үнқатысу дамуда.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев біздің елімізге одан әрі табысты даму жолын көрсететін өзіндік компасқа айналған «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді айрықша Стратегия қабылдады.

XXI ғасырдың ерекше және ең әсем астанасы, Елбасының өзі бас архитекторы және сәулетшісі болып табылатын Астана – Қазақстанның інжу-маржаны, Мемлекет басшысы қызметінің тарихи триумфының символы болып табылады.

Астананың Дүниежүзілік ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу орталығы ретінде таңдалуы Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта лайықты орын алатынын, ал біздің кемеңгер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық ауқымдағы жалпыға бірдей танылған саясаткер екенін тағы бір рет растады.

Қазақстанның бүгінде әлемде нарықтық экономикасы ырғақты дамыған, ірі экономикалық, өнеркәсіптік, ғылыми, мәдени әлеуеті және жаңа инновациялық технологиялар бар қазіргі заманғы қалыптасқан жалпыға бірдей танымал мемлекетке айналуы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи еңбегі болып табылады. «Қазақстан. Астана және Нұрсұлтан Назарбаев» бірегей үш сөзі әлемде абсолюттік аксиома мен синонимге айналды.

Нұрсұлтан Назарбаев – адамдәуір. Іргелі базалық реформалар мен қайта жаңғыруларды қисынды соңына дейін шеберлікпен жеткізу және кәсіби қабілет Мемлекет басшысының ең басты ерекшелігі мен кредосы болып табылады. Президент саясаткердің таңғажайып қасиетіне: сұхбаттасын тыңдай білу, әлемде бар барлық жаңаларды бойға сіңіру, сонымен бірге, өзінің көзқарасы мен ұстанымын әрбір азамат пен адамға жеткізе білу қасиетіне ие.

Қазақстан азаматтары үшін елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты қазіргі заманғы ұлы реформатор және саяси көшбасшы ретіндегі тұлғасы мен көпқырлы қызметінің бүкіл ауқымдылығы мен тереңдігі айдан анық. Ол Қазақстанның және әлемнің тарихына анағұрлым беделді және кемеңгер әлемдік мемлекет қайраткері және XXI ғасырдың ірі ойшыл ғалымы ретінде енді.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көпқырлы қызметінің дәуірі тарихи ретроспектива мәтінінде Қазақстанның абсолюттік тарихи триумфын бейнелейді.

Жүргізілген реформалардың генезисі мен ауқымын терең түсіне және мойындай отырып, біздің тарихи жеңістеріміздің негізі туралы еріксіз ойға берілесің. Біз қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу тарихының ең жауапты кезеңінде республиканы тарихи өзгерістер үдерісінде ұлтты ел азаматтары мен Қазақстанның жалпыұлттық бірлігі жолындағы игілікке жұмылдыра білу көріпкелдігі мен қабілетіне ие Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басқаруы табыстардың негізі және қайнар көзі болды деп толық негізде және құқылы түрде айта аламыз.

Қазақстандықтардың келешек буыны Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлы уақытын біздің мемлекеттілігіміздің алтын дәуірі деп атайды және тарихшы ретінде оған сенімім мол.

Марат ӨТЕУБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ресей жаратылыстану академиясының профессоры.

«Егемен Қазақстан», 22 қараша 2014 жыл.

ҒАСЫР ЖОБАСЫНЫҢ ҒАЛАМАТ ЖЕМІСІ

2005 жылдың сәуір айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келгенде алғашқы аялдаған жері Арал қаласы болды. Мемлекет басшысы мұнда қайта жарақтандырылған су құбырының пайдалануға беру рәсіміне қатысты. Халықты таза сумен қамтамасыз ететін осы нысанды іске қосып тұрған сәтінде Елбасы: – "Мен Аралға көмек көрсетемін деген арманыма жеткеніме қуаныштымын. Осыдан он жыл бұрын мұндай жобаны қиял түрінде ғана көз алдымызға елестетуші едік. Бұл – Арал өңірін экологиялық, әлеуметтік тұрғыдан сауықтыруға бағытталып отырған маңызды жоба. Әрине, мұның барлығы экономиканың өркендеуінің, еңсемізді тіктеп алуымыздың, тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болды. Көкарал бөгетінің құрылысы аяқталғанда қосымша 30 млрд. текше метр су айдыны пайда болады. Оның осы өңір халқының тіршілігіне қаншалықты оңды ықпал жасайтынын өздеріңіз бағамдай беріңіздер. Міне, сол шындыққа айналды. Тағы да қайталап айтамын, мен арманыма жеттім. Арал өңіріне жасалып жатқан мұндай қамқорлық еш жерде жоқ екенін ашық мойындауымыз керек. Мемлекет өзінің мүмкіндігі нәтижесінде осындай ірі шараларды жүзеге асыра алды" – деп еді.

Өткен жылы наурыз айында "Оңтүстік өңірлерді дамыту мәселелері туралы" өткен мәжілісте Елбасы Үкіметке "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының екінші кезеңін іске асыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Міне, сонан бері де он жылдай уақыт өтті. Сонан бергі уақыт ішінде бұл бағытта жүзеге асырылған істердің нәтижесі қандай деген сауалдардың туындары шындық. Расында, Елбасының тікелей тапсырмасымен жүзеге асқан "Ғасыр жобасы" атанған "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" (САРАТС) жобасының бірінші кезеңі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа мүмкіндіктер берді. Бұл жоба Дүниежүзілік банк пен республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру арқылы жүзеге асты. Соның нәтижесінде Солтүстік Арал теңізі суының тұздылығы литріне 23-тен 17 граммға дейін төмендеп, су көлемі 15-тен 27 текше шақырымға дейін жетті. Сырдария өзенінің қыс кезіндегі су өткізу қабілеті 650-700 текше метрге дейін жоғарылады. Теңізге құйылатын судың көлемі көбейіп, өңірдегі көптеген балық түрлері айдынына оралды. Суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуі жақсарды. Бұл өз кезегінде көлемі 20-30 мың гектардан асатын ірі көлдердің қалпына келуіне, балық шаруашылығын дамытуға мүмкіндік беріп отыр. Нақты айтқанда, теңізде бұрын жоғалып кеткен балықтың 13 түрі қайта пайда болып, балық аулау көлемі 400 тоннадан 5 мың тоннаға дейін жетті. Теңіз Арал қаласына 75-тен 17 шақырымға дейін жақындады.

Жобаның Арал өңірі үшін әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын жоғары бағалаған Елбасы 2005 жылы бұл істі жалғастыруды тапсырды. Сөйтіп, сол кезден жобаның екінші кезеңінің дайындығы елімізде жүзеге асырылатын басым жобалар қатарына енгізілді. Соның нәтижесінде бірқатар талқылаулардан кейін жобаның құрамы қайта қарастырылып, "САРАТС-2" жобасын іске асырудың екікезеңдік тәсілін қолдану туралы шешім қабылданды. Негізі жобаның екінші кезеңіне сегіз компонент енгізіліп, оның алғашқы кезеңінде алты компонент жүзеге асырылатын болды. Атап айтқанда, бұл кезеңде Қызылорда су торабының сол жағалауындағы шлюз-реттеуішін қалпына келтіру мен облыстың Қазалы мен Қармақшы аудандарында су тасқынына қарсы қорғаныс бөгеттерін салу, Қорғанша және Тұрымбет учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасын түзету, Қазалы ауданының Бірлік ауылы маңында автомобиль көпірін салу қарастырылған. Сондай-ақ, Қамыстыбас пен Ақшатау көлдер жүйелерін қалпына келтіру мен Арал ауданы Қамыстыбас балық өсіру питомнигінің Тастақ учаскесіндегі балық өсіру тоғандарын кеңейту де іске асырылады. Сонымен қатар екінші кезеңде Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру, яғни Көкарал тоспасын Балтық жүйесі бойынша қазіргі 42 метрден 48 метрге дейін биіктету мен Сырдария өзені бассейнінің қазақстандық бөлігінде су ресурстарын басқарушы жұмыс орталығын салу мен жабдықтаудың техникалық экономикалық негіздемелері әзірленетін болады.

Өткен жылы наурыз айында "Оңтүстік өңірлерді дамыту мәселелері туралы" өткен мәжілісте Елбасы Үкіметке "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" жобасының екінші кезеңін іске асыруды қамтамасыз етуді тапсырды.

Биылғы жылы "САРАТС-2 жобасының екінші кезеңі Қазақстанның Су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасына және Үкіметпен бекітілген ҚР әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шаралардың жол картасына енгізілді. Жобаның құны 23,2 млрд. теңге. Бұл жоба 2015-2020 жылдар арасында жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, биылғы шілде айында Қызылорда қаласында Дүниежүзілік Банк және ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі арасында "САРАТС-2" жобасын Дүниежүзілік банк қаражаты есебінен жүзеге асыру бойынша бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Өз кезегінде Дүниежүзілік банкінің бұл жобаны қаржыландыруға қатысуы өңірге инвестиция салудың көбеюіне біршама қозғау салады. Жалпы жобаның 85 пайызын қаржыландыруға Дүниежүзілік банк алдын ала келісімін беріп отыр. Айта кететін жайт, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес Үкіметтің атынан сыртқы көздердің

Негізі "САРАТС-2" жобасын жүзеге асыру Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді деп күтілуде. Атап айтқанда, бұл кезеңде 63 мың гектар болатын суармалы жерлер тұрақты сумен қамтамасыз етіліп, 250 мың гектарға жуық жайылымдар мен шабындық жерлер суландырылады.

қарыз қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жоба тек республикалық бюджеттік комиссия отырысының оң шешімі негізінде ғана жүзеге асырылады. Сондықтан, 2014 жылғы 14 қарашада ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің төрағалық етуімен өткен республикалық бюджеттік комиссияның отырысында "САРАТС-2" жобасын Дүниежүзілік банктің қарыз қаражаты есебінен және республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру мәселесі оң шешімін тапты.

Негізі "САРАТС-2" жобасын жүзеге асыру Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді деп күтілуде. Атап айтқанда, бұл кезеңде 63 мың гектар болатын суармалы жерлер тұрақты сумен қамтамасыз етіліп, 250 мың гектарға жуық жайылымдар мен шабындық жерлер суландырылады. 15 мыңнан аса халық тұратын елді мекендер су басудан қорғалады. Қазалы ауданы Бірлік ауылы маңынан автомобиль көпірін салудың нәтижесінде жыл бойы қауіпсіз автокөлік байланысы қамтамасыз етіледі. Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі және өзен сағасындағы жалпы ауданы 34 мың гектар болатын көлдер сумен қамтамасыз етіліп, Солтүстік Арал теңізінің су басу ауданы 3151-ден 4645 шаршы шақырымға дейін ұлғаяды. Теңіздегі судың көлемі 27,1 текше шақырымнан 51,17 текше шақырымға дейін жетеді. Балық аулау көлемі 30 мың тоннаға жетіп, балық шаруашылығы саласында 3 мыңға жуық жаңадан жұмыс орны ашылады. Теңіз айдыны мен Арал қаласының арақашықтығы 1 шақырымға жетеді. Сонымен қатар, су айдынының алаңы елді мекендерге жетіп, теңіздің кеуіп қалған ұлтанынан ұшқан шаңды тұздар азайып, туризмді дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Ендігі кезекте "Ғасыр жобасын" жүзеге асыруды Үкіметпен бірлесіп, сыртқы заем алу бойынша Дүниежүзілік банкпен келіссөздер жүргізіліп, оны жыл соңына дейін Қазақстан Республикасының Парламентінде ратификациялау бойынша жұмыстар іске асырылмақшы.

Әлемде Қазақстаннан басқа тартылған теңіз айдынын толтырған ел жоқ. Алып дала төсіндегі Кіші Арал күміс айнадай жалтырайды. Жағалаудан жырақтаған жұрт қайта оралды, үміт ояды. Бұл – елін сүйген Елбасының ерен еңбегінің жемісі.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

«МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ» МҰРАТЫ

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы ел тарихындағы жаңа дәуірдің келісті келбетін айқындап берді. Елбасы Жолдауды жариялай отырып, қандай да болмасын өзінің болашағын, даму мақсатын ең жоғары деңгейге көтеруді жоспарлайтын елдердің, оның азаматтарының сол мақсат үшін ауқымды ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаларды жасақтап, экономикалық өсуді қамтамасыз етумен айналысатынын атап көрсетті.

«Мәңгілік Қазақстан» жобасы – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ, оны мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет» деп ашып көрсетті. XXI ғасыр ешбір ел, оның ішінде біздің еліміз үшін де даму жолында жеңіл саяхат болмасы баршаға мәлім. Ел дамуының негізгі өзегі экономикалық дамумен сабақтас. Оған мысал, қазіргі жаһандық дамудың үлгі-көрінісі болып отырған, құрамына 34 ел кіретін Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы дүниежүзілік жалпы ішкі өнімнің 60 пайызынан астамын өндіріп отыр. Сондықтан да көптеген елдер жоғарыдағы елдердің санатына кіруге аса мүдделі. Олар – Бразилия, Қытай, Индия, Индонезия, Ресей, ОАР. Мінекей, біздің Елбасымыздың да алдағы қойып отырған ауқымды міндеті мен ұзақмерзімді мақсаты сол елдердің қатарынан көрініп, халқының өмір сүру сапасын барынша жоғары көтеру болып табылады.

Ел алдында күрделі де, ауқымды міндеттер тұр. Ел экономикасына құйылатын инвестиция мөлшерін жыл сайын жалпы ішкі өнім көлемінен қазіргі 18 пайыздан 30 пайызға көтеріп және жаңашыл ғылыми әдістемелерді кеңінен енгізе отырып сыртқа шығарылатын шикізаттық емес өнімдер көлемін 70 пайызға жеткізуді қамтамасыз ету керек.

Ең бастысы, Қазақстан болашағын – барша халқымыздың, оның ішінде қазіргі жас ұрпақтың, жарқын болашағын құрып, қамтамасыз ету болып табылады. Болашақ жастардыкі – оны құратын әрі дамытатын, сол дамыған елдің жемісін көретін де жастар. Ол үшін басты талап елімізде белсенді де білімді, денсаулықтары мықты жас ұрпақ тәрбиелеп өсіру аға буынның асқақ міндеті болмақ.

Қазір барлық дамыған елдерде жоғары сапалы білім беру жүйесі қалыптасқан. Сондықтан да бізге ең бірінші кезекте ұлттық білім беру жүйесін жақсарту, жаңарту қажет. Ол үшін, 2020 жылға дейін 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды түгелдей мектепке дейінгі білім беру жүйесімен қамтамасыз ету бірінші кезектегі талап болады.

Жалпы орта білім беру аясын жаңадан ашылып жатқан Назарбаев интеллектуалды мектептер деңгейіне жеткізу, оларды бітіріп шығушыларды қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуге үйрету керек. Бұл мамандардың, ел келешегіне үмітпен қарайтын интеллигенция өкілдерінің пікірі.

Сондай-ақ, алдымыздағы үш жыл ішінде елдегі оқу орындарының жетіспеушілігін жоя отырып, барлық мектептерде 2 ауысымды білім беру жүйесіне көшіру жұмысы толық орындалуы қажет. Осымен қатар алдағы, жақын мерзімдерде еліміздің жастарына мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық білім беруді қамтамасыз ету міндеті тұр. Жалпы жоғарыдағы аталған мәселелерді жүзеге асыру шараларын жасап дайындау Қазақстан Үкіметіне жүктелді. Осыған сәйкес аймақтарда да тиісті жұмыстар атқарылатын болады.

Сондай ақ, Жолдау барысында Президент Үкіметке елдегі азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа моделін жасап, енгізуді тапсырды. «Ол тапсырыс 2015 жылдың 1 шілдесінен: денсаулық сақтау қызметкерлеріне 28 пайызға, білім беру қызметкерлеріне 29 пайызға, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлеріне 40 пайызға дейін артуын қамтамасыз ету», – деді Мемлекет басшысы. Осындай елеулі әлеуметтік шаралардың жоғарыда аталған салалар қызметкерлерінің ыстық ықыласына, ризашылық сезіміне бөленгені баршаға аян шара болды және олардың өз істеріне деген жауапкершілігін ұлғайтады.

Экономика қашанда елдің тірегі, оның дамуының басты критерийін айқындайды. Экономика дамуы еліміздің дамуының болашақ кілті. Елбасы әрдайым осы мәселеге айрықша мән береді. Мәңгілік ел идеясында біздің барлық дамуымыздың негізгі қағидаттары осы экономиканың бүгінгі, ертеңгі ахуалымен сабақтасып жатыр.

Бүгінгі ұрпақ, келер ұрпақ оның құндылығын қадірлей білуге міндетті. Осындай құндылықтар туралы жуырда "Нұр Отан" партиясы саяси бюро кеңесінің мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов өзінің "Егемен Қазақстан" газетінде "Елбасы және Қазақ мемлекеттігі" деген мақаласында жан-жақты баяндап берді. Ол рухани сана, білім, діни сенім ел тәуелсіздігінің беломыртқасы іспетті екенін атап көрсете отырып, осы өлшемдер сапалы болған кезде біздің қоғам қандай да ішкі, сыртқы бізге қарсы әрекеттерге дайын тұра алатынын айтты. Осы арқылы ғана біз тәуелсіздігіміздің өлшеусіз құнын, құндылығын сезініп, түсіне аламыз. Сөз жоқ, қандай да елдің,

мемлекеттің, қоғамның өз ішіндегі өзара түсіністігі, тұрмыс әлеуеті ауқатты, болашағына сенім болмайынша мемлекеттің келбеті келісе қоймайтыны анық.

Мемлекеттің құрылымдарын нығайту үшін Елбасы ширек ғасырға жуық ішінде ауқымды жұмыстар атқарды. Елбасының Ұлытаудағы халықпен ой бөлісуі мемлекеттік тарихымызды жаңа тұрғыдан айқындап берді. Бізге қазір әр қазақтың ұлттық, отаншылдық санасын қалыптастыру барынша маңызды болып табылады. Ал, бұл тұрғыда Мемлекет басшысы тарапынан барлық жағдайлар жасалуда. Көптеген салаларға, әсіресе, руханият бағытына мемлекет көптеп қаржы бөлуде. Мемлекет басшысының бастамасымен іске асып жатқан "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасының орасан үлкен рөлін атап өткеніміз жөн. Бұл біздің қазақ мемлекеттігіміз үшін маңызды мәселе болып табылады.

Қандай да болмасын ауқымды да келелі жалпы халықтық істерді орындауда елді ұлы мақсаттарға жетелейтін патриоттық, ұлттық идея керек екені күмәнсіз. «Ол идея – Мәңгілік Ел идеясы» деп көрсетті Елбасымыз. Соның арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. «Еліміз тәуелсіздігімізді тірегі – Мәңгілік Елордамызды қысқа мерзімде тұрғызды. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры – Ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналды. Ендігі Ұрпақ Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Қазақ Елінің Ұлттық идеясы Мәңгілік Ел».

Бұл идеялардың баянды болашағы бар Қазақстан мемлекетінің өсіп-өркендеуі жолында баянды болатынына сенімміз мол.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ҚАРЫМДЫ КЕҢЕЙТЕДІ

Елбасы 2009 жылдың 25 қарашасында облысқа жасаған жұмыс сапары барысында Қызылорда қаласында "Тех Маман" ЖШС-ның мамандарды қайта даярлау оқу орталығының тыныс-тіршілігімен танысты. Міне, сол жерден репортаж ұйымдастыру осы жолдардың авторына тапсырылған еді.

Аталмыш оқу орталығы автожолдар салу және жөндеу жұмыстарына қажетті техникалық және қызмет көрсету кадрларын даярлау, қайта даярлап, біліктілігін арттырумен, сондай-ақ орта мектеп бітірушілерге кәсіптік білім берумен айналысады. Оқу орталығының материалдық-техникалық базасы бүгінгі күн талаптарына сай жабдықталған. Мұнда теориялық сабақтарға арналған бөлмелер, оқу-өндірістік шеберханасы, оқу полигоны бар. Сондай-ақ қажетті техникалары сайлы. Орталық туралы ақпарат алған Нұрсұлтан Әбішұлы көлік инфрақұрылымын дамытудың аса маңызды мәселе екенін атап өтті. Елбасы ғимарат ішінде жергілікті жерден өндіріліп, экспортқа шығарылғалы жатқан өндірістердің инвестициялық жобалары және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімдерімен, жергілікті тауарлар көрмесімен танысты. Осы жерде Елбасыға Қармақшы ауданы «Жаңажол» ЖШС төрағасы Қылышбек Әбішев ауыл шаруашылығы саласын қолдау бағытында жасалған қамқорлыққа алғысын айтты. Елбасы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша алыстағы ауылдарға аттанғалы жатқан бір топ жоғары оқу орындары түлектерімен кездесті. Қармақшы ауданы Ақай елді мекеніне дәрігерлік қызметке келген жас маман Қарлығаш Төлепова ауылдық жерлерге қызметке барған жастарға мемлекет тарапынан қолдау жасалып жатқанына ризашылығын жеткізді. Елбасы ауылдық жерлерді дамытуға аттанған жас мамандарға үлкен сенім білдірді. Соңынан осы жастармен бірге суретке түсті. Сөз жоқ, сол күні «Тех Маман» оқу орталығында болып, Нұрсұлтан Әбішұлымен жүздескен жандардың барлығы да ерекше әсерге ие болғаны анық.

Иә, Елбасының осыдан бес жыл бұрын «Тех Маман» оқу орталығында көлік инфрақұрылымын дамыту туралы айтқан сөздері маңызын еш жоғалтқан емес. Керісінше, жақын күндері ғана Қазақстан халқына жасаған Жолдауы негізінен еліміздің инфрақұрылымдық желілерін дамытуға қатысты болды. Жолдаудың «Нұрлы жол» деп аталуының өзінде үлкен мән жатса керек. Ал Елбасымыз болған «Тех Маман» оқу орталығы содан бері өзінің қызметін мүлтіксіз орындап келеді. Жыл сайын қайта даярлаудан жүздеген тыңдаушылар өтеді. Бүгінде, бұл орталық қызметінің мақсаты аймағымыздағы тасымалдау, ғимарат құрылысы, автокөлік жолдарын салу және жөндеуді жүзеге асыратын мекемелер мен кәсіпорындарға қажетті жұмысшы кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру болып табылады. Осы орталықтың ерекшелігі – оның негізінде оқу ұйымдары түлектерінің кәсіби дайындық деңгейін бағалау және мамандарды сертификаттау, оқу ұйымдарының мұғалімдері мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылатын болады. Үстіміздегі жылдың 11 тамызында ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы басқарма төрағасы Нұржан Алтаев бастаған делегацияның қатысуымен Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы мен «РҒӘО» АҚ Қызылорда облыстық филиалы және «Тех Маман» ЖШС арасындағы әріптестік туралы келісімге қол қояды.

Құрыш қолды құрылысшылар да жергілікті тұрғындар арасынан дайындалады. Жұмыссыз жандарды кәсіби бейімдеу мақсатында кәсіпкерлердің өңірлік палатасы дуальды оқыту жүйесін ендірудің жол картасын жүзеге асыруда. Бүгінде «Тех Маман» оқыту орталығында 100-ге жуық адам қайта даярлау курсынан өтуде. Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жанындағы «Тех Маман» оқу орталығының директоры Серік Толыбаев: «Бізде бульдозер, жол құрылыс машиналарын және трактор, автогрейдер, роторлық экскаватор жүргізушісі, слесарь мамандарды дайындаймыз. Оқу мерзімі 2 айды құрайды», – дейді. Ал бұл мамандық иелері еліміздің инфрақұрылымдық желілерін дамытуға сүбелі үлесін қосатын болады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ТҰЛҒА

ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВ ТУРАЛЫ ШЕТЕЛДІК ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ПІКІРІ

Барак ОБАМА,
АҚШ Президенті:

– Сіздің еліңіз егеменді, тұрақты және өркендеген мемлекет ретінде өзінің дамуында маңызды табыстарға қол жеткізді. Мен Қазақстанға Ауғанстандағы тұрақтылық пен қалпына келтіру ісіндегі ұстанымы үшін ризашылығымды білдіремін және мен Сіздің ұлтаралық және діни төзімділікті ілгерілету жөніндегі күш-жігеріңізді жоғары бағалаймын.

Владимир ПУТИН,
Ресей Президенті:

– Қазақстан халқы өзінің әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік құрылыстағы қол жеткен табыстарын орынды мақтан ете алады. Республиканың халықаралық беделі жылдан жылға артып келеді, қоғамдағы ұлтаралық қатынастар да жетілдіріле түсуде. Ресей мен Қазақстан халықаралық аренадағы, Еуразия кеңістігіндегі аймақтық интеграциялық құрылымдардағы күштерін үйлестіруі өзінің тиімділігін көрсетті.

Ангела МЕРКЕЛЬ,
ГФР Канцлері:

– Жауапты міндеттерді одан әрі атқаруыңызда Сізге зор табыстар мен сәттілік тілеймін. Экономикалық, қоғамдық және саяси реформаларды жүргізуде Қазақстан бұдан былай да Германия тарапындағы қолдауға сенім арта алатын болады.

Хуан КАРЛОС,
Испания саясаткері:

– Сіздің еліңіз осы жылдар ішінде айтарлықтай нәтижелерге жетті. Біздің бірлескен жұмысымыздың арқасында біздің мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастар достық пен ынтымақтастық рухында дамып отырғаны мені ерекше қуантады. Мен Сіздің күш-қуатыңыздың арқасында Қазақстан өміріндегі жаңа кезең тағы үлкен прогреспен және халықтың әл-ауқатының артуымен белгілі болатынына сенемін.

Экмеледдин ИХСАНОҒЛЫ,
саясаткер:

– Жоғары Мәртебелі, Сізге өз елін саяси және экономикалық реформалар жолымен алып келе жатқан басшы ретінде Сізге көрсетілген Қазақстан халқы ұдайы сенім білдіреді.

Жоғары Мәртебелі, Сіздің даналығыңыз бен тәжірибеңіз Өзіңізге Қазақстан халқының келешекте әлеуметтік-экономикалық даму мен гүлдену, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық аренадағы беделінің биік болуына деген ұмтылысын жүзеге асыруға мүмкіндіктер беретініне сенемін.

Пан Ги МУН,
БҰҰ Бас хатшысы:

– Қазақстан Президентінің көреген саясаты болмағанда, бұл өңірдегі халық әлі күнге дейін сынақтардан зардап шегіп отыруы мүмкін еді. Сіздің Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамаңызбен Солтүстік жарты шарда ондай аумақ тұңғыш рет құрылғанын зор ризашылықпен айта аламын.

Ислам КӘРІМОВ,
Өзбекстан Республикасының Президенті:

– Өзбекстанда Сізді Қазақстан тарихының бетбұрыс сәтінде саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың барысына басшылық еткен аса көрнекті мемлекет қайраткері деп біледі. Өзбекстанда Сізді біздің халқымыздың нағыз досы деп біледі әрі өзіміздің өзбек-қазақ қатынастарының серпінді дамуына қосқан үлесіңіз баға жеткізгісіз деп біледі.

Біздің мемлекеттеріміз бен халықтарымыз арасындағы қарым-қатынастар әрдайым тарихымыздың, мәдениетіміздің, тіліміз бен дініміздің жақындығына негізделіп келеді. Біз ғасырлар бойы қатар өмір сүрдік, өмір сүріп келеміз және мәңгілік бірге өмір сүре беретінімізге сенімім кәміл.

Манмохан СИНГХ,
Үндістан саясаткері:

– Барша қазақстандықтардың Сізге соншалықты сеніммен қарауы еңбегіңіздің айқын бағасы болып табылады. Әсем де зәулім Астана – Сіздің жасампаз басшылығыңыздың символы. Мен Қазақстан халқының тамаша өркендеуін, елдеріңіздің бай мәдениетін көрдім. Бізде барлық мәселелер бойынша толық түсініктер бар. Қазақстан өзінің дана және көреген Президентінің басқаруымен табысты дамуын жалғастыратындығына сенімдімін.

Александр ЛУКАШЕНКО,
Беларусь Республикасының Президенті:

– Астана Саммитінің өткізілуі Нұрсұлтан Назарбаев бағындырған ең биік белес болып табылады. Ол бұл белесті жоғары етіп қойды және ондағы өзінің міндеттемелерін тамаша орындап шықты. Мен ЕҚЫҰ-ның саммиттеріне осымен үшінші рет қатысқан саясаткермін. Мұндай жоғары өткен жиынды әлі көргенім жоқ.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлына, өзге де саясаткерлер айтқанындай, бұл Саммит жұмысы барлық сегменттер бойынша керемет ұйымдастырылғанын атап көрсетемін. Неткен тамаша үдеріс, шенеуніктер, қауіпсіздік қызметі, журналистер – бәрі де шынайы достық ниетте қонақжайлылық танытты. Саммит жұмысына ешкім де кедергі жасамады. Біз Қазақстаннан үйренуіміз керек.

Эмомали РАХМОН,
Тәжікстан Республикасының Президенті:

– Ашық-жарқындығы, шыншылдығы, тартымдылығы, адамға деген сүйіспеншілігі – мұның бәрі де Нұрсұлтан Әбішұлының табиғатына тән қасиеттер. Қазақ жұртының, елінің көп ұлтты халқының алдындағы, тарихтың алдындағы жоғары жауапкершілік сезімі оның бойынан әманда ажыраған емес.

Ол ұлы ұйымдастырушы ретінде Қазақстанды кеңестен кейінгі кеңістіктің дамыған мемлекеттерінің біріне айналдырды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саладағы табыстары тағылым аларлық. Нағыз басшы ғана осындай нәтижелерге жете алады, бұл жағынан алғанда, Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқының даусыз басшысы.

Си ЦЗИНЬПИН,
ҚХР Төрағасы:

– Құрметті Президент! Қазақстан ЕҚЫҰ Саммитін өткізу арқылы әлемдік аренаға көтеріліп отыр. Бұл Қазақстан үшін шын мәнінде тамаша жетістік. Асқан даналық таныта білдіңіз. Қазақстанның беделі бұрынғыдан да арта түсті. Бүгінде Астана өзінің саяси Көшбасшысының салиқалы саясатының жемісін көріп келеді.

Ильхам ӘЛИЕВ,
Әзербайжан Президенті:

– Сіздің сайлаудағы жеңісіңіз Қазақстан халқының Сізге деген үлкен сенімінің, халықтың мемлекеттілік пен тәртіпті нығайтуға, қоғам өмірінің барлық салаларындағы түбегейлі қайта құруларды жүзеге асыруға бағытталған бастамаларыңызға деген қолдауының дәлелі болды.

Әзербайжан мен Қазақстанды көп ғасырдан бері жалғасып келе жатқан достық, тату көршілестік пен ынтымақтастық байланыстырады. Мен осы жақсы дәстүрлерге негізделген біздің мемлекетаралық қарым-қатынасымыз тату халқымыз бен елдеріміздің игілігі үшін болашақта да дамиды деп сенемін.

Серж САРГСЯН,
Армения Президенті:

– Сіздің мемлекеттік және саяси бай тәжірибеңіздің нәтижесінде, Сіздің Мемлекет басшысы лауазымында ұстанған саясатыңыздың арқасында Қазақстан бүгінде әлеуметтік-экономикалық дамудың биік белесін бағындырды. Елдің халықаралық аренадағы беделі жыл өткен сайын нығайып келеді. Талас жоқ, бұл Сіздің кемеңгерлігіңіздің нақты дәлелі ретінде бағаланады.

Алмазбек АТАМБАЕВ,
Қырғызстан Президенті:

– Қазақстанда этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудың бірегей үлгісін қалыптастыруда, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Біздер, қырғыздар бауырлас қазақ ағайындардан үлгі алуымыз керек.

ЭНЕРГЕТИКА КӨКЖИЕГІ

“Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Өткен 5 жылда энергетикада индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Соған қарамастан, магистральдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының, орталық және шығыс облыстарында табиғи газдың тапшылығын туындатып отыр. Екі жобаға назар салу керек. “Екібастұз-Семей-Өскемен” және “Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алматы” бағыттарында жоғары кернеулі желілер салу қажет. Бұл қазақстандық электр стансаларының елдің барлық өңірлерін теңдестірілген энергиямен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді”.

Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Қазақстан халқына Жолдауынан.

Шындығында, Елбасы өз Жолдауында еліміздің экономикасындағы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталған Жаңа Экономикалық Саясат туралы жариялады. Осы Жолдауда айтылғандай, соңғы жылдары энергетикада ауқымды жұмыстар жүргізілгенімен, магистральдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын туындатып отыр.

Жалпы, біздің облыста электр энергиясының жетіспеушілігі бар екені жасырын емес. Қызылорда жылу орталығы облысқа қажетті электр энергиясының тек 40 пайызын ғана өндіреді. Ал, қалған 60 пайызды біздер сырт көзден сатып алуға мәжбүрміз. Бүгінде облыс аумағында барлығы 9108 шақырым әуелік және кабельдік электр желілері, 117 қосалқы және 1433 трансформаторлық станциялар бар. Соңғы отыз жылдан бері облыстың электр энергетикасын дамытуға жеткілікті қаржы бөлінбеуінен аталған электр нысандарының 70 пайызының тозығы жеткен. Дейтұрғанмен, соңғы төрт жылда еліміздің экономикасының тұрақты өсуінен 3,9 млрд. теңге қаржы бөлініп, жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Соның ішінде осы уақытта 207 шақырымға жуық электр желілері салынып, 7 тарату пункті мен 22 трансформаторлық стансалар іске қосылды.

2011 жылы жалпысметалық құны 1444,0 млн. теңгені құрайтын “Қызылорда облысының аудан орталықтарын электрмен жабдықтау жүйесін дамыту” жобасы әзірленіп, үш жылдық мерзімде жеті аудан орталығының электрмен жабдықтау жүйесін дамытуды қамту жоспарланды. Атап айту керек, бұл көптеген жылдан бері аудан орталықтарының электр жүйесін қайта жаңғырту бағытында қолға алынған ауқымды іс болды. Үш жылда бұл жобаға барлығы 1226,3 млн. теңге қаржы бөлініп, Арал, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының орталықтары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Арал ауданы Жақсықылыш елді мекенінде электр жүйелері жаңғыртылды.

“Қызылорда қаласында “ПС-35/10” кВ-тық “Жаңаарық”, “Тасбөгет”, “Районнан котельная” қосалқы стансалары қайта жаңғыртудан өткізілді. Нәтижесінде Қызылорда қаласының 50 мыңнан астам халқы сапалы және үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етілді.

2014 жылы “Қызылорда қаласының кернеулігі 10/0,4 кВ электрмен қамту жүйесін дамыту” жобасы бойынша өткен жылы 465,4 млн. теңгеге басталған құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Бүгінде оны қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса Жаңақорған, Шиелі және Қазалы кенттеріндегі электр жүйелерін дамыту жобалары бойынша жұмыстары аяқталуға жақын. Аталған нысандар жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Нәтижесінде, жоғарыда аталған үш кенттің 65 мыңға жуық тұрғыны сапалы электр энергиясын тұтынуға қол жеткізеді.

Сонымен қатар, биыл “Арал”, “Новоказалинск” қосалқы стансаларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Нысандар өтпелі, яғни 2015 және 2016 жылдары аяқталады деп жоспарланған.

Сондай-ақ, 2015-2017 жылдары республикалық бюджеттен қаржыландыруға тиісті министрліктерге жалпы сомасы 7,2 млрд. теңгені құрайтын 11 жоба бойынша бюджеттік өтінім ұсынылды. Атап айтқанда, Төретам кенті мен Ақай елді мекеніндегі электр желілерін, Қызылорда қаласындағы 35/10 кВ “ГМЗ” қосалқы стансаларын, “Силикатная”, “Залинейная”, “Комсомол”, “Промышленная” жаңғырту, Әйтеке би кентіндегі жаңа кварталдар көшелерін жарықтандыру, Төретамдағы №22, Тереңөзек кентіндегі 35/10 кВ қосалқы стансаларын, Ақай ауылындағы №14 қосалқы стансаларды, Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданы және Жосалы-Жалағаш арасындағы электр желілерін жаңғырту жобаларына қаржы бөлу жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар Елбасы Жолдауында бүгінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инвесторлар үлкен қызығушылық танытып отырғанын атап өтті. Ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер ұсыну арқылы олардың барынша тартылуын қамтамасыз ету қажет. Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы керек. Осыған байланысты жылу және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджеттен қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 млрд. теңге бағыттау ұтымды болатынын да айтты.

Елбасының осы тапсырмасына сәйкес бүгінде жалпыұлттық жоспарды әзірлеуге байланысты министрліктер ведомствоаралық жұмыс тобын құрып, алдағы 2015-2019 жылдарға барлық саладағы бағыттарды айқындауға кірісіп кетті.

Жалпы сумен қамту бойынша Елбасының 2020 жылға дейін ауылдық елді мекендердің орталықтандырылған ауыз суға қолжетімділігін 80 пайызға жеткізу тапсырмасына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл көрсеткіш бойынша біздің облыс республикада алдыңғы қатарда.

Өткен жылдың қорытындысымен облыс бойынша барлық 262 ауылдық елді мекеннің 185-і орталықтандырылған ауыз суға қосылды немесе бұл көрсеткіш 71 пайыз болды. 2012 жылы ол 178 елді мекенді қамтып, 69 пайызды құраған еді.



Сонымен қатар Елбасы Жолдауында бүгінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инвесторлар үлкен қызығушылық танытып отырғанын атап өтті. Ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер ұсыну арқылы олардың барынша тартылуын қамтамасыз ету қажет. Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы керек. Осыған байланысты жылу және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджеттен қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 млрд. теңге бағыттау ұтымды болатынын да айтты.

“Ақбұлақ” бағдарламасы бойынша биылғы жылға барлық қаржы көздерінен 8 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде 21 жобаның құрылыс жұмыстарына 4,7 млрд. теңге және ауыз су тарату қызметтеріне берілетін субсидияға 3,3 млрд. теңге бөлінді.

Облысқа трансфертпен берілетін қаржылардан басқа тікелей Су ресурстары комитетінің қаржыландыруымен биылға 2,3 млрд. теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде Жиделі топтық су құбырына 8 елді мекенді қосу жобасына 1,1 млрд. теңге және Талап топтық су құбырына 1,2 млрд. теңге қаралған.

Сонымен қатар, биыл Арал ауданында – Сексеуіл, Қазалы ауданында – Байқожа, Қармақшы ауданында – Тұрмағамбет, Ақай, Жосалы, Жалағаш ауданында – Бұқарбай, Ақсу, Сырдария ауданында – Аманкелді, Ақжарма, Мәлібаев, Бесарық, Шиелі ауданында – Жөлек, Алмалы, Тәжібаев, Жаңақорған ауданында – Түгіскен, Қызылорда қаласында Абай, Айнакөл, Ақжарма, Махамбетов елді мекендерінің ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары басталды. Ал, келер жылы сметалық құны 2,4 млрд. теңге болатын Қазалы ауданының Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының су жүйелерін жаңғырту жұмыстарының құрылысы басталады. Сонымен бірге Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырына қосылған 10 елді мекеннің ішкі су жүйелерін тұтынушыға дейін жеткізу жобасының құрылысы салынады. Сырдария ауданының Сейфуллин елді мекенінің тұтынушыға дейінгі құрылысы да жүргізіледі. Жалпы, биыл жобалау жұмыстары аяқталатын 28 жаңа жобалар 2015-2017 жылдары қаржыландыруға тиісті министрліктерге ұсынылмақшы.

Сондай-ақ, 2014-2015 жылғы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын жүргізу мақсатында “Қызылордажылуэлектрорталығы” МКК-на облыстық бюджеттен 234 млн. теңге қаржы бөлініп 4 қазандық қайта жаңғыртудан өтті. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің жылу жүйесін кейейту жобасы бойынша құны 1 млрд. теңгеден асатын қуаттылығы 5,44 шақырым жылу желілеріне кеңейту жұмыстары атқарылды. Бүгінгі таңда нысанды қабылдау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар жылу беру маусымын үздіксіз өткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қорынан “Оңтүстік қазандық” филиалы үшін 16,4 мың тонна мазут алуға 873 млн. теңге және Қызылорда жылу электр орталығы үшін газ құнын субсидиялауға 378 млн. теңге бөлінді. Ал, 2015 жылы құны 665 млн. теңгеге ұзындығы 2,6 шақырымды құрайтын Қызылорда қаласындағы жылу желілерін қайта жаңғырту бойынша үш жобаны жүзеге асыру жоспарлануда.

Облыстық бюджеттен 75 млн. теңгеге “Қызылордажылуэлектрорталығы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қайта жаңғырту және кеңейту” жобасын мемлекеттік сараптама қорытындысымен техникалық экономикалық негіздемесі әзірленді. Бұл жоба іске асырылған жағдайда электр қуатын 235 МВт және жылу қуаттылығы сағатына 400 гигокалорияға жеткізу, сондай-ақ, аймақтың сыртқы энергия көздеріне тәуелділік жойылып, алдағы уақытта құрылысы салынатын индустриялық-инновациялық кәсіпорындарға қосымша электр энергиясы берілетін болады.

Соңғы жылдары қызылордалықтар үшін тиімді ұйымдастырылған істің бірі ол газбен қамтамасыз ету жайы жандандырылып келеді. Қазіргі таңда, облыс бойынша Қызылорда қаласының 95 пайызы ілеспе газбен қамтамасыз етіліп отыр. Ал, облыстың қалған аудан орталықтары мен қала маңындағы елді мекендерді газдандыру “Бейнеу-Бозой-Шымкент” магистральды газ құбырының бойында қарастырылған бұрыптар арқылы жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Осы орайда айта кету керек, Қызылорда облысын кешенді газдандырудың бірінші кезеңі 2015-2017 жылдары аралығында 21 елді мекенді газбен қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл жұмыстар тиісті дәрежеде жүзеге асырылған жағдайда осы кезеңде Қызылорда облысы халқының 70 пайызын газбен қамтуға қол жеткізіледі. Аталған тапсырманы жүзеге асыру үшін өткен жылы 5 техникалық-экономикалық негіздемені және 10 жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін облыстық бюджеттен 569,5 млн. теңге бөлінсе, бүгінгі күнге 4 техникалық жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, олардың мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды. Қалған жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу жұмыстары ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады.

Сонымен қатар Қызылорда облысының әкімдігі мен “ҚазТрансГаз” АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес барлығы 23 млрд. теңгеге 4 аудан орталығында, яғни, Арал қаласы, Әйтеке би кенті, Шиелі және Жаңақорған кенті мен Байқоңыр қаласына автоматтандырылған газ тарату станцияларының құрылысы мен кварталішілік газ құбырларының құрылысын салу келісілген. Бүгінгі таңда, бес елді мекен бойынша жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобалар жүзеге асқанда облыстың 23 пайызы табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. Ал, қалған сегіз автоматтандырылған газ тарату стансаларының құрылысын салып, елді мекендерді газдандыру жұмыстарын республикалық бюджет есебінен 2015-2017 жылдары аралығында жүргізу жоспарлануда. Сондай-ақ, ағымдағы жылы Жосалы және Сексеуіл кенттерінде АГРС-тар құрылысының жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу үшін 113,9 млн. теңге көлемінде қаржы бөлініп, бүгінде бұл жұмыстар қолға алынған.

Сонымен бірге Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округін және Тасбөгет кентін газдандыру үшін биылғы жылға республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы, облыстық бюджеттен 12 жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін 2015 жылға 381 млн. теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылса, келер жылы Қызылорда қаласындағы газдандырылмай қалған тұрғын үйлерді газдандыру, Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтерін, Белкөл кенттерін газбен қамтамасыз ету үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігіне 1183,4 млн. теңгені құрайтын 4 жоба бойынша бюджеттік өтінім ұсынылды.

2011 жылдан бастап Елбасының бастамасымен қолға алынған “Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған” бағдарламасы аясында көпқабатты тұрғын үйлер жөндеуден өткізіліп жатқандығы белгілі. Бүгінгі таңда Қызылорда облысы бойынша 1096 көпқабатты тұрғын үй бар болса, оның 70 пайызы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Бұл үйлердің көбісі 20-30 жылдан бері жөндеуден өтпеген.

Осы бағдарлама аясында облыс бойынша 81 көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен 1814,255 млн. теңге бөлінді. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласы бойынша жоспарланған 72 үйдің 42-нің жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал қалған үйлердің жұмыстары да аяқталуға жақын. Сонымен қатар, облыстағы 5 аудан бойынша 9 үй де жөндеуден өтті.

Жалпы, алдағы жылы облыс бойынша 115 көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жалпы құны 1762,5 млн. теңгеге Ұлттық экономика министрлігіне бюджеттік өтінім тапсырылған. Негізі облыста 2020 жылға дейін 570 үйді жөндеуден өткізу көзделуде.

Негізі облыстың коммуналдық қызмет көрсету саласында мемлекет пен жекеменшік арасындағы әріптестікті дамыту бағытында биылғы жылдың соңында облыс әкімдігі мен Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында ауыз су мен электр энергиясы және жылу беру кәсіпорындарының жұмысын жандандыру мақсатында кредиттік келісімшартқа қол қою жоспарланып отыр.

Қорыта келе айтқанда, бүгінде облыста тұтынушыларды жарық және жылумен, сондай-ақ, таза ауыз су және газбен қамтамасыз етуде кең көлемдегі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар Елбасы тапсырмасына орай тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту ісі де уақыт өткен сайын қарқын алып келеді. Айналып келгенде, мұның бәрі халықтың тұрғын үй жайлылығын жақсартуға бағытталып отырғаны белгілі. Сондықтан да қазіргі күні кешенді түрде жүргізіліп жатқан бұл істер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛОРДА

Еуразия төрінде орын тепкен Астана қаласының бүгінгі таңда Жер шарында айрықша орны бар. Қазақ елінің бас ордасына айналғанына әлі жиырма жылдың жүзі бола қойған жоқ. Десе де, қазір дүние жүзіндегі дүйім ел Астананы жақсы біледі. Бас қаламыз қысқа уақыт ішінде әлемдік өркениетте өзіндік орнын еншілеп, әлеуметтік, рухани және мәдениет тұрғысында іргелі аймақ ретінде саналып келеді.

1994 жылдың 6 шілдесінде ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев республика астанасын Алматыдан орталық өңірге қарай көшіру туралы идеясын алғаш рет Жоғарғы Кеңес депутаттарының алдында жария еткен екен. Дәл сол күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім-қаулысы қабылданды.

Кейіннен, 1997 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешімі шықты. Соған орай Ақмолаға қарай ресми көштің басы 1997 жылдың күзіне қарай басталды. Осы жылдың 20 қазанында Президент Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялады. 1997 жылғы 8 қарашада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағы Ақмола қаласына жеткізілді. Осы салтанатты шарада Мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «Барлық саяси шешімдер бүгіннен бастап осы қалада қабылданатын болады», - деп ресми жариялаған еді. Көп кешікпей, 1998 жылы Ақмола қаласының аты ресми түрде Астана болып өзгертілді. Елорда мәртебесіне ие болған қала осы уақыттан бастап туған күнін атап өтуді игі дәстүрге айналдырды. Жеті жыл қатарынан мереке 10 маусым күні тойланып келді. Уақыт озған сайын Астана күнінің маңыздылығы артып, ол тек елордалықтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың асыға күтетін мерекесіне айналды. Сол себепті, 2006 жылы Астана қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес және қалалық мәслихаттың шешімімен мерекеге –- Астана күні атауы беріліп, оны атап өту алғашқы тарихи шешім қабылданған күн – 6 шілдеге бекітілді. Ал 2008 жылы «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы заңына» енгізілген өзгерістерге сәйкес, 6 шілде – Астана күні мемлекеттік мерекелер тізіміне енді.

Міне, Астананың тікелей авторы Елбасы Н.Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «Ұлт келбетіне айналған біздің Астанамыз қай жағынан қарағанда да кісі қызығарлықтай, Шығыстың да, Батыстың да айшықтарын қатар қабыстырған қалаға айналып келеді». Сол Астана бүгін 16 жасқа толып, аз ғана жылдың ішінде әлем таныған әсем қалалардың қатарынан көрінді. Сонымен қатар, «Еуразияның қақ ортасында біз орнатқан Астана – Қазақстан халқының дербес таңдауы. Астана – елдің болашаққа салған көпірі. Жаңа қоғамның символы. Біз іс жүзінде жаңа мемлекет орнатуды астанамызды жаңадан салудан бастадық десек те, артықтығы жоқ», - деген болатын бір сөзінде Елбасы Н. Назарбаев.

Шындығында, бүгінгі таңда жер-жаһан Астананы Қазақтың бас қаласы ретінде танып қана қойған жоқ, Еуразия кіндігіндегі ең белсенді орталыққа, әлемдік деңгейдегі шешімдер қабылданатын орталыққа айналғанын да мойындап отыр. Ару Астана төрткүл дүние тамсанатын, әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарыстырып, бой таластыра алатын бас қаласы ретінде қалыптасты. Тәуелсіз Қазақстанның елордасы жұмыр жерді толғандырған тақырыптар талқыланатын, салиқалы саясат, тұғырлы экономика, дінаралық келісім кеңестері өтетін жаһандық орталық дәрежесіне жетті.

Соның айқын дәлеліне келсек, 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп, Астана Саммитін өткізгелі бері Елорданың мерейлі мәжілістер өткізе алатын деңгейі қуаттала түскендей болды. Айбарымызды асқақтатқан Азиаданы қоспағанда халықаралық саяси һәм экономикалық маңызды мәселелер талқыға салынған жиындар, жоғары деңгейде халықаралық шешімдер қабылданған мәжілістер соның айғағы. Бір сөзбен айтқанда, Астана қазақ даласының ғана емес, өңірдің беделін алға сүйреп келеді. Ал «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі секілді жаһандық деңгейдегі басқосулардың алдағы уақытта да өткізілуі елорданың даңқын да арттыра түспек.

Қазіргі кезде елорда халқының саны 800 мың адамнан асты. Қазақстандық менеджмент, экономика және болжамдау институтының зерттеу тобының есептері бойынша 2030 жылға қарай Астананы 1 млн. 200 мың адам мекендейтін болады.

Әрине, қазіргі заманға сай Астананың көркін жаңа сәулеттік ғимараттар ашып тұр, олар қаланың ажарын танымайтындай етіп өзгертті. Нысандарды жобалауға шетелдік сәулетшілер, алдыңғы қатарлы құрылыс компаниялары тартылды. Астананың жобалау базасының дамуына 2000 жылы құрылған жобалау институты – "Астана бас жоспары" МҚК-ның қосқан үлесі зор. 2002 жылы қолайлы инвестициялық хал-ахуалды қалыптастырып, жеке инвесторларды тартуға жол ашқан "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймақты құру туралы Жарлық шықты. Елорданың бас жоспарын жасауына үлкен көңіл бөлінді. Ең үздік бас жоспарына екі конкурс жарияланды. Екінші конкурсқа Ресей, Италия, Жапония, Австралия, Германия, Түркия, Польша, Өзбекстан, Беларус және т.б. елдердің шығармашылық топтары мен шеберлері қатысты.

Жеңіске әлемдік сәулет өнерінің шебері және танымал теоретик Кисё Курокава жетті. Астананы дамыту негізі етіп, сембиоз, метаболизм және абстракциялық символизм идеяларын алды. Жапон сәулетшісі үшін қала – бұл қоршаған ортамен тамаша үйлесіп жатқан жергілікті ландшафтқа көрік беріп тұрған тірі организм. Бұл идея Есілдің жағасында кең далада бой көтеріп келе жатқан Елордаға сәйкес келді. Ең басында-ақ құрылысшылардың алдына қаланы сәулетті, жарық, үйлесімді және ыңғайлы салуға тапсырмалар жүктелді.

Қаланы салуда және оны қайта жаңартуда міндетті түрде әлемнің озық тәжірибелері мен дәстүрлі жетістіктер қолданылды. Бірінші кезекте, шаһардың бұрынғы орталық көшелерін қайта күрделі жөндеуден өткізу, оны елорда мәртебесіне сай жасау міндеті тұрды. Бұл жұмысты жүргізген кезде ашық түстерді көбірек қолдануды тапсырды. Екінші кезекте, Есілдің сол жағалауында арнайы әкімшліктің құрылысы басталды. Келесі жылдың күзінен бастап орталықтың жұмысы толық ұйымдастырылатын болады.

Астананың сәулеттік дамуында британдық шебер Норман Фостердің екі жобасын алуға болады. Біріншісі, Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы және "Хан шатыры" атты сауда ойын-сауық орталығы. Бұл нысан ұлы көшпенділердің озық дәстүрі мен мәдениетін негізге ала отырып бой көтерген. Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы 25 қабаттан тұрады. Оның жалпы көлемі 25,5 мың шаршы метр. Астанадағы Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы сияқты архитектуралық наным нысандары бүкіл әлемде жоқ. Әрине, әртүрлі діни дәстүрлерді бір шаңырақтың астына жинайтын ғимараттар бар, дегенмен, Астанадағы сәулетті сарайдың олардан айырмашылығы – өзара келісім аясында тиімді сұхбат құруға арналған бір ғана алаңқай. Бұл жерге әртүрлі әлемдік діни дәстүрлердің өкілдері қатысатыны, Мәдениет мұражайында, Өркениет Университетінде, 1500 орындықты опера театрында бас қосатыны ақылға қонымды. Бұл – тамашаға қолдау көрсететін төрт мықты тіреуіш – символдық «әлем алақаны». Бұл - діни татулықтың, Қазақстанның еркі мен ашықтығын білдіреді. Пирамида Есілдің сол жағалауы мен оң жағалауын байланыстырады. Құрыш, алюминий, көптеген арнайы шыны конструкциялар, техникалық ғаламат ойлар, сәулет өнеріндегі жаңашылдық – ғимаратты шындығында ғажайыпқа ұқсатады. «Хан шатыры» ойын-сауық орталығы – Астанадағы ғажайып орындардың бірі. Жаңа қаланың солтүстік жағында орын тепкен көздің жауын алатындай екі жүз метрлік сұлу ғимарат қала тұрғындары мен қонақтарының алдынан көшпенді алыптың қолымен тұрғызылған хан шатырлары есіктерін айқара ашып, көпшілікті таңҒалдырды. Бірегей сәулет-құрылыс тұжырымдамасының өзі ежелгі Сарыарқаның қатал климатына бір өзі төтеп беретіндей ойластырылған. Елорданың жаңа ойын-сауық орталығында бірнеше табиғи ландшафт ұсынылды. Жарық, ылғалдылық пен температура жыл бойы бақыланып, ауа райы қатал аймақтың тұрғындары үшін жайлы орынға айналды.

Әділжан ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.

ЭКСПО-2017:
ИГІЛІКТІ ИДЕЯ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛ

Енді екі жылдан кейін біздің елімізде халықаралық айтулы шара өтеді. Ол ЕХРО-2017 халықаралық көрмесі. Мұндай ауқымды шараны Астанада ұйымдастыру туралы ең алғаш Мемлекет басшысы бастама көтерді. 2011 жылғы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеске Қазақстан Республикасының ресми өтінімі тапсырылды. 2012 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Қазақстанның елордасында ХКБ-нің сарапшылар комиссиясымен кездесу өткізіп, оның аясында «ЕХРО-2017» көрмесін өткізу біздің еліміз үшін ұлттық жоба болып табылатынын ерекше атап өтті. 2012 жылғы 12 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас ассамблеясының 151-ші отырысында Астананың ресми таныстырылымы болып өтті.

Халықаралық көрмелер бюросының 161 мүше-мемлекеттері өкілдерінің жасырын дауыс беруі барысында әсем Астана Бельгияның Льеж қаласын басып озып, «ЕХРО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу астанасы болып таңдалды.

Астанадағы «ЕХРО-2017» Орталық Азия аймағы мен ТМД елдерінде өткізілгелі отырған алғашқы халықаралық көрме болмақ. 2017 жылғы 10 маусымнан 10 қыркүйекке дейін созылатын көрмеге әлемнің 100-ге тарта елі және 10-ға жуық халықаралық ұйымдар қатысады деп күтілуде. Жалпы саны 5 миллионнан астам адам келеді. Бұл Қазақстанның халықаралық ілгері жылжуы жолындағы үлкен қадам болмақ. «ЕХРО-2017»-ні өткізу елорданың, сондай-ақ тұтастай алғанда республиканың экономикалық және инфрақұрылымдық дамуын қосымша ынталандыруға қызмет ететін болады.

Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерденбекер емес. Біріншіден, елордамыздың әлемдік деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды. Екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі. Үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті.

– Ең бастысы, Астананы таңдауы – Қазақстанның барша халқының күш-жігерінің нақты жемісі, – деді Президент Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды жеңіспен құттықтау сөзінде. – Енді біздің алдымызда көрмені лайықты деңгейде өткізу міндеті тұр. Бұл еліміз үшін емтихан ғана емес, көрме біздің жасампаз әлеуетімізді ашуға мүмкіндік береді. Астанада ЕХРО көрмесін өткізу республикамыздың инновациялық дамуына серпін береді, – деп атап өтті Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті еліміз осы жауапты миссияны атқарып шығатынына сенім білдірді. Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі.

Бұл көрме бүкіләлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, көрме экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады.

Енді 2017 жылы елордамызда өтетін Халықаралық мамандандырылған көрменің басты ұраны – «Болашақтың энергиясы» болып отыр. Жұмыр жерді мекендейтін 7 миллиардтан астам адамзат планетамызда энергетикалық тапшылықтың күннен күнге белең алып бара жатқанын, барған сайын сұранысы артқан экономика үшін энергия өндірудің экологияны тығырыққа тірегенін ашық мойындап, ұрпақ болашағы балама қуат көздеріне тікелей байланысты болатынын күн тәртібіне барынша батыл қойып отыр. Ендеше, «Астана – ЭКСПО-2017» аясында адамзат ертеңінің негізін айқындайтын энергетикалық қуат көздерінің болашағы шешілмек.

ЭКСПО көрмелері қашан да тыңнан түрен салған ғылыми жаңалықтардың, тосын ойлы өнертапқыштықтың ордасы бола білді. Қай кезде де сол дәуірдің тынысын сездіретін, халықаралық

ЭКСПО қалашығының құрылысы ресми түрде 2014 жылдың 24 сәуірінде Елбасы қалашықтың капсуласын салып, дайындық жұмыстарының тұсауын кескен күннен басталды. Күллі әлем көз тігіп отырған айтулы шараның құрылысы айрықша жауапкершілік пен келелі міндеттерді ұштастырар биік белес екендігі сөзсіз. Соған сай, еліміз үмітін үкілеген ғасыр құрылысын салу міндеті нысандар салуда кәсіби тәжірибеге ие «Sembol Uluslararasi», Mabetex компанияларына, BI-Group холдингіне, «СК Базис» ЖШС-на және AstanaGroup компаниясына жүктелді.

жағдайдың айна-қатесіз көрінісін дөп басатын әлемдік деңгейдегі оқиға еді. 160 жылдық тарихында ЭКСПО көрмелері адамзаттық мәселелерді шешуде ортақ шешім іздеудің, белгілі бір ортақ жол ұсынудың оңтайлы құралы болды. ЭКСПО кейде заманауи өнер сахнасына да айналып, елдің мәдениетін, дәстүрі мен тарихын насихаттау үшін кеңінен пайдаланылады. ЭКСПО көрмелерінің ел экономикасына тигізер оң ықпалы бар. Бұған халықаралық көрмені лайықты деңгейде ұйымдастырған мемлекеттердің тәжірибесі дәлел.

ЭКСПО қалашығының құрылысы ресми түрде 2014 жылдың 24 сәуірінде Елбасы қалашықтың капсуласын салып, дайындық жұмыстарының тұсауын кескен күннен басталды. Күллі әлем көз тігіп отырған айтулы шараның құрылысы айрықша жауапкершілік пен келелі міндеттерді ұштастырар биік белес екендігі сөзсіз. Соған сай, еліміз үмітін үкілеген ғасыр құрылысын салу міндеті нысандар салуда кәсіби тәжірибеге ие «Sembol Uluslararasi», Mabetex компанияларына, BI-Group холдингіне, «СК Базис» ЖШС-на және AstanaGroup компаниясына жүктелді.

Елорданың билік өкілдері алдында тұрған басым міндеттерді белгілеген кездесу барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің құрылысы 2016 жылы толығымен аяқталуы тиістігін баса айтты.

Қазіргі сәтте ұлттық, халықаралық және тақырыптық павильондардың құрылысы қызу жүріп жатыр. Астананың бас жоспары бойынша көрме қалашығына 175 гектар жер аумағы бөлінген. Сонымен бірге, көрме кешені орналасатын аумақтың 42 пайызы павильондарға берілсе, қалған аумақта мәдени шаралар өткізуге арналған ашық және жабық алаңдар орналасады. Қалған аумақта көрмеге қатысушы мемлекеттердің павильондары, үкіметтік емес ұйымдар мен корпоративтік қатысушылардың нысандары, сонымен бірге, «Үздік тәжірибелер аймағы» қоныс тебетін болады. ЭКСПО қалашығы нысандарының құрылысын салуға 8 мердігерлік компания тартылып, олар 38 ірі нысанның құрылысын жүргізеді. Жалпы аймақта барлығы 2000-нан астам, ал көрме аймағында 1200-ға жуық адам жұмыс істеуде. Барлығы 150-ге жуық машина мен техника жұмылдыруда. Кешен құрылысы толығымен 2016 жылдың желтоқсан айында аяқталуға тиіс. Көрме басталатын жаз айына дейінгі жарты жыл дайындық жұмыстарына жұмсалмақ. Бірінші болып 2015 жылдың жазында «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы ұйымдастырушыларының ғимараты аяқталады. Көрменің халықаралық және тақырыптық павильондары ғимараттарының ішінде ең күрделісі – сфера түріндегі бірегей ғимарат ұлттық павильон болып отыр. Диаметрі 80 метр, биіктігі 94 метрді құрайтын ғимарат әлемдегі ең алғашқы толық қамтылған сфера болмақ.

«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ басшысы Талғат Ермегияевтің айтуынша, көрме павильондарының негізгі құрылымдарын салу 2015 жылдың қазан айында аяқталып, одан әрі павильондар ішіндегі әрлеу жұмыстары басталмақ. Келер жылдың қазан айында халықаралық павильондардың негізгі құрылымдарының құрылысы аяқталады. Осылайша, ЭКСПО қалашығының «нөлдік кезеңін» мердігерлік құрылыс ұйымдары белгіленген кестеден ерте бітіруді жоспарлап отыр. Көрме кешенінің нысандарына ақпараттық және коммуникациялық желілер мен технологияларды пайдаланатын электрмен жабдықтаудың жаңғыртылған

Көрмелер нысандары құрылысына инвестициялар тартудан басқа күтілетін экономикалық тиімділік мынада: ЕХРО ауқымында салынатын нысандар болашақта Қазақстанды және оның астанасын ірі халықаралық, көрме және ақпараттық-таныстырылымдық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

жүйесін енгізу көзделген. Бұл тиімділікті, сенімділік пен экономикалық пайданы арттырып, өндіріс тұрақтылығы мен баламалы энергия көзін және қалалық электр желілерінен электр энергиясын таратуды қамтамасыз етеді. Ұлттық компания басшысының мәліметінше, Халықаралық көрмелер бюросының талабына сәйкес, Қазақстан көрмені ұйымдастырушы ел ретінде халықаралық қатысушылардың тұрғылықты жерлерін қамтамасыз ететін болады.

ЭКСПО-ның барлық инфрақұрылымы салынып жатыр. Әуежай мен автобус бекеттерінің құрылысы 2016 жылдың ішінде толығымен аяқталмақ. Сондай-ақ, қалаға келетін меймандарды орналастыру үшін Астананың барша қонақ үй қоры қамтылады. Қонақтардың басым бөлігі ТМД елдері мен Қытайдан, сондай-ақ Еуропа, Түркия мен АҚШ-тан келеді деп жоспарлануда. Осылайша энергетикалық қуат көздерінің болашағы шешілетін халықаралық шараға келушілерге жоғары талғамның, бай мәдениет пен сапалы қызметтің ерекше үлгісі көрсетілмек.

ЕХРО-2017 ірі коммерциялық емес жоба, ол аймақтың және тұтастай алғанда елдің дамуының қуатты катализаторы болмақ. Құрылысқа, туристік инфрақұрылымға, қонақ үй бизнесіне салынатын инвестициядан түсетін кірісті былай қойғанда, көрменің зияткерлік мұрасы Қазақстанды жаңа деңгейге көтеретін болады. Әсем Астананың одан әрі қарыштап өсуіне және бұрынғыдан да өршіл мақсаттарын жүзеге асыруға жаңа серпін алады. Ал қазақстандықтар өз күштеріне және өз елінің мүмкіндіктеріне тағы да көз жеткізе алады.

Елорданының және оның маңындағы аймақтардың шағын және орта бизнесінің дамуы ерекше серпін алады, ең алдымен, халыққа қызмет көрсету, қонақ үй бизнесі және ішкі туризм салаларының ұтары мол. Бұл шара елорданың көрме нысандары мен инфрақұрылымы құрылысына елеулі көлемде жеке инвестициялар тартуға, оларға қызмет көрсетуге ондаған мың жұмыс орындарын құруға, ішкі туризмді дамытуға және елге шетелдік туристер ағынын ұлғайтуға, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік ресурстарын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Көрмелер нысандары құрылысына инвестициялар тартудан басқа күтілетін экономикалық тиімділік мынада: ЕХРО ауқымында салынатын нысандар болашақта Қазақстанды және оның астанасын ірі халықаралық, көрме және ақпараттық-таныстырылымдық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Көрме әлемді қазақстандықтардың көпұлтты мәдениетімен, ежелгі тарихымен, өнерімен, дәстүрлерімен, қонақжайлылығымен таныстырады, әлемдік қоғамдастықтың алдында Қазақстанның туристік тартымдылығын және танымалдығын арттырады. Елорданың мәдени дамуының да маңызы зор. ЕХРО өткізу кезінде Астанада әлемнің түпкір-түпкірінен әртүрлі мәдениеттер үні шырқалады. Көрме аумағында күн сайын концерттер, ұлттық күндер және басқа да ойын-сауық шаралары өткізіледі.

Айтулы шарадан Сыр өңірі де тыс қалмайды. Елбасы тапсырмасына сәйкес «Байқоңыр» ғарыш кешені «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік көрмесіне келетін меймандар мен қатысушылардың назарына ұсынылатын нысандардың қатарына қосылмақ. Бұл бастама қаланы дамытуға септігін тигізіп, әлемнің әр түкпірінен туристердің ғарыш айлағына ағылуына жол ашады. Әрине, сонымен қатар, Қорқыт бабамыздың кешені, Қамбаш көлінің демалыс аймақтары да көрме қонақтарының қызығушылығын тудырары анық.

Қорыта айтқанда, Елбасы ұсынған идея игілікке айналып, еліміздің әлемдік деңгейдегі беделін биіктете түседі.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

КӘСІП

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫН АШҚАН «АҚНИЕТ»

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында көптеген ауқымды шаралар атқарылуда. Елбасының жыл сайынғы қазақстандықтарға арнаған Жолдауларында кәсіпкерлікті қолдауға барынша көңіл бөлініп, нақты тапсырмалар жүктелетіні белгілі. Соның негізінде кәсібін енді ғана қолға алған әрбір азамат мемлекеттің қамқорлығын сезінуде. Мемлекет басшысы таяуда ғана өзінің Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында да кезекті мәрте бизнеске бейжай қарамайтынын байқатты. Және оның дамуына қолайлы жағдай жасау күн тәртібінде тұрған басты мәселелердің бірі екенін жеткізді.

Елбасы Жолдауда шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажеттігін, ол тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететінін айтты. «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді.

Кәсіпкерлік ел экономикасын өркендететін негізгі күш. Сондықтан оған деген қамқорлық та мемлекет тарапынан толастамақ емес. Біздің өңірімізде де «Кәсіпкерлікті дамытудың жол картасы-2020», «Жұмыспен қамту-2020», «Инвестор-2020», басқа да мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында көптеген жұмыстар атқарылуда. Бұлардан бөлек, аймақта 2013 жылдан бері «Ақниет» әлеуметтік серіктестік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарлама әлеуметтік-экономикалық мәнге ие және ауыл инфрақұрылымын дамытуға арналған үздік жобаларды анықтап қолдауға, халық шаруашылығы үшін жағдай жасауға, тұрғындардың бастамаларын іске асыруға, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға және іскерлік белсенділікті қолдауға бағытталған.



Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы сомасы 155 миллиард теңге несие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет»,– деп Елбасы Жолдауда нақтылай түсті. Бұл бизнесті тағы бір серпілтіп тастайтыны белгілі.

Кәсіпкерлік ел экономикасын өркендететін негізгі күш. Сондықтан оған деген қамқорлық та мемлекет тарапынан толастамақ емес. Біздің өңірімізде де «Кәсіпкерлікті дамытудың жол картасы-2020», «Жұмыспен қамту-2020», «Инвестор-2020», басқа да мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру аясында көптеген жұмыстар атқарылуда. Бұлардан бөлек, аймақта 2013 жылдан бері «Ақниет» әлеуметтік серіктестік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарлама әлеуметтік-экономикалық мәнге ие және ауыл инфрақұрылымын дамытуға арналған үздік жобаларды анықтап қолдауға, халық шаруашылығы үшін жағдай жасауға, тұрғындардың бастамаларын іске асыруға, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға және іскерлік белсенділікті қолдауға бағытталған.

«Лукойл Оверсиз Сервис БВ» компаниясының жетекшілігімен жүргізілетін бағдарлама Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарын қамтыды. Байқауға мүмкіндігі шектеулі жандар, жалғызбасты аналар, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылар мен 18-ден 30 жасқа дейінгі жастар қатыстырылды. Бағдарлама аясында «Әлеуметтік кәсіпкер», «Жаңалық», «Қолөнер», «Қамқор», «Бастама» және «Игілік» номинациялары белгіленді. Алғашқы жылы байқауға 1500-ден астам өтініш түскен. Соның ішінде ең жақсы деген 77 жоба жеңімпаз атанып, «Лукойл» компаниясының қайтарымсыз грантына ие болды. Сол жылы бағдарлама нәтижесінде аймақта 17 шаштараз, 5 тұрмыстық техниканы жөндеу сервисі, 10 тігін, кондитерлік цехы мен наубайхана, стоматологиялық кабинет, балалар ойын-сауық кешені, музыкалық мектеп пен балабақша, өзге де бірқатар әлеуметтік жұмыс орындары ашылып, бүгінде халыққа қызмет көрсетуде.

Облыс әкімінің бастамасымен өмірге келген «Ақниет» әлеуметтік жобасы өз кәсібін ашып, ісін бастауға ниеттенген ауыл азаматтарына үлкен қолдау болғаны сөзсіз. Екінші жағынан, елде кіші және орта бизнесті дамытуға жасалған игі қадам болса, оған қоса аудандардың әлеуметтік-экономикалық өсуіне жол ашқаны анық.

Бағдарламаның екінші кезеңі де өзінің сәтті жалғасын тапты. Биыл да бұл жоба жоғарыда аталған үш ауданда жүргізілді. Үстіміздегі жылы «Ақниет» бағдарламасы аясында жарияланған конкурсқа алты номинация бойынша 1151 өтініш түсті. Атап айтқанда, «Қоғамдық кәсіпкер», «Жаңалық», «Қолөнер», мүмкіндігі шектеулі жандар үшін «Қамқор», ауыл жастары үшін «Бастама» және көпбалалы немесе жағдайы төмен отбасының ата-аналары, жалғызбасты аналар үшін «Игілік» номинациясы бойынша қажетті қаржылар берілді. Қонкурс қорытындысында жалпы саны 97 адам жеңімпаз атанып, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды.

Аталған бағдарламаның өмірге келгеніне ауыл тұрғындары дән риза. Оны грант иегерлерін әңгімеге тарту барысында байқадық. Мәселен, Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылының тұрғыны Әйгерім Омарова «Ақниеттің» жеңімпаздарының бірі. Бағдарламаға қатысып, қаржылай көмекке ие болғанға дейін жұмыссыз жүрген. Өз кәсібін ашуды қанша ойлағанымен, қолында қаржысы болмағандықтан тәуекелге бара алмапты. Сөйтіп жүргенде аталған бағдарламаның өмірге келгені жайлы естіп, оның шарттарына қанығады. Өз бизнес жоспарын ұсынған Әйгерім грант иегері атанып, өзі қалаған ісін бастауға мүмкіндік алады. Бүгінде ол шаштараз ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

– Бұған дейін біздің ауылда шаштараз жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру менің көптен арманым болатын. «Ақниет» бағдарламасының арқасында арманымды жүзеге асырудың сәті түсті. Өзіме қажетті қаржыға ие болып, соның негізінде шаштараз қызметін жолға қойдым. Құдайға шүкір, кәсібім өзіме ұнайды, тұрақты тұтынушыларым да баршылық. Осының бәрі облыс әкімінің бастамасымен өмірге келген «Ақниеттің» арқасы. Өзім осы бағдарламаның алғашқы жеңімпаздарының бірі болғанымды мақтан тұтамын, – дейді Әйгерім ағынан жарылып.

Жалағаштық жеңімпаздың бірі – «Еңбек» ауылының тұрғыны Сардар Исмаилов. Бұған дейін жұмыссыздар қатарында болған Сардарға «Ақниет» үлкен сәттілік сыйлады. Қолының епсебі бар жігіт бала-шағасын асырау қамымен әркімнің бұзылған тұрмыстық техникаларын жөндеп жүрген-ді. Арасында осынысын тұрақты кәсіп етіп, өз шеберханасын ашуды ойлап қоятын. Бірақ жоқтық жомарттың қолын байлаған емес пе? Барлығы қаржыға келіп тірелгенде бұл ойы құр қиял болып көрінетін. Алайда «Ақниет» бағдарламасы Сардардың қиялының шындыққа айналуына мүмкіндік берді. Өз бағын сынап көру мақсатында байқауға қатысқан ол қаржылай көмекке қол жеткізді.

– Бүгінде өзім қалаған шеберханамды ашып, жұмысын жүргізіп отырмын. Тоңазытқыш, кір машинасын, тоқ пештерін жөндеумен айналысамын. «Ақниет» бағдарламасына алғысым шексіз. Бұл бағдарламаның біз секілді қарапайым ауыл тұрғындарына беріп отырған көмегі өте зор. Әсіресе, жұмыссыз жандарға үлкен қолдау болмақ. Қарапайым жандарда артық ақша қайдан болсын, қаржысы болмағандықтан кәсіп ашуды тек қиял көретіндер баршылық. Осы орайда «Ақниет» өз кәсібін ашып, кәсіпкерлікті бастаймын деушілерге таптырмас демеуші деп ойлаймын. Сондықтан бағдарламаның ұғымырлы болуын тілеймін, – дейді ол.

Облыс әкімінің бастамасымен өмірге келген «Ақниет» әлеуметтік жобасы өз кәсібін ашып, ісін бастауға ниеттенген ауыл азаматтарына үлкен қолдау болғаны сөзсіз. Екінші жағынан, елде кіші және орта бизнесті дамытуға жасалған игі қадам болса, оған қоса аудандардың әлеуметтік-экономикалық өсуіне жол ашқаны анық.

Беріліп тұрған мүмкіндіктен құр қалмауды ойлап, байқауға қатысқан жанның бірі – Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің тұрғыны Ғалия Алдамжарова. Қайтарымсыз гранттың негізінде ол өзі армандаған стоматологиялық кабинетін ашып, тұрғындарға қызмет көрсетуде.

Бағдарламаға қатысып, жеңімпаз атанған Жалағаш ауданы Ақкыр ауылының тұрғыны Балжан Сатыбалдиева да бүгінде өз кәсібін дөңгелетіп отыр. Ол тігін цехын ашып, тұрғындардың көрпеше, перделерін тігіп, тапсырыстарын сапалы орындайды.

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға баса көңіл бөлінуде. Бұл орайда «Ақниет» бағдарламасының көтеріп отырған жүгі салмақты. Бағдарламаның жүзеге асырылуы нәтижесінде екі жылда облыс кәсіпкерлерінің саны 174-ке артты. Ауыл тұрғындарының арманын ақиқатқа айналдырған «Ақниетке» жұртшылық дән риза.

Айнұр БАТТАЛОВА.

БРИФИНГ

ЖОЛ САЛУДА ЖАҢА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Биылғы жылға облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекен көшелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге республикалық және облыстық бюджеттерден жалпы ұзындығы 209,1 шақырым жол жөндеуге және көпір құрылыстарына бөлінген 11,1 млрд. теңге қаржы толықтай игерілді. Бұл жөнінде облыстық коммуникациялар орталығында журналистермен жүздескен облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Марат Бәйімбетов баяндады.

Марат Серікбайұлы алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Қазақстан халқына арнаған Жолдаунда көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамытуға ерекше басымдық бергенін атап өтті. Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан тапсырмасына орай бүгінде облыста жол жөндеу мен оны күтіп ұстау және жаңа жобаларды іске асыру мақсатында кең ауқымдағы жұмыстар жүргізілуде. Негізі аймағымыздағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 2245,3 шақырымды құрайды. Оның ішінде 13 шақырымы асфальт-бетонды болса, 1217 шақырымы немесе бар жолдың 55 пайызы қара қиыршық тасты, 451 шақырымы қиыршық тасты және 569,5 шақырымы топырақты жолдар. Биылғы жылы атқарылған жұмыстың нәтижесінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық үлесі 57 пайызды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш пайызға артық.

Сонымен қатар биыл Сырдария ауданы Тереңөзек кенті маңында Сырдария өзеніне көпір салынып, ол халық игілігіне пайдалануға берілді. Бұл көпірдің маңыздылығы сол, ол аудан орталығын жеті елді мекенмен байланыстырады. Әрі бұл көпір "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" көлік дәлізіне қосылады. Сондай-ақ, Қызылорда қаласының бас жоспарына сәйкес қаланың сол жағалауын игеру мақсатында облыстың көліктік коммуникациялық кешенінің маңызды бір бөлігі саналатын Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысы да басталды. Бір айта кетерлік жайт, құрылысы 2007 жылдан бастап республикалық бюджеттен қаржыландырылып келе жатқан ұзындығы 74 шақырымдық облыстық маңызы бар "Жалағаш-Жосалы" автомобиль жолының соңғы 27 шақырымы күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді.

Жалпы Елбасы Жолдауы автомобиль жолдары саласында жаңа жобаларды жүзеге асыруға негіз болуда. Соның басты бүгінде республикалық бюджеттен қаржыландыру мақсатында облыстағы стратегиялық маңызы бар 17 жоба ҚР Инвестициялар және даму министрлігіне ұсынылды. Соның ішінде 2015-2016 жылдары "Қызылорда-Жезқазған" автомобиль жолының 59 шақырымына қайта жаңғырту жұмыстары мен аудандық маңызы бар ұзындығы 22 шақырымды құрайтын "Самара-Шымкент-Бекбаул" автомобиль жолының құрылысы бар. Сондай-ақ, аудандық маңызы бар "Бозкөл-Тасарық" автомобиль жолының 22 шақырымын қайта жаңғырту мен Қазалы ауданындағы Әлсейіт учаскесінде және Қармақшы ауданының Ақай елді мекені жанынан Сырдария өзеніне екі көпірлердің жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу мен тағы да басқалар маңызды жобалар қатарына кіргізіліп отыр.

Баршаға белгілі, биыл облыс әкімінің бастамасымен ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес "Қызылорда" қаласының әуежайына халықаралық мәртебесі берілді. Енді бүгінде республикалық және шетелдік әуе компаниялармен алдын ала келіссөздер жүргізіліп, Ресей, Түркия, Қытай және Біріккен Араб Әмірлігі секілді алыс та жақын шетелдерге халықаралық әуе көлігін ашу мақсатында шекара, кеден, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтермен жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде Ресейдің "INVESTAVIA" әуе компаниясымен жүргізген келіссөздер нәтижесінде ағымдағы жылдың желтоқсан айының бірінші онкүндігінде сыйымдылығы 100 жолаушыға есептелген "CRJ" маркалы ұшағымен Қызылорда қаласынан Дубай қаласына тікелей бірінші халықаралық рейсін ұшыру жоспарланып отыр. Әрине, әуежайға халықаралық мәртебесі берілгеннен кейін ол көптеген жұмыстарды жүргізуді қажет ететіні де белгілі. Осы орайда айта кету керек, алда өткізу қабілеттігі сағатына 250 жолаушыны құрайтын Қызылорда қаласының жаңа жолаушы терминал құрылысы салынады.

Негізі облыс әкімінің бастамасымен "Игілік" корпоративтік қорының бюджеттік емес қаражат есебінен жобаның техникалық экономикалық негіздемесі жасалды. Қазіргі күні Қазаэрожоба ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру институты акционерлік қоғамы бюджеттік емес қаражат есебінен терминалдың жобалау-сметалық құжаттамасын аяқтау үстінде. Осы жобаны іске асыру мақсатында облыс әкімдігі мен "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ, "KTZ Express" АҚ, "Байқоңыр" ӘКК" АҚ мен "Қорқыт ата әуежайы" АҚ аралығында келісімге қол қойылды. Соның ішінде "Қазақстан темір жолы" АҚ жобаның 70 пайызын, ал, "Байқоңыр" ӘКК" 30 пайызын қаржыландыруды жүзеге асыратын болады. Айта кету керек облыс әкімдігі тарапынан "Байқоңыр" ӘКК" АҚ арқылы әуежай терминалы құрылысын қаржыландыру мәселесі толық шешімін тапқан. Ал, "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-ның инвестициялық ұсыныстары мақұлданып, оны енді "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ директорлар кеңесіне өткізу жоспарланып отыр.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ЖЕКЕ ОҢАЛТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Аптаның сәрсенбі күні Т.Жүргенов атындағы облыстық шығармашылық үйінің коммуникациялар орталығында ҚР Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаментінің басшысы Төреахмет Жолымбетов БАҚ өкілдеріне атқарылған жұмыстар жайлы есеп берді.

– Елбасының "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауында айтылғанындай, Үкімет алдына барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр. Осыған байланысты келесі жылдан бастап зейнетақы мөлшері 9 пайызға, жәрдемақылар 7 пайызға арттырылатын болды, – деді департамент басшысы. – Ал келер жылдың 1 шілдесінен бастап мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 25 пайызға дейін көбейетін болады. Облыста биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша зейнетақы және әлеуметтік төлем алушылар саны 247500 адамды құрайды, оларға төленген қаржы 39,8 млрд. теңге көлемінде.

Жаңадан зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін ұсынылған құжаттар бойынша қажеттілігіне байланысты айлық табыстарына, еңбек өтіліміне және басқа күмән туғызған құжаттарға аудандық, қалалық, облыстық мұрағаттарға, аймақтағы мекемелерге 62 сұраныс жасалып, тексеру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ ТМД елдерінен және басқа облыстардан түскен 196 сұраныс-хатқа байланысты өңірдегі құзырлы орындарға, мұрағаттарға сұрау салынды.

Халықтың әл-ауқатын жақсарту, олардың қажеттіліктерін өтеу мақсатында жыл сайын "Республикалық бюджет туралы" Заңындағы өзгерістерге байланысты енгізілген зейнетақы және жәрдемақы мөлшері арттырылуда. Мысалы, ҚР "2014-2016 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы" Заңында 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық зейнетақы төлемдерінің мөлшері – 9, жәрдемақы 7 пайызға көбейтілді. Бүгінгі күні ең жоғары зейнетақының мөлшері базалық зейнетақыны қоса есептегенде 67399, орташа зейнетақы – 50400, ең төменгі зейнетақы мөлшері 32186 теңгені құрайды.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртуға байланысты өткен жылы заң қабылданды. Онда бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру, ерікті жарналарын міндетті кәсіби жарналармен алмастыру, зейнет жасын бірегейлендіру, бала күтіміне байланысты еңбек демалысында болған уақытындағы міндетті зейнетақы жарналарын қосымша субсидиялау қарастырылған. Биылғы жыл басынан бастап зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары үздіксіз жүргізілді. Оның аясында ашық есік күндері, семинарлар, қалалық, аудандық кәсіпорын ұжымдарымен, елді мекен тұрғындарымен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Баспасөз құралдары да тиімді пайдаланылды.

Департамент басшысы есепті мерзімде өздеріне және медициналық әлеуметтік сараптама бөлімдеріне өтініш білдірген тұлғаларға барлығы 9126 мемлекеттік қызмет көрсетілгенін атап өтті. Көрсетілген қызметтің басты үлесі мүгедектікті белгілеу мақсатында 77,6 пайыз адамды куәландырудан өткізу болып табылды. Биылғы жылдың 9 айының қорытындысы аймақ бойынша алғашқы рет мүгедек болып танылғандардың саны артқанын көрсетеді. Мәселен, 2013 жылы облыс бойынша алғашқы мүгедектіктің интенсивтік көрсеткіші жалпы халықтың 10000 адамына шаққанда 19,8 пайыз болса, ол қазір 22,3 пайызды құрайды. Алғашқы мүгедектіктің көбеюінде ересектер арасында туберкулез ауруы, балалар арасында туа біткен даму ауытқулары бірінші орында келеді.

Департамент мүгедектерді кешенді түрде оңалту мақсатында оларға арналған жеке оңалту бағдарламасын әзірлеу және оның орындалу тиімділігін қадағалау жұмысын жүргізуде. Алайда, мүгедектерге санаторлық ем қабылдау және психоневрологиялық интернат үйлерінде арнайы әлеуметтік қызмет көрсетудің орындалуы түйінді күйінде қалып келеді.

Сонымен қатар департамент өңірдегі әлеуметтік сала объектілерінің мүгедектер үшін ыңғайлы болуы жолында жұмыстар атқарып келеді. Осыған орай ай сайын "Кедергісіз орта" акциясы өтіп отырады. Оған "Нұр Отан" партиясының, облыстық мүгедектер қоғамының өкілдері қатысады. Оның қорытындысына зер салсақ, салынған құрылыстардың басым бөлігі мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бейімделмеген, яғни кресло-арбаларға арнап орнатылған пандустар нормаға сай емес. Бейімдеу паспортында көрсетілген өзге де іс-шаралар орындалмаған. Жауапты адамдарға тиісті нұсқаулар берілді.

Департаментте азаматтардың 256 ауызша, 107 жазбаша өтініштері қаралып, оларға ҚР заңнамасына сәйкес түсіндірмелер берілді.

Облыстық департамент басшысы Т.Жолымбетов БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА.

ҚАЖЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗДЫҢ БІРІ – ҚАЖЫЛЫҚТЫ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА БАСТАН КЕШКЕН ТЕБІРЕНІСТІ СЕЗІМДЕР МЕН КӨКЕЙГЕ ТҮЙГЕН ОЙЛАР

ҚАЖЫЛЫҚТЫҢ ҚАСИЕТІ ХАҚЫНДА

Қажылық деген – сән-салтанат, қыдыру, серуен, саяхат емес, орындалуы өте ауыр, қиындығы мен машақаты қыруар, әрбір мұсылманның жауапкершілігі аса жоғары парызы – Алланың қатал сынағы.

Ол Алланың бірлігі мен Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хақтығына сену, бес уақыт намаз, ораза, зекеттен кейінгі Ислам дағы бес парыздың ең соңғысы.

Алла тағала: «Құлым мені тану жолында маған қарай бір қадам жасаса, мен оған қарай он қадам жасаймын, он қадам жасаса, мен оған қарай жүгіремін», – дейді.

Қажылық – адамды сабырлылық пен төзімділікке, шыдамдылық пен шүкіршілікке, кішіпейілдік пен ізгілікке тәрбиелейтін теңдесі жоқ құлшылық рәсімдері. Қажылықты дұрыс атқарған адамның бақы дүниедегі сыйы жаннат екенін, ал фани дүниедегі сыйы ретінде үзілмейтін ризық пен кедейліктің ауылынан алыс болуы, сонымен қатар күллі күнә-кемшіліктердің қызған темірге тамған су тамшысындай жойылып, мүминнің анадан туған сәбидей пәк қалыпқа түсетіні жайлы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде айтылған.

«Жаныңды қинамай жаннат қайда, жарқыным?!», деп бекер айтылмаған ғой.

Қажылық парызын өтеуге келген әрбір мұсылман Алланың қадірлі қонағы. Алланың құлына, Алланың құрметті қонағы болудан артық қандай бақыт болуы мүмкін. Олар түр-түсіне, байлығына, мансабына, атақ-дәрежелеріне қарамай бір кісідей жақындасып, жер бетіндегі барша мұсылмандардың қайғы-қасіреттеріне ортақтасуына әрі бірлікте Аллаға ұмтылуларына Жаратқанның өзі мүмкіншілік жасайды.

Қажылық екі рәсімнен тұрады:

Біріншісі – кіші қажылық (умра), екіншісі – үлкен қажылық.

Кіші қажылық - Умра үш парыздан тұрады.

Біріншісі Сауд Арабиясы мемлекетінің шекарасынан Ихрамға (анадан жаңа туғандай дәрежеде) киреді.

Ихрам – қажылықты өтеу үшін киілетін киім. Бұл маталар ақ түсті, ішінен дене көрінбейтін және ешқандай тігіс түспеген, ғағы, тігілмеген болуы керек. Әрбір ниет етуші, мұсылман баласы бұл сәтте бақылыққа аттанар кезде шыны киім киетін кейінпке келіп, тәлбия дұғасын оқиды:

Тәлбия дұғасы: «Сенің алдыңдамын. Ия, Алла сенің алдыңдамын (бұйрығыңды орындаудамын). Сенде ешқандай серік жоқ. Сенің алдыңдамын. Барлық мақтау, нығметтер және патшалық саған тән. Сенде ешқандай серік жоқ».

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) хадисінде: «Кімдекім Алла ризалығы үшін Тәлбия дұғасын айтса, ол адам анадан жаңа туғандай болады, яғни, барлық күнәдан кешіріледі» делінген.

Екіншісі, Меккеге келгеннен кейін Әл-Харам мешітіне барып, алғашқы үш айналымды жеддетіп, қалған төрт айналымды жәй жүріп, Қағбаны жеті рет айналып (тауап) жасау.

Үшіншісі – Сафа мен Мәруа тауларының төрт жүз елу метрлік арасында 7 рет жүріп, жүгіріп өту.

Сосын шашты қысқартып немесе алдырып Ихрамнан шығу парыз.

Үлкен қажылықты өтеу рәсімдері:

Ниет етіп, тағы да Ихрамға кіріп, Мина жазығында түнеп, таңертеңгісін Арафат жазығына барып, Рахман тауында күн батқанға дейін дұға жасап, тілек тілеу. Арафат тауында тұру қажылықтың басты шарттарының бірі. Ал Мина жазығында әлемнің түкпір-түкпірінен келген бес миллионның үстіндегі мұсылмандар әр шатырда 150 адамнан тұрып, үш күн түнейді, дұға, тілек жасайды, шайтанға тас атады.

Арафаттан кейін Мұздалифа жазығына барып, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне сәйкес, ақшам, құптан намаздарын қосып оқып, сонда төсексіз тастың үстінде бір түн түнейді. Таңертең үлкен жамаратқа (шайтанға тас ататын) жерге барып, үлкен шайтанға 7 тас атады.

Әрине, ол жерде шайтан жоқ, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне сай Ибраһим (а. с) Пайғамбарымыздың жасаған амалына сәйкес, әрбір қажы өзінің шайтани пиғылдарынан арылу мақсатында жасалатын құлшылық-рәсім. Осыдан кейін әрбір қажы өзінің құрбандық шалу міндетін орындап, шашын алдырып, Ихрамнан шығады.

Сосын Әл-Харам мешітіне барып, Қағбаны жеті айналудан тұратын тауап құлшылығы атқарылады. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) сүннетіне сәйкес, қайтадан Минаға келіп, түнеп, дұғалар жасалып, тілек тіленеді, ертесіне таңертең айттың екінші күні жамаратқа барып, үлкен ортаншы, кіші шайтандарға тас ату рәсімі орындалады.

Келесі күні осы рәсімдер үшінші рет атқарылады.

Осы рәсімдерден кейін, міндеттелген Меккемен қоштасу тауафы (Қағбаны тағы да жеті рет айналу рәсімі) атқарылып, үлкен қажылық парыздары осылайша толық өтеледі.

Осы кіші және үлкен қажылықтарда жасалатын амалдардың бәрі Ибраһим пайғамбардың жасаған амалдары – салған жолы, өнегесі.

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз Меккеден Мәдинаға көшкеннен кейін 8 жылдан соң Меккеге келіп жасаған алғашқы және соңғы қажылығында Ибраһим пайғамбарымыздың жасаған жоғарыдағы амалдарын қайталап, оны исламның қажылық парызын өтеу шарттары есебінде бекіткен. Бүгінде бұл шарттар бүкіл әлем мұсылмандарының бұлжымас қасиетті, киелі заңына айналған.

Әлемде Меккеден артық қасиетті, киелі жер, қасиетті қала жоқ.

Мекке – Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) кіндік қаны тамған жер, өсіп, өніп, 53 жыл тұрған жер, 40 жасында пайғамбарлық ұлылық, жасампаздық қасиет қонған жер, Алладан құранның аяттары түсіп, Исламның негізі қаланған жер. Сондықтан да Мекке – әлем мұсылмандарының астанасы, бас қаласы. Құран қәрімде Мекке жайлы «Қалалардың анасы» деп бекер айтылмаған ғой.

Мекке – Ибраһим (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың тілек-батасының қабыл болуы арқасында Алланың ерекше сүйіспеншілігіне, қамқорлығына, мейіріміне, шапағатына бөленген қала. Сондықтан да Мекке бұрын да, қазір де, келешекте де, қиямет-қайымға дейін тыныштықтың, берекенің, бейбітшіліктің тұрақты, құтты мекені болып қала бермек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с) өз хадистерінде, дұғаларында былай дейді: «Жер бетіндегі ең жақсы, Аллаһ тағалаға ең сүйікті жер – Мекке қаласы. Сен неткен сүйікімді жерсің! Мен сені керемет жақсы көремін. Егер қуғынға ұшырамағанымда, Алланың әмірі болмағанда сенен ешқайда кетпес едім».

Меккені, Қағбаны, Пайғамбарымызды қорғау үшін Алла тағала оны он екі мың таумен қоршаған. Оның бес мыңы үлкен таулар, жеті мыңы кіші таулар, төбелер. Мекке таулардың ортасындағы бүркіттің ұясы сияқты қала. Мекседе Қағбадан басқа адам қызығатын, оның назарын, көңілін бөлетін, көзін тоқтататын ештеңе жоқ. Аллаға құлшылықтан басқа ештеңе ойламау үшін әдейі осылай жасалған. Теңіз де, көл де, өзен де, орман да, гүл де, жалтыраған, жылтыраған ештеңе де жоқ, 50 градустық ыстық тау, тас.

Сондықтан да залым патшалар, Исламның дұшпандары бұл жерге қызықпайды. Алланың құдіретімен геометриялық өлшеммен келсек, Мекке Сауд Арабиясының қақ ортасында болса, Қағба Меккенің қақ ортасында орналасқан. Сауд Арабиясында 23 млн. халық тұрады, оның 10 млн-ы. арабтар, қалғаны шетелдіктер. Бірде-бір шетелдікке азаматтық берілмейді, тек уақытша рұқсатпен жұмыс істейді. Бірде-бір араб қара жұмыс істемейді, бәрі де үлкенді-кішілі басшылық жұмыстарда.

Мекседе 1870 жылы 70 мың халық тұрған болса, қазір 2 млн. халық тұрады, 1960 жылдан бастап мұнай шыға бастағалы халықтың саны күрт өсуде.

Қағба – Алланың жердегі қасиетті үйі.

Қағба – Исламның тамыры, кіндігі, темірқазығы, бұтағы, жапырағы, әлем мұсылмандарының арманы, ардағы һәм аңсары.

Қағба биіктігі 13 метр тастан салынған ғимарат. Алып жатқан аумағы 145 шаршы метр.

Қағбаның іргетасын ең алғаш Алланың әмірімен періштелер қалаған, оны Адам Ата жалғастырған, Нұх Пайғамбардың топан суынан кейін Ибраһим (с.ғ.с) Пайғамбарымыз бен оның баласы Исмаил қайтадан салып, одан кейін бес рет жөндеуден, жетілдіруден өткен. Ең соңғы рет 1996 жылы жөнделген.

Қағба – бүкіл әлем мұсылмандарының құбыласы. Қағба – жер бетінің кіндігі, адамзаттың ғана емес, күллі жаратылыстың орталығы. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі әрбір мұсылман құбылаға – Қағбаға қарап күніне бес рет намаз оқиды, дұға жасайды, тілек тілейді. Қағба Әл-Харам мешітінде орналасқан, мұнда зәмзәм суы бар. Әл-Харам мешітінінің көлемі 387 мың шаршы метр, бір мезгілде 1 млн. адам намаз оқи алады. 2016-2017 жылдарға көлемі екі есе өсіп, 2 млн. адам намаз оқитын болады. Жер бетінде ең алғаш салынған Әл-Харам мешіті. Ерекше қасиетті орын болғандықтан бұл жерлерде оқылған бір намаздың саубы – 100 мың намаз, яғни, Әл-Харам мешітінде оқылған бір намаздың саубы 55 жыл 6 ай 20 күн бойы үзбей оқыған намаздың саубына тең. Бұл не деген керемет десеңізші?!

ЗӘМЗӘМ СУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

Аллаһтың досы пайғамбарымыз Ибраһим (а.с.) жары Сара анамыздан 85 жасқа дейін перзент көрмейді. Сондықтан ол Сара анамыздың рұқсатымен өзінің күні Ажар анамызға үйленеді. Пайғамбарымыздың 86 жасында дүниеге Исмаил атты ұл келеді. Ажар анамыз ұл тауып, ажарланып, көріктеніп, көңілденіп, абыройлы, беделді бола бастайды. Осы кезде Сара анамызда қызғаныш, күндестік сезім пайда болады. Үш рет пайғамбарымыздан Ажар мен Исмаилды көз көрмейтін, аяқ жетпейтін шөл далаға апарып тастауды талап етеді. Осы кезде Жәбірейіл (а.с.) періште арқылы пайғамбарымызға Алладан Сараның айтқанын орындасын деген үкім келеді. Ибраһим (а.с.) Алланың үкімін орындап, Ажар анамызбен Исмаилды қазіргі Меккенің шөл даласына әкеп тастайды. Ана мен бала азын-аулақ тамақтары, сусындары таусылып, шөлден, аштықтан әбден қалжырап, өлер халге жетеді. Сонда Сафа тауының етегінде тұрған Ажар анамызға Мәруә тауы жағынан сағымданып су көрінеді, жүгіріп барса су жоқ, бұлдыраған сағым болып шығады, енді Мәруә тауының етегінен Сафа тауына қараса, сағымданып тағы да су көрінеді, барса сағым болып шығады, осылайша екі таудың ортасында 450 метр жерге 7 рет жүгіреді. Сол кезде баласының шыңғырып жылап жатқан даусымен қасына жүгіріп келсе, Исмаилдың екі өкшесі тиген жерден 2 бұлақ су атқылап жатыр екен. Сонда Ажар анамыз "Зәмзәм!" (тоқта, тоқта) деп бір бұлақты тоқтатқан екен.

Екінші бұлақ бүгінгі күнге дейін атқылап ағып тұр, қиямет-қайымға дейін аға береді. Бұл Зәмзәм суы ашыққанға азық, шөлдегенге сусын, дертке шипа болып, бүкіл әлем мұсылмандарының игілігіне айналған.

Сондықтан да осы екі таудың арасында сағи жасау (7 рет жүріп, жүгіріп өту) дәстүрі қажылықтың рәсімдеріне енгізілген.

Жылына Меккеге әлемнің түкпір-түкпірінен 6-7 млн. мұсылман қажылыққа келеді. Әрбір мемлекеттегі мұсылмандардың 0,1 пайызына квота (рұқсат) беріледі. Биыл Қазақстаннан қажылыққа 4200 мұсылман барса, әлемнің ең көрікті, керемет жерлеріне 6000 Қазақстан азаматы саяхатқа, демалысқа, қыдырысқа барған.

250 млн. мұсылман тұратын Индонезияда талапкерлер қажылыққа бару кезегінде 20 жылдан бері тұрады екен. Түркияда кезекте он мың мұсылмандар тұрса, Өзбекстанда бұл кезекті бес жыл, Тәжікстан мен Қырғызстанда 2-3 жыл күтуде. Бір Англияның өзінде 1000 мешіт бар, қажылыққа биыл 10 мың адам келеді. Екі миллион мұсылмаы бар Босния мемлекетінен биыл қажылыққа келгендер саны 1200 адам, Сауд Арабиясының өзінде Мекседен басқа қалалардан қажылыққа бес жылда бір рет баруға ғана рұқсат етіледі екен.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жылына Қазақстаннан 150-160 адам қажылыққа барса, қазір бес мыңға жақындады, бұған да шүкіршілік қылайық, ағайын. Тек Қазақстанда ғана қажылыққа кезек жоқ, сондықтан да басқа елдің мұсылмандары қажылыққа біз арқылы барудың жолдарын, амалдарын қарастыруда. Болашақта Сауд Арабиясы мемлекеті жылына қажылыққа 15-20 млн. мұсылманды қабылдауға қажетті жағдай жасау жоспарларын іске асыруда.

Әлемдегі ең үлкен сағат осы Мекседе 2010 жылы салынған. Сағаттың өзінің биіктігі – 40 метр. Жерден 400 метр биіктікте орналасқан. Жерден бастап сағат төбесіндегі айды қосып есептегенде биіктігі 601 метр болады. Салмағы 36 тоннаны құрайды. Сағаттың әрбір беті 43000 шаршы метр. Әр беті 98 млн. бөлік түрлі түсті шыны мозайкамен безендірілген. Минутты көрсететін тілі – 22, сағатты көрсететін тілінің ұзындығы 18 метр, әрбір тілдің салмағы алты тоннадан асады. Түнде сағаттың тілі және барлық беті жарықпен толық қамтамасыз етілген. Бұл ғажайып сағат 30 шақырым қашықтықтан көрінеді.

Кіші және үлкен қажылықтың өтетін жері – Мекке, аяқталатын жері Мәдина. Мекке – әлем мұсылмандарының рухани орталығы, Мәдина – мәдени орталығы болып есептеледі.

Қажылық сапардың соңғы екі күнін ось Мәдина қаласында өткіздік. Мәдина – Араб түбегінің батысындағы Хижаз деген жерде, Қызыл теңізден – 130 шақырым, Мекседен 418 шақырым қашықтықта орналасқан. Ислам мемлекеті алғаш Мәдинада құрылды. Әлемде бүкіл мұсылмандар қасиет тұтатын, тәу ететін үш мешіт бар. Біріншісі, Меккедегі Әл-Харам, екіншісі, Мәдинадағы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) мешіті, үшіншісі Палестина өлкесіндегі Әл-Ақса мешіті. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) өмірінің соңғы 10 жылын өткізген, мүбәрак сүйегі қойылған жер де осы Мәдина қаласы. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с), Абу Бәкір Сыдық және Омар Ибн, Әл-Хаттаб осы Пайғамбарымыздың мешітінде жатыр.

Пайғамбарымыз: «Әл-Харам мешітінде оқылған бір намаз – 100 мың намазға, Пайғамбарымыз мешітінде оқылған бір намаз – 1000 намазға, Әл-Ақса мешітінде оқылған бір намаз – 500 намазға тең болар» деген. Мәдинаның күмбезі, иман үйі, Һижреттің отаны, арам мен адалдың анықталған жері.

Алла тағала періштелер арқылы бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінен топырақ жинатып, оны майдалап, елеп сол топырақтан Адам атаны, оның қабырғасынан Хауа анаңы жаратты. Електен өтпеген топырақтан құрманы жаратты. Сондықтан құрма да құдды адам сияқты өсіп-өнеді, көктеп көгереді, жеміс береді, ауырады, 70-80 жас жасайды, кейбіреуі 100-120 жас жасап сосын өледі. Әлемде құрманың 150 түрі, Мәдинада 15 түрі бар. Ал жаннат жемісі саналатын әжуа құрмасы да осы Мәдинада өседі, оны Пайғамбарымыз өз қолымен еккен. Бұл құрмада дәрумендердің барлық түрі бар, бірнеше ауруға ем. Кімдекім күніне 7 құрма жесе, ол адамға жын-шайтан, бәлежала, ауру-сырқау жоламайды екен. Құрма аталық, аналық болып екіге бөлінеді. Жемісті аналығы салады. Құрма тұқымнан емес, аналықтың бүйірінен өсіп шығады. Оны аналыққа (анасына) жақын жерге отырғызады, қашық жерге отырғызса, өліп қалады. Қазір Мәдинада 20 гектар жерде Пайғамбарымыздың құрма бағы өсіп тұр.

Мәдинадағы ең көркті, ең көркем, ең қасиетті жер – ол Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) мешіті. Ол атшаптырым жерді алып, алтынмен апталып, күмыспен күптелген көрсе көз тоймайтын ғажайып ғимарат. Мешіттің сырты күннің шығуымен бірге ашылып, күннің батуымен бірге жабылатын 10 мыңдаған адам сиятын шатырлармен көмкерілген. Мәдинаға келген мұсылман алдымен Пайғамбарымыздың мешітіне, сосын мешіттің жанындағы «Жаннәтүл - бәқиг» – деп аталатын қабірстанға (ол жерде көптеген ұлық сахабалар, 3-ші халифа Осмән және Пайғамбарымыздың әйелдері, балалары жерленген), Ухуд шаһидтері жерленген қабірстанға, Исламдағы ең бірінші салынған Құба мешітіне, екі құбылалы мешітке, тағы да басқа көптеген тарихи жерлерге зиярат етеді. Осымен қажылық сапары аяқталады.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАЖЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫ КӨБЕЮДЕ

Биыл қажылыққа барған қазақстандықтардың 60 пайызы жастар, үштен бірі әйелдер. Көпшілігі бірінші рет, бірқатары үшінші, төртінші рет, тіптен 10-15-ші рет барған азаматтарды да көрдік. Арағідік әкесін, шешесін жетелеп, арқалап арбаға отырғызып апарған азаматтарды көріп сүйсіндік. Қызылордадан биыл қажылыққа «Атлас» туристік агенттігі арқылы он бес адам бардық. Біздің жолымыз болды. Біз жұма күні Арафат жазығында тұрып, үлкен қажылықтың басты шартын орындадық. Бұл Ақбар (ұлы) қажылық деп аталады екен. Ақбар қажылықтың сауабы 70 рет үлкен қажылыққа барғанмен тең. Бұл тарихта сирек кездесетін жағдай.



Облыстан қажылыққа барғандардың ең үлкені 80-нің сеңгіріне шыққан еліміздің қадірлі ақсақалы Пазылбек Орынбасарұлы болды. Ол кісінің бұл төртінші рет қажылық сапары екен. Пазекең мемлекет ішіндегі мемлекет теміржол саласында 45 жыл табаны таймай нәтижелі, абыройлы қызмет етті. Қатардағы вагон құрастырушысынан, Қызылорда теміржол бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары қызметіне дейін өсті. Теміржолдың генералы атағын алды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты азамат. Балалары мен немерелері ата қәсібін жалғастырып, республиканың теміржол саласында жауапты қызметтер атқаруда. Отбасында бес адам намаз оқиды. Пазекең зейнеткерлікке шыққан күнінен бастап, Алланың ақ жолына түсіп, мұсылмандықтың бес парызын бұлжытпай орындап келеді. Исламның ақ жолын насихаттауда, қажылыққа адамдар дайындауда, шәкірттер тәрбиелеуде ізгілікті, иманды жұмыстар атқаруда. Менің өзімнің де биыл қажылыққа тәуекел етуіме оң әсер еткен де осы Пазекең.

Елге, халыққа үлгі-өнеге болса, осындай ардақты, зиялы ақсақалдарымыздың қатары көбейе берсе деген ниетпен жазып отырмын.

Екінші бір елдің, халықтың назарын аударуға тұрарлық лайықты азамат мүмкіншілігі шектеулі, бірінші топтағы мүгедек білімді, білікті, тәжірибелі дәрігер, сана-сезімі өте сергек, азаматтық жауапкершілігі жоғары, ерік- жігері, қажыр-қайраты мықты, талабы таудай, арманы асқақ Досжанов Қабыл қажы. Ол 1983 жылы жалыңдап тұрған отыз бір жасында тағдырдың тәлкегіне ұшырап, ауыр омыртқа жарақатынан арбаға таңылып, 1-топтағы мүгедекке айналады. Үш жыл бойы үзбей барлық деңгейдегі емхана мен ауруханаларда емделеді, бірақ ештеңе өзгермейді, сол 1-топтағы мүгедектік санатында қала береді. Үш жыл мамандығы бойынша жұмыс іздеп ашпаған есігі, бармаған жері, баспаған тауы жоқ, шарқ ұрады, бірақ одан ешқандай нәтиже шықпайды.

Қайда барса да, сол 1-ші топтағы мүгедек жұмыс істеуге тиісті емес, деген қасқабас қағида алдынан шығады да тұрады. Бірақ Қабыл Алланың бұл қатал сынағын күпіршілікпен емес шүкіршілікпен қабылдап, нағыз азаматтық қайсар мінез танытты, еңілмеді, егілмеді, сынбады. Қайтканде дәрігерлік терең білімім мен мол тәжірибиемді халықтың қажетіне жаратуым керек деген бетінен қайтпады. Ақыры талапты ерге нұр жауар дегендей, 1989 жылы облысымызға іссапармен келген Одақтық денсаулық министрі академик, әлемге белгілі ғалым Е.Чазовтың бір ауыз сөзімен, жеке қолдауымен, тағы да сәтті, батыл жасаған бірнеше қадамдарының арқасында жеке дәрігерлік кәсіпкерлікпен айналысуға облыста, республикада бірінші болып рұқсат алады. Қазір 1996 жылдан бастап Қызылордада ерлі-зайыпты Қабыл мен Мәдинаның жеке емханасы «Досжановтар клиникасы» жұмыс істейді.

Қабыл – бала дәрігері, Мәдина – акушер-гинеколог. Бұл клиникада жылына шамамен 500-600 кісі емделеді. Алдына басы ауырып, балтыры сыздап келген науқастардың жазылмағаны жоқ. Осылайша Досжановтар отбасы халық денсаулығын жақсартуға өздерінің лайықты үлестерін қосып, елдің, халықтың ризашылығы мен рахметіне бөленуде. Қабыл мен Мәдина студент кездерінде отбасын құрып, қырық жылға жуық қол ұстасып өмірдің қызығын да, қиындығын да бірге көріп келеді.

Екі ұл, бір қыз өсіріп, тәрбиелеп, бір ұл мен қызы мемлекеттік қызметте бөлім, басқарма басшылары, ал кенже ұлы Қуаныш банк қызметкері, үшеуі де намаз оқып, ораза тұтады. Өздерінің намазға жығылғандарына төрт жыл, биыл мүмкіншілігінің шектеулілігіне, Исламның шарттарына сәйкес қажылық парыздарын өтеуден босатылуына қарамастан қажылыққа барды.

Жан серігі Мәдина, ұлы Қуаныш Қабылды арбасымен арқалап жүріп, үшеуі де қажылық парыздарын өтеді. Бұл нағыз адамгершілік, азаматтық, мұсылмандық ерлікке пара-пар өнеге емес пе?!

Жары, жан серігі Мәдинаның Қабылды әрдайым пір тұтып, қабағын шытпай отыз жылдың үстінде бағып-қағуы, сүйеу, тіреу болуы, сыйлауы, құрметтеуі, анасындай алақанына салып аялауы кімге де болса өнеге боларлық ұлағатты іс емес пе?! Бүгінде бауыр етінен жаралған балалары бола тұра, республикада 66 қарттар үйінде 7700-дің үстінде қарт қәсірет шегіп отырған заманда Қуаныштың әкесін арқалап қажылыққа апаруы бүкіл жастарға үлгілі үрдіс боларлық жағдай емес пе?

Ер кезегі үшке дейін дегендей, ендігі әңгімемізге арқау болып отырған 71 жастағы Күлзипа Ермаханова. Білімі жоғары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы, бүкіл өмірінде бала, адам тәрбиесімен айналысқан ұлағатты ұстаз, кезінде мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінде, аудандық кеңес атқару комитетінде жауапты қызметтерде болған, үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана. Ұлдары Нұрбол Пірмағанбетов – «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорнында жоспарлау, бақылау департаментінің директоры, Тәуірханы – Павлодардағы Назарбаев мектебінің директоры, қалған төртеуі Алматыдағы «Зерде», Қызылордадағы «Айшуақ» фирмаларын басқарады, жұмыс істейді. Алтауы да Алланың ақ жолына, имандылыққа ерте бет бұрады. 15 жылдан бері намаз оқиды, ораза тұтады. Әкелері Сұлтан Пірмағанбетов бұдан үш жыл бұрын өмірден озған, ұстаз, ораза-намазы түгел кісі болған. Күлзипа ханым да 12 жылдан бері намаз оқып, ораза тұтады екен. Міне, биыл өзінің мұсылмандық, қажылық бесінші парызын өтеп отыр.

Бұл өнегелі отбасы да өз бақыттарын Алланың ақ жолынан, имандылықтан, адал еңбектен тауып отыр деп айтуға әбден болады.

Әрине, бес саусақ бірдей емес, қажылыққа сапарлағандар арасында тұрлі адам кездеседі. Сөзсіз олардың көпшілігі жоғарыда айтылған азаматтар сенімді. Алланың ақ жолына түсіп, мұсылмандықтың бар алғышарттарын мүлтіксіз атқарып, Алланың алдындағы құлшылық, қажылық парызын орындау үшін, біліп, білмей істеген кешіліктеріне кешірім сұрау үшін, балаларының, бауырларының, ағайынның, еліміздің, жұртымыздың, халқымыздың ауызбіршілігі мен тыныштығын, берекебірлігін, баянды бақытын тілеу үшін барғандар. Ешқандай дайындықсыз, жұртқа еріп, еліктеп, жеңіл атақ, абырой мадақ, мансап үшін, қоғамдағы өзінің орнын, дәрежесін, деңгейін көтеру үшін, тіптен сауда-саттықпен айналысу үшін барып жүргендер де жоқ деп айта алмаймыз. Кейбіреулердің қажылыққа қатарынан 15-20 рет баруын, оны халықтың алдында насихаттауын, мадақтауын, марапаттауын құдайға құлшылық етудің үрдісі, үлгісі, өнегесі деп қабылдау күмәнсіз, күдіксіз жайт емес. Соңғы жылдары қажылықты ұйымдастыратын фирмалардың саны күрт өсіп, 20-ға жетуі, оның бірқатарының көлеңкесінде елге, халыққа белгілі азаматтардың, ірі кәсіпкерлердің тұруы осы қасиетті, киелі мұсылмандық парыз – қажылықтың өзі сауда-саттықтың, коммерцияның қолжауғы, құрбаны болып кетпей ме деген күдік те жоқ емес. Қажылықты ұйымдастырушылардың, олардың үгітшілерінің, насихатшыларының, уағыз айтушыларының адамдарды жалпы өмірде шыдамдылыққа, төзімділікке, кешірімділікке үндеуден гөрі, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, бәрінің де қажылықты ұйымдастырушылардың кінәсінен орын алып отырған кемшіліктер мен қателіктерге, ретсіз, жөнсіз қолдан жасалған қиындықтарға кешірімділікпен қарауға жаппай, жамырай үндеуінің, үгіттеуінің басымдығы кімнің де болса назарын аударып, ыңғайсыз ойларға жетелеуі анық.

Сондықтан да мыңдаған қазақстандықтардың қажылыққа бару үдерісіне, оның табиғатына, қажылықты ұйымдастырушы компаниялардың жұмыстарына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен дін комитеті терең талдау-сараптама жасап, бұл маңызды, тағдырлы мәселеде жинақталған проблемаларды шешуі кезек күттірмейтін өткір мәселе деп есептейміз.

Біріншіден: қажылықты өтеу мерзімін 10-15 күнге дейін қысқарту керек. Ең қымбат нәрсе – ол уақыт. Қазіргі қажылықты өтеу мерзімінің 20 күнге кейде тіпте 30 күнге дейін созылуы ретсіз, жөнсіз, қисынсыз деп ойлаймыз.

Екіншіден: қажылыққа баратын адамдардың дайындығы Малайзиядағы сияқты арнайы комиссия арқылы анықталуы керек. Қажылықты әуесқойлыққа, еліктегіштікке, еріккен, желіккендердің ермегіне айналдыруға болмайды.

Үшіншіден: киелі сапарға бару, келу, ішкі жүріп-тұру барысында қажылардың денсаулығын сақтау, сақтандыру және дәрігермен, қажетті дәрілермен қамтамасыз ету, әрбір рәсімнің дер кезінде, келісім-шартқа сай орындалуы, қажылардың құқығының қорғалуы бір жүйеге келтіріліп, заңдастырылуы керек.

Төртіншіден: ең бір өміршең, өзекті мәселе қажылық парызын өтеу кезінде, елде бір төтенше жағдай (өлім-жітім) болғанда қажылардың Отанға мерзімінен бұрын қайту мүмкіншіліктері қарастырылмаған.

Барған күні алынып қойылған жеке куәлігіміз кетерде қолымызға зорға тиді.

Бесіншіден: Қажылық деген жеке адамның, жеке басының ғана ісі емес – Елдік, Халықтық, мемлекеттік үлкен ұлағатты іс.

Өйткені жылына бес мыңға тарта Қазақстан мұсылмандары Меккеге қажылыққа барып, бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінен келетін бес миллионнан аса мұсылмандардың ортасында Қазақстанның көк туын желбіретіп жүріп, Алладан тек өзінің, балаларының, бауырларының аманшылығы мен бақытын ғана емес, күллі елдің, халықтың ауызбіршілігін, тыныштығын, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесінің бүтін болуын, тәңірегінің түгел болуын, ішінде дау болмауын, сыртында жау болмауын, бейбітшілік пен молшылық, баянды бақыт тілейді.

Менің айтайын деп отырғаным, осы елде біздің елшілігіміз бар, консульдық бар, олар егер елден бір ортанқол шенеунік келсе, тайлы-туғымен жапырылып оған қызмет істейді. Олар неге елдің, халықтың атынан келген бірнеше мың мұсылмандарға ат ізін салмайды? Неге олардың бірнеше мыңдаған өз отандастарының тірісімен де, ауруымен де, өлгенімен де жұмысы жоқ? Менінше, олар осы қажылық процесінің басында, қасында, ортасында болып, қордаланған проблемаларды шешуге міндетті деп ойлаймын.

ДІНІМІЗДІҢ ДІНГЕГІ БЕРІК, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Меккеде, Қағбада жылына бір рет қажылықта 5 млннан астам әлем мұсылмандарының жүрегі, тілегі, арманы, мақсат-мұраты, Аллаға деген сенімі, сүйіспеншілігі, үміті, құлшылық ниеті, ықыласы, пейілі жан-тәнімен бір арнаға тоғысып, жердей тербеліп, теңіздей толқып, таудай теңселіп, ормандай тебіреніп, құдіретті ұлы күшке, адамның қиялымен қиыспайтын, санасына сыймайтын, өңі түгілі түсіне де кірмейтін бір таңғажайып құбылысқа куә боласың, таңданасың.

Әлемде ешқашанда, еш жерде, еш жағдайда бірде-бір билік, бірде-бір идея, бірде-бір дін, бірде-бір қран осыншама миллиондаған халықты бір жерге жинап, бір құдайға бағындырып, табындырып, езілдіріп, егілдіріп, көз жасын көл қылып, жылатып-еңіретіп құлшылық жасата алмас еді. Мұндағы Алланың құлдарының әрбір тамшы көз жасы киелі, қасиетті – ол бір теңіздің суы өшіре алмайтын дозақтың отын сөндіреді, деген қағидаға ешқандай күмән келтіруге болмайды.

Бұл Құдайдың шексіз құдіреті, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) негізін қалаған Ислам дінінің керемет белгі, беркесі, сайып келгенде оның жарқын болашығы деп қабылдауымыз керек.

Мен бұрыннан да Исламның тарихынан, табиғатынан, тағдырынан, өткенінен, қазіргі жағдайынан, болашағынан бірқатар хабарым бола тұра, осы қажылықтан кейін көптеген тарихи шындықтарға, керемет уақиғаларға көзім әбден жетті, көңілім толды, бұлжымас оң көзқарасым қалыптасты.

Осы Исламның, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) идеяларының күші, қасиеті, құдіреті, болашағы жөнінде адамзаттың озық ойлы алыптарының Ф.Энгельстің, Бисмарктың, Б.Шоудың, Гетенің айтқандарының ақиқаттығына, олардың көрегенділігіне таңғаласың, тәнті боласың.

Энгельс: «Ислам – адамзат тарихындағы діндердің ең жасы, ең жасампазы, ең ақылға, нанымға, сенімге қонымдысы, ең ғылымға негізделген дін» дейді. Дәл осындай пікірді Д.Неру де білдіреді.

Германияның канцлері, данқты қолбасшы Бисмарк: «Ей, Мұхаммед (с.ғ.с), сенің ғасырында тумағаныма қатты өкінемін. Адамзат сен сияқты ерекше тұлғаны бірақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Мен сенің алдыңда құрметпен басымды иемін», дейді.

Б.Шоу: «Егер қазіргі әлемдегі басқару құқы Мұхаммед (с.ғ.с) секілді бір адамға берілетін болса, ол барлық мәселелерді майдан қыл суығрғандай оп-оңай шешер еді және бұл шешімдер сондайлық тыныштық пен бақыт әкелер еді. Мен ертеңгі Еуропаның Мұхаммед (с.ғ.с) дінін қабылдайтынын болжаймын, тіпті Еуропа оны қазірдің өзінде қабылдай бастады» деген

Гете: «Біздер, Еуропа халықтары, мәдениетіміз айрықша дамығанымен, хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с) ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды және бұдан кейін де одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес», дейді.

Осы исламды Л.Н.Толстой, Эйнштейн, Гете, Байрон Мұхаммед Әли сияқты бүкіл әлемге белгілі жазушылардың, ғұлама ғалымдардың, ақындардың, философтардың қабылдауы, бір Эйнштейннің өзімен бірге 13 мың адамға Исламды қабылдатуы, атышулы физик Ньютонның өз өмірінде ғылымдағы ашқан жаңалықтарын тәрк етіп, Құдай бар деп бас әріппен жазып леп белгісін қоюы, бүгінгі күні Франциядағы Сарбони университетінің мәндайшасында «Құдай бермесе, саған университет ештеңе бермейді» деп жазып қойылуы, Пушкин

БЕЙБІТ КҮННІҢ ТІЛЕКШІСІ

Елдің арасында Ұлы Отан соғысы деген атаумен белгілі сұрапыл жылдардың адамзат баласына тигізген зардабы аз емес. Сол бір кезеңде қаншама адамның қаны төгілді. Жер жастанып, өзге топырақта мәңгілік мекенін тапты. Соғыста қаншама адамның тағдыры осылайша өрбіді. 1939 жылы басталған екінші Дүниежүзілік соғыста неміс басқыншылары Батыс Еуропа елдерінің көбісін өздерінің қарауына алғаннан кейін, әлемдегі социалистік мемлекеттің бірі – КСРО-ны басып алуға дайындыққа кірісті. 1940 жылы 18 желтоқсанда КСРО-ны қысқа мерзімде басып алу мақсатында дайындалған «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Германия КСРО-ға қарсы негізінен үш бағытта шабуыл жасап, 8-10 апта ішінде соғысты аяқтау керек болды. Бірінші бағыт – Ленинград, екінші бағыт – Мәскеу, үшіншісі – Киев қалалары. Соғыстың түпкі мақсаты – социалистік ел КСРО-ны жою еді.

Күркіреген күндей өткен соғыста біздің аталарымыз да отансүйгіштік сезіммен қолына қару алып, қаскөйлікпен лап қойған жат пиғылды жауға қарсы тойтарыс беруге атсалысты. Қанша қиындық көрсе де, елдің тыныштығы үшін күндіз-түні кірпік ілместен майдан даласында ерен ерлік көрсеткен ерлеріміз аз емес. Содан бері де талай жылдар өтті. Өмір атты ұлы көш алға жылжып, сол жылдарда жастық жігермен шайқасқа түскен жауынгерлер замана заңымен карттықтың ауылына атын байлап, олардың алды пәни дүниеден бақылыққа көшті. Келер жылы аға буын мен бүгінгі ұрпақ асыға күтетін Жеңістің 70 жылдық мерекесі жақындап келеді. Елдің арасында сондай мерекеге үлкен құрметпен қадам басатын майдангерлер баршылық. Солардың бірі – Ысқақ Бданов ағамыз.

АҒАЙЫННЫҢ АҚЫЛШЫСЫ

Абыздық жасқа жеткен Ысқақ Бданов ақсақал ағайын-туыстың ардақ тұтар адамына айналған. Өмірден көргені де, көңілге тоқығаны да көп қария елді уәлі сөзімен ұйытып отырады. Биыл сексен жетіні артта қалдырған ағамыз осылайша бір қауым жұрттың ақылшысы болып отыр.

Ағамыздың Арал теңізінің қолтығындағы қоныста кіндік қаны тамған. Аралдың ақжал толқындары әлдилеп өсірді. Алайда, ол кісінің отбасы балықшы емес еді. Әкесі малдың жайын күйттеген шаруа адамы болыпты. Өмір атты ұлы көште ақсақал барлығын да көрді. Елдің басына түскен нәубеттің де бүгінгі тірі куәсінің бірі. Қазалының Майдакөл ауылында өскен ол он беске келгенде колхозға мүше болып кірді. Шаруашылық басшысы Өтеп Өтеғұлов оны кеңсеге қызметке алған екен. Сол тұста білім алған азаматтардың қат кезі емес пе еді?! Өз ісіне мығым ағамыз қызметін дөңгелентіп жүре берген-ді. Арада төрт жыл өткенде ол кісі Арал қаласына оқуға барады. Небәрі жеті-сегіз ай өткенде соғыс хабары елге жетіп, жұрт арасында әбігершілік болды.

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖЫЛДАР

Сол жылдың қазанында жиырма жасқа тола қоймаған балаң жігіт әскер қатарына алынды. Әскерге шақырылған адамдар мінген эшелон алдымен Орынбор қаласына тұмсық тіреді. Осында екі ай бойы жаттығудан өткен жауынгерлер соғысқа аттанып кете барды. Арада көп уақыт өтпей жеңіл жарақат алады. Госпитальда бір айдай емделген ол өзінің әскери бөліміне қайта оралды.

– Бір күні маған командиріміз «үш күндік азығыңды дайында» деген бұйрық берді. Мен оны қалт етпей орындадым. Көп ұзамай жолға шықтық. Жүріп келеміз. Алда – ол, артында – мен. Бір кезде өзеннен қайықпен өттік. Шынымды айтсам, қайда бет түзеп келе жатқанымды білмеймін. Өзен жағасындағы биік төбеге келдік. Онда он шақты адам жүр екен. Осы жерден ат арбаға міндік. Үшеуміз жолға түстік. Бір сәтте командир менен: «Қайда бара жатқанымызды білесің бе?» - деп сұрады. Мен бас шайқадым. Сөйтсем, мені әскери оқытуға алып бара жатқан бет екен. «Сыңақтан өтсең, сонда қаласың» - деді жол бастап келе жатқан командир. Осылайша, қалың орманның ішіне де келіп кірдік. Сол жерде мені тексерді. Біршама сауалдар қойды. Білгенімше, жауап қайырдым, - дейді карт жауынгер.

Ағамыз сынақтан мүдірмей өтіп, сол жерде оқуға қалады. Ол жерде соғыс қаруларын пайдалану, әскери жүру тәртібі және неміс штабтарына барлау секілді көптеген дүниелерді зердесіне тоқиды. Бір күні оларға немістер шебіне өтіп, «тіл» алып келуге тапсырма берілді.

Жол бастаған командирдің қасына Ысқақ ағамызбен бірге тағы бір жауынгер ереді. Түн тастай қараңғы. Олар немістер орналасқан

орынға келіп, аңдысын аңдиды. Бір неміс сыртқары шығып, жан-жағына қарап тұр екен. Бұлар дереу әрекетке кіріседі. Әлгі немістің аузын басып, былайғы жерге алып шығады. Оны немістер де байқап қалған секілді. Дереу соңдарынан оқ жаудырады. Амал-айланың арқасында «тіл» алып келуге шыққан жауынгерлер құтылып шығады. Ағамыз осындай екі-үш іске қатысады. Көп уақыт өтпей, әскери оқу да аяқталады. Ысқақ Бданов взвод командирі болып, бұрынғы өз полкіне қайта оралады.

Бір күнгі шайқаста ағамыздың полкінен көп солдат шейіт болады. Олардың орнына жаңадан жауынгерлер шақырылып, тағы да қиян-кескі соғыс жүрді. Осының арқасында Украинаның бір қаласын жау қолынан тазалайды. Осы ұрыста ағамыз ауыр жарақат алған екен. Ол кісі біраз уақыт әскери госпитальдарда ем алады. Дегенмен, дәрігерлер оған майданға қайта баруға рұқсат етпеді.

Содан кейін ол елге оралуға мәжбүр болады. Елде де қызу қайнап жатқан тіршілік. Жергілікті жердегілер майдандағы жауынгерлер үшін тынымсыз тірлік етіп жатқан болатын. Ауылда бір айдай болғаннан кейін ағамызды колхоз жұмысқа шақырады.

ЕҢБЕКТЕН БЕРЕКЕ ТАПТЫ

Қан майданнан оралған жауынгер енді еңбек майданына араласты да кетті. Бұрынғыдай шаруашылық кеңсесіндегі жұмысына қайта кірісті. Біраз уақыт өткеннен кейін колхоз бастығы оған Қазалы қаласындағы малдәрігерлік мектебіне оқуға жолдама берді. Оны бітіргеннен кейін Қасқақұлан ауылына малдәрігерлік жұмысқа жібереді.

Арада екі жыл өткенде аудан басшылығы орталыққа қызметке шақырыпты. Дегенмен, отбасы жағдайына байланысты ауылдан ұзап шыға алмаған. 1947 жылдан бастап табан аудармастан аудандағы Бөген ауылында мал дәрігері болып қызмет атқарады.

Алпысыншы жылдардың басында Бөген балық зауытына қоймашы болып жұмысқа тұрады. Бұл да өте жауапты жұмыс. Әрбір затқа басыңмен жауап беруге тура келеді. Ағамыздың алдында жұмыс істеген азаматтардың барлығы бір-екі жылдан артық жұмыс істей алмаған көрінеді. Өз ісіне мұқият жан аталмыш қоймада он алты жыл бойы қызмет атқарыпты. Балықшыларға арналған қоймада осылайша адал еңбектің арқасында ұзақ жылдар бойы несібе терді. Осы орыннан зейнет демалысына шығады.

«Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» дейді қазекем. Бүгінде теңіз түбіндегі Бөген ауылының ақылшы ақсақалына айналған Ысқақ ағамыз жас буынға әрдайым ақыл-кеңесін аямайды. Небір қиындықты бастан өткерді. Қаншама ауыртпалықты арқалай білді. Қазіргі берекелі тіршілікте ондай заманның келмеске кеткеніне шүкірлік етеді.

Табаны кепкен теңіз жағалаудағы қалың жұрттың еңсесін түсірген жағдай еді. Соңғы жылдары жергілікті жұрт үлкен қуанышқа кенелуде. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмек арқасында теңізді толық көлемде қалпына келтіре алмағанмен, көпшілік көзайым болғанымен, ол ағамызға ауыр тиіп, ауырып жатыр. Аралда Көкарал бөгеті салынып, балықшылар берекелі тіршілігіне қайта орала бастады. Теңізден маржан сүзген қауым бұрынғы кәсібін жандандырып отыр. Олар аға буынның ақылкеңесін алады. Осындай сәттерде Ысқақ ақсақал оларға үнемі сөз жәрдемін береді. Қайсыбір жылдары Елбасының Көкаралға сапары барысында жүздескен жұрттың арасында ағамыз да болды. Теңізге деген жанашыр пейіл танытқан Мемлекет басшысына елдің атынан алғысын білдірді. Ағалық ақ батасын арнады.

Тоқсан жастың төріне озуға жақын қалған ақсақал әлі де тың. Өз кіндігінен өрбіген ұрпағының арқасында бақытты ғұмыр кешуде. Қадірменді қария бес ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді.

Өмір атты ұлы көште мағыналы ғұмыр кешкенге жететін дүние жоқ. Ағамыз жайлы осындай жылы лебіз білдіруге болады. Бұл – кез келген пендеге бұйыра бермес бақ...

Әділжан ҮМБЕТ.

ҚОСТАМНАН ШЫҚҚАН ҚАЙРАТКЕР

Мақала кейіпкері Жүсекең – Жүсіп Бисариев ағамыз 1913 жылдың 5 мамырында Қызылорда облысы, Сырдария ауданына қарасты «Қостам» деген елді мекендегі №17 ауылда дүниеге келіпті. Бұл жерлерде алғашқы артельдер мен ТОЗ-дар, ұжымшар, кейіннен Абай атындағы кеңшар болып, кешегі нарыққа дейін үлкен ауыл болып келді. Қатарынан пысықтау болып өссе керек, бала кезіндегі Қазан төңкерісінің, одан кейінгі ақ пен қызылдың ұрысы жайлы үзік-үзік естеліктер айтып отыратын еді.

Жастайынан хат таныды. Перовскі теміржолындағы депоға слесарь болып жұмысқа тұрып, қанаты қатая түседі. Теміржолшылар училищесін бітіріп келгеннен кейін жұмысын жалғастырып, кәнігі маман болып ысылып қалған еді. Бірақ фин соғысының алдындағы әскерге шақырту тыныш өмірдің өрнегін бұзып жіберді. Елге оралып, паровоз машинисінің көмекшісі болып жүргенінде, Ұлы Отан соғысы басталып, майданға аттанады.

Соғысқа да оқыған адам керек екен. Лейтенант шенін иеленіп, Калинин майданындағы №17 гвардиялық атқыштар дивизиясының №52 гвардиялық полкінің бір ротасын басқарады. Ұрыстағы ерлігі жөнінде майдандас досы П.Новиков 1975 жылдың 22 сәуірінде «Бельская правда» газетінде мақала жариялапты. Онда Жүсекеңнің қаруласы «...1942 жылдың шілде айының басында «Гридинский» төбесін алу үшін немістер барлық техникасын қосты. Әскеріміз жаудың қайта-қайта шабуылына тойтарыс беріп отырды. Осы бір ауыр кезеңде ротаны жауға қарсы көтерген Бисариевті жаудың оғы орып түсті...» деген естелік айтады.

Ағамызды өлдіге санаған қаруластары ауылға «қара қағаз» жіберіпті. Полк командирі мен әскери комиссар, штаб бастықтары қол қойған сол құжат әлі балаларында сақтаулы тұр. Бірақ «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген рас екен. Жауынгер Бисариев қатты жараланғанымен аман қалған еді.

Соғыстан 2 топтағы Отан соғысының мүгедегі болып Жүсіп ағаны жергілікті партия органдары өздеріне қызметке шақырыпты. 1943-1946 жылдар аралығында Қызылорда облыстық партия комитеті әскери бөлімінің әуелде нұсқаушысы болды, кейіннен бөлім басқарады. 1946-1949 жылдарда Қазалы, Арал аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне сайланады. Хатшылық кезінде елдің экономикасы, әлеуметтік дамуына айрықша назар аударып, білікті мамандармен, көнекөз қариялармен қоян-қолтық жұмыс жасайды. Алматыдағы жоғары партия мектебін бітіріп, өмір тәжірибесін біліммен толықтырған ол 1951 жылы Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Майданда да, еңбекте де алдыңғы шептен табылған Жүсекең арада екі жыл салып Сырдария аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Осы қызметтен «Коммунизм», «1 Май» ұжымшарларын басқаруға жіберіледі. Бұл отызмыңдықтар бастамасы бел алған 1955 жыл еді. Кейіннен Қызылқұм жиегінен қой шаруашылығымен

айналысатын жаңа кеңшар ашу туралы Қазақстан Үкіметі шешім қабылдайды. Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов көп ойланбай-ақ жаңа шаруашылық тізгінін Ж.Бисариевке ұстатыпты.

Осылайша 1964 жылдың 7 ақпанында Қызылдың қиясындағы Сырлытам өңірінен ауылдың ірге тоқтар жеріне алғашқы қазықты Жүсекең қақты. «Қызылқұмға шабуыл» атты мақаласында жазушы Ұзақ Бағаев сол кездердегі Жаңадария кеңшарының ұйымдасып, өркен жайғанын айта отырып, Ж.Бисариевтің сөзін келтіріпті: «... Алғашқы көктем қой-қоймен өтті, одан кейінгі көктемдер той-тоймен өтіп келе жатыр». Міне, бұл сөздерден ірге көтерген жаңа шаруашылықтың лебі білінеді.

Ақиық ақын Асқар Тоқмағамбетов «Қыран самғаған жерде» атты толғауға құрылған мақаласында Жаңадария ауылының кешегісі мен бүгіні, келешегі хақында толғанады.

... «Осы кеңшардың ең алғаш негізін қаласып, ыстығына күйіп, суығына тоңып, сексеуілді шөлейттің ортасына қала жасаған Жүсіп оның тарихын айтып тауыса алмайтын тәрізді.

– Екі көктем! 1964 жылдың көктемі және 1967 жылғы көктем. Арада үш жыл ғана уақыт жатыр. Екі көктемді салыстырып көріңіз. 1964 жылдың көктемінде осы арада көшелер тігілген он киіз үй, қатардай салған он шалаш тұрған болса, биылғы көктемдегі көрініс мынау», – деп директор көңілінің түкпіріндегі бір ойын ашқандай күлімдеп қарады». Қаламгерлер осылай баға берген Жүсіп Бисариевтің біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілеті осы Жаңадария ауылының тірлігінен танылды деуге болар.

1969 жылы республикалық дәрежеде зейнеткерлікке шыққан Жүсекең үйде отырып қалмай облыстық қазақ саңыраулар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорынның директоры қызметінде болды. Жасы асып бара жатса да Сыр елі суармалы болғандықтан су мамандығы бойынша сырттан оқып бітіреді.

Соғыстағы ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, Ұлы Отан соғысының бірнеше медальдарымен марапатталды. Сонымен қатар «Еңбектегі ерекше еңбегі» үшін медальмен және «Республикаға еңбегі сіңген қайраткер» деген құрметті атаққа ие болды.

Жүсекең қасына баласы Арыстанды ертіп 1975 жылы Жеңістің 30-жылдық мерекесі қарсаңында майдандастарының шақыруымен Калинин облысындағы Белый қаласына барып қайтты. Өзін өлдіге санаған қаруластары қойған ескерткіш тақта басында суретке түсті. Осы кездесу жайлы жазған майдандас досы П.Новиков өзінің мақаласының тақырыбын «Здравствуй, Юсуф!» деп бастапты.

Онымен қатар қызметтес болған адамдардан «Жүсекең биік талапты, адалдық пен адамгершілікті қатар қоятын, парасатты азамат болды», – деген жылы-жылы сөздерді естиміз.

Қандай міндеттер тапсырылса да адал және шын ниетпен орындап, үлкен бедел иесі бола білді.

Жүсіп ағаның артында жолын жалғайтын 8 баласы қалды. Олар Алмас, Айгүл, Арыстан, Айқын, Сәуле, Еркін, Раушан, Гүлнарлар. Әкеден қалған азаматтық, парасат үлгісі осы балалары мен немерелерінің бойынан көрінеді.

Әрине, жақсының аты өшпейді, ізі жоғалмайды. Көзі кетсе де, ел арасында жақсы ісі жаңғыра береді. Біз білетін Жүсекең – Жүсіп Бисариев осындай жан еді. Мақала соңында абзал ағаның есімін ұлықтау шаралары қолға алынса деген ұсыныс айтқым келеді. Бұл елі үшін еңбек еткен ерен тұлғаға деген шынайы құрмет болар еді.

Мейрамбек ӘУБӘКІРҰЛЫ.

Қазақта «Қазыналы қартың аман болсын» деген аталы сөз бар. Қазақтың көл-дария, дана қарттары – ұлттың ұйыстырушысы ғана емес, келешек ұрпақтың тәрбиелеушісі. Қарияларымыздың қалқайып ортамызда жүруінің өзі ұрпаққа үлгі-өнеге емес пе?! Ұлттық рухты, патриоттықты баласының бойына сіңіруде де ата-әже институтының алар орны ерекше.

КУРСК МАЙДАНЫНЫҢ КУӘГЕРІ

Әрине. Әр ел өздерінің шама-шарқынша қамқорлық танытады. Дегенмен, Қазақстан қарттарға қамқорлық танытудан көшбасшы десек, қателеспейміз. Ардагерлер ұйымдары Отан қорғаушыларды мәңгі есте қалдыру жөнінде қыруар жұмыстар жүргізуде. Барлық облыстық ардагерлер кеңестері жанында арнайы тұрақты, жоспарлы түрде комиссиялар жұмыс жасайды. Олардың құрамына тәжірибелі ардагерлер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар да бар.

Ұлы Отан соғысы – өткен жиырмасыншы ғасырдағы ғана емес, бүкіл адамзат тарихындағы өшпес қайғылы оқиға. Ал, Ұлы Жеңіс – жасампаз мереке. Әрине, әрбір мерекенің өз орны болатыны белгілі. Бірақ Жеңіс күні мерекесінің орны ерекше екенін терең ұғынуымыз керек. Келер жылы жеңістің 70 жылдығын атап өтпекпіз. Бұл – біздің ортақ тарихымыздағы маңызды мереке. Міне, «Біз жендік!» деп сүйіншілеген күнге де 70 жыл толып отыр. Қаншама айлар бойы қаһармандықпен соғысқан миллиондаған адамдардың қатарында қазақ елінің азаматтары да ерлікпен шайқасты. Бауыржан Момышұлы айтқандай, қазақтар және барлық қазақстандықтар фашизмге қарсы соғыста нағыз батырлықтың үлгісін көрсете білді. Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдан алаңдарында фашистік басқыншыларға шайқас жүргізген.

Сол дүниені дүрбеленге салған оқиғаға осынша жыл өтсе де ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмады, ұмытылмайтынын да дәлелдеп отыр. Өйткені, сұрапыл соғыста жауынгерлер Жеңістің сәтті сағатын минуттап күтті. Сол қасиетті жолда қаншама боздақтар қыршынынан қиылды, қаншама отбасы ойран болды. Бүгінгі мерекенің құндылығы мен қымбаттылығы осыдан. Демек, боздақтардың бақытты өмір үшін төккен тері мен аққан қаны бекер кетпеді. Сенімдері мен үміттері ақталды.

Әділетті соғыстағы Жеңіс туы биікке көтеріліп, күні бүгінге дейін шейіт болған жауынгерлердің рух асқақтығының белгісіндей мәңгілік алау маздап тұр. «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген екен даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы.

Азамат сынға түскен шақта кәрі де, жас та қолына қару ұстап елді, жерді қорғап қалуға қан майданға аттанды. Осы соғыста елі үшін ерлік жасаған қарт жауынгерлердің қатары бүгінде сиреп барады. Қан майданның қаһарынан сескенбей, намысты ту еткен батырларымыз соғыс жылдарынан кейін түрлі салаларда жұмыс атқарып, елдің дамуына тағы бір мәрте үлестерін қосты. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай олар туралы бір үзік әңгіме айту оларға деген асқан құрметімізді білдіреді.

Отан қорғаудағы ерен ерліктерімен көзге түсіп, Жеңістің 70 жылдығын тойлағалы отырған ардагер Шәкір Оразбайұлы Әбдіназаров 1923 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Жөлек ауылында дүниеге келген. Бүгінде жеті баланы өсіріп, тәлім-тәрбие беріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған абзал жан. Қазіргі кезде 16 немеренің, 24 шөберенің қызығын қызықтап, солардың ортасында отырған бақытты ата. Қарапайым отбасында дүниеге келген қария өз еркімен елін, жерін, отанын қорғауға 1942 жылы 19 жасында соғысқа аттанып кетеді. Беларуссиядағы Курск майданына кіреді. Маршал К.К.Рокосовскийдің басқарушындағы №885 атқыштар полкінің алдыңғы шебінде ұрысқа қатысады. 1943 жылы пулеметтің оғынан оң қолынан, аяғынан жарақат алып, госпитальға жатады. Чаржу қаласын соғысқа жарамсыз деген дәрігерлердің анықтамасын алып, 1944 жылы сұрапыл шайқастардың бірінде алған ауыр жарақатының салдарынан екінші топ мүгедегі болып елге қайтады. Елге қайтып оралғаннан кейін, сол жылы жұбайы Палайым Оспановаға үйленіп, отбасын құрады. Ардагер бірнеше мамандықты игеріп, әр түрлі салада қызмет атқарады. Шәкір Оразбайұлы заңгер, агроном, бухгалтер мамандығын игерген, өз кезеңінде білімді, өте сауатты болған азамат. Өмірінде еңбек жолын экономист, кадр бөлімінің жұмысы, темір жол саласымен ұштастырып, осы саланың үздік ардагері болған. Шиелі ауданының дамып, өркендеп-өсуіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардагер Шәкір ата бүгінде тоқсаннан асты. Жастайынан қиындықты көп көріп, елі үшін мәңгей терін төгіп, еңбек еткен азаматтардың бірегейі.

Соғыстан келгеннен кейін еңбек жолын Қырғызстан мен Қазақстанға қатынайтын темір жолда тергеушіліктен бастаған қарт Шиелі ауданында сот орындаушысы қызметін де атқарады. Кейінгі жылдары темір жол саласында еңбек етіп, аталмыш саланың ардагері атағын алады. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі» орденімен, «За отвагу» медалімен, екі мәрте «За боевые заслуги», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков медалімен», 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының әр жылғы Жеңістің мерекелік медалдарімен және «Астанға – 10 жыл» медалімен марапатталған.

Көпті көрген, барынша әділ, осы елдің қабырғалы азаматы деп көрсетуге тұрарлық тұлға. Ол дүниесі бай, елі мен халқына қалтқысыз қызмет еткен ер тұлғалы азамат. Қандай қызметтің тізгінін ұстаса да кішіпейілділігімен, білімдарлығымен ерекшеленген. Қашанда халықтың көңілінен шығатын жұмыс жасауға дағдыланған. Өмірде осындай белестерді бағындырып, балашағасын өсіріп, кеңге қанатын жайған қарттың еңбегі ел игілігін арттыруға жұмсалды. Адалдық пен ізгілікті жақсылық пен парасаттылықты өміріне өзек ете білген жан. Міне, ер тұлғалы, сырбаз азаматтың өнегелі өмір жолы осындай. Қай жерде де беделді қызмет атқарған ақсақалдың еңбегі жыл сайын елеусіз қалмайды. 1991 жылы мемлекет өзі тұратын ауылдан үй салып берсе, былтыр қаладағы Титов қыстағынан көпқабатты тұрғын үйден пәтер берілген. Жыл санап асылдарымыздың азайып бара жатқаны жанға қаяу түсіреді.

Десе де, осы кісілер секілді соғысты көзімен көрген, оттың ортасында жүрген, ел үшін, жер үшін жаумен шайқасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне құрмет ерекше болуға тиіс.

Ұлы Жеңіс – халықтар достығының мызғымас бірлігін бейнелейді. Біз олардың қасиетті жолын қастерлеп, оны лайықты түрде жалғастыруға тиіспіз. Бүгінгі жастар бойындағы елжандылық қасиет осындай береке-бірлік негізінде дамып отырғаны анық.

Ардагерлер – кешегі отан қорғаушылар, еліміздің көркеюіне үлес қосып, ерен еңбегімен соңына өшпес із қалдырған жандар. Демек, олардың оқ пен от ортасындағы ерліктері әрдайым ел жадында. Сындарлы жылдарда қазақ пен орыс, украин мен өзбек, грузин мен беларусь, латыш пен әзірбайжан, татар мен башқұрт, тағы да басқа көп ұлтты жауынгерлердің тілі басқа ұлты басқа, ұраны бір жүзі басқа, жүрегі бір останшыл жауынгерлер жұдырықтай жұмылып, жауды да тізе бүктірді. Сол кездегі тылда еңбек еткен әке-шешелеріміз “бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін” деп белін бүгіп, қолын талдырып күні-түні еңбек етті.

Біз қашанда үлкенннің алдынан кесе өтпей, қадірлеп, құрметтеп жүретін халықпыз. Ақылын тыңдап, жақсылығын қолдап, қолдан келгенше көнекөз қариялардың ақ батасын алып өсіп келеміз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», «Жақсының сөзі де аңыз, өзі де аңыз» дегендей, халық тәрбиесінің тұнығынан сусындаған, елін жаудан қорғай білген, соғыс және еңбек ардагерлеріне қандай мақтау айтып, марапаттасақ та еселі еңбегінің қарымын қайтара алмайтынымыз анық.

Сұрапыл соғыста кеудесін оққа тосқан майдангер аталарымыздың еңбегі еш кетпей, бейбітшілік пен бірлігі орнаған тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан біздер бақытты ұрпақпыз. Бүгінде көпұлтты бір тудың астына жұмылдырып, берекелі де татутәтті өмір сүрудеміз. Қазіргі кезде еліміздің болашағы жарқын, мақсаты айқын болып отырғанын сөз жоқ. Шәкір ата секілді құрыштан жаралған туған жер перзенттерінің ерен ерліктері мен еселі еңбектерінің өтеуі.

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА.

ЖҮРЕГІНІҢ ШУАҒЫН ШАШЫП ӨТКЕН

Адам бойындағы қайсарлық негізінен ақыл-ойдың, білім-біліктің, басқа да әлеуметтік күштің көрінісі екені белгілі. Осы бір туабітті қасиет досым Абайділда Дәулетбаевқа өмір бойы серік болып, Ташкенттегі оқуда жүргенде де, 40 жылдан астам еңбек жолында да, 30 жыл басшылық қызмет бабында да ылғи алға сүйреп, қатарынан оздырып отырды. Бұл қайсарлық сонау мектеп қабырғасында-ақ байқалып еді.

Жетінші сыныпта оқып жүрген кезіміз. Үзіліс кезінде сыртқа шықсам, мұғалімдер назарынан қаға беріс мектептің қалтарысында балалар қоршаласып қалған екен. Жақындасам – ортада екеу. Біреуі Абайділда, оның Тереңөзек жақтағы бір разъезден келгеніне көп болған жоқ. Екіншісі қатар сыныпта оқитын Әбсамат Байменов – қаланың баласы. Байқаймын екеуі бір мәселеге келіспей қалған. Сондайды кейде балалар ол кезде жекпе-жекпен шешетін. Екеуі бірер сөз алмасты да, қимылға көшіп кетті. Қоршап тұрғандар сахнада гладиаторлардың айқасын көргендей әсерде. Абайділданың қимылы шалттау болды. Бірер тиген жұдырықтан өз шамасын байқаған екінші ығысып шетке кетті. Айқас тоқтады. Қол сынып, көз шыққан жоқ. Оның үстіне қоңырау соғылып, үзіліс те бітті. Екеуі бет-ауыздарын сүртіп, сыныптарына бет алды. Ер шекіспей, бекіспейді дегендей, екеуі де кейін кек сақтамай, араласып кетті.

1956 жылы «1 Май», кейін Қалтай Мұхамеджанов атындағы мектепті 105 ұл-қыз бітірдік. Оқудың қадірін түсініп, білімнің қасиетін тани бастаған Абайділда ойланбастан Ташкентке тартты. Орта Азия мен Қазақстанның рухани орталығы болған қалада сол кез үшін оқу орындары жеткілікті болатын. Сыр бойынан балалары «наңды қала» деп солай қарай ағытылатын. Мектепте бар сабақтан жап-жақсы білім алған, әсіресе математика-физикаға ықыласты Абайділда емтихандарды ойдағыдай тапсырып, Ташкенттің Ортазиялық политехникалық институтының машина құрастырушы-механика факультетіне түсті. Бұл оқу орны сол кездегі Кеңес Одағының түркі тектес халықтар тұратын үлкен аймағындағы ең мықты жоғары оқу орындарының бірі еді.

1961 жылы Әбекең институтты үздік бітірді. Институт басшылығы оның әрі қарай оқуын жалғастыруды ұсынып еді, бірақ ол елге тартты. Ол кезде қазақ үшін аспирантура оқу үрдіс емес еді. Содан Оңтүстік Қазақстан Кеңес халық шаруашылығына қарайтын Қызылорда қаласындағы «Автотрактродеталь» зауытына жұмысқа келіп, инженер-технолог болып орналасты. Жеті жылда 3, 2, 1-ші дәрежелі инженер-конструктор, зауыттың техникалық бөлімінің бастығы, бас инженері қызметтерін абыроймен атқарып, бірінші басшы – директорына дейін көтерілді. Осы жылдары жаңа цехтар, корпустар, әкімшілік ғимарат, асхана, медпункт салынды. Ұжымның өзінің мал шаруашылығы болды. Сөйтіп он жылдың ішінде зауыт өзінің өндірістік бағытын өзгертіп, республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігіне қарайтын «Қызылорда жөндеу механикалық зауыты» болып қайта құрылып, еліміздегі ауыл шаруашылығы техникасы жүйесіндегі белгілі зауыттардың бірінен айналды.

Сыр бойы күріш өндірісіне аса қажетті «Қызылорда күріш машинасы» тәжірибе-сынақ зауыты қаланың батысына орын тебу жоспарланғанда, облыс басшылығы оның жетекшілігіне инженерлік жұмыстың бар сатысынан өткен іскер Абайділда Дәулетбаевты таңдады. Ойға алғанды жеріне жеткізу, ерінбеу, істі аяқсыз қалдырмау сияқты қасиеттер оның осы ұжымды жиырма жыл басқарған кезінде ерекше ашыла түсті. Кәсіптік дәрежесі жоғары инженерлік талант зауыттың техникалық тірлігінде айрықша көрінді.Төрт өнертапқыштық пен қырықтан астам рационализаторлық ұсыныстардың иесі болды. «Ресей ауыл шаруашылығы машинасы» зауыты шығарған «ЖРК-5» біздің күрішті алқаптарымызға қолайлы бола қоймады. Сол себепті де зауытта арнайы конструкторлық бюро құрылып, оған директордың өзі тікелей басшылық жасап, Ресейдің шыққан техника жергілікті жағдайға икемделіп, «ЖРК-5-м» айтылы күріш жинау машинасы дүниеге келді. Кешегі кеңес үкіметі кезінде күрішті аймақтар үшін бұл зауыт шығарған техникалардың орны айрықша болды. Жоғары сапалы бұл техниканың жылдық өндірісі мың данаға дейін жеткізіліп, ол Украина, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, тіпті, сонау азаттық аралы – Кубаға сапар шеккені әрине, бүгін тарих. Бұл өнім кезінде Мемлекеттік сыйлыққа да ұсынылған болатын. Ал директордың аты өз саласы бойынша берісі республикаға, әрісі Одаққа кеңінен белгілі болды.

А.Дәулетбаев тынымсыз басшы, тамаша ұйымдастырушы болуымен қатар әркез ұжым тәрбиешісі бола білді. Бұл үшін күш-жігерін, қажыр-қайратын, ақыл-парасатын, уақытын әсте аямады. Еш тартынып қалмады, барын салды. Кабинетте ұзақ отыра алмайтын. Ол нені қолға алса да, жұртты шаңына қалдырып, озып жүріп, домаланып жүріп дода бермейтін еді. Ол бірінші басшы ретінде ұжымдардың әлеуметтік мәселелеріне ерекше көңіл бөліп отырды. Бұған 4 тұрғын үй, 2 балалар бақшасы, 1 жатақхана куә бола алады. Мұның барлығы оны жұрт алдында лайықты беделге ие етті. Адал еңбек, төккен тер, қажырлы да қайсар қызмет үкімет тарапынан бағаланбай қалмады. Ол «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды, облыстық, қалалық партиялық ұйымдарының бірнеше дүркін мүшесі болып сайланды. Басқаны былай қойғанда, Қызылорда қалалық кеңесінің он екі жыл депутаты болуының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Ең бастысы – тамаша инженер, өндірістің майталман жетекшісі есебінде жұрт білді, халықтың ықыласына бөленді. Бұдан артық адам үшін не керек.

Иә, Абайділда қызмет бабы мен өмірде талабы жоғары, кейде қатал көрінгенімен жүрегі жұмсақ, көңілі ашық, қайырымдылығы мол жан болатын. Оның бұл қасиеттерінің шапағатын маңайындағы жора-жолдастары ғана емес, ағайын-туыстары да аз көрмеді. Солардың қуанышы мен қиыншылықтарының ортасында бас-көз болып өзі жүрді. Кейінгі кезде денсаулығына байланысты үйден көп шыға алмаса да, солардың ойлап, соларға қамқор көңіл танытып отыратын. Бұл – өзгенің жай-күйін өзінікінен кем ойлай қоймайтын Әбекеңнің шынайы табиғаты, адами болмысы еді.

Адам қай уақытта да рухани дүниесімен ерекше ғой. Данышпан Абай «Он сегізінші сөзінде»: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» дегені көзі қарақтылардың есінде болар. Әбекеңнің жанының тазалығы, шыншылдығы мен шынайылығы кімді болса да, баурап алатын еді. Ол қанша басшылықта болса да, сонау мектеп қабырғасындағы бала мінезін, дара мінезін бұл дүниеде сақтап өтті. Еш уақытта асып, тасыған жоқ. Өзіне бірде жетіп, бірде жетпейтін жай-күймен қарапайым өмір сүрді. Алайда адамгершілік арқанын берік ұстап, тағдырдың толқынды теңізінде еркін жүзе алды деп айта аламын.Достымның қызметтің әр түрлі биік-биік деңгейінде жүріп өзінің туасы тектілігіне кір келтірмей кеткенін мақтаныш етемін. Мынау жалған өмірде ана сүтімен, әке қанымен келген тазалықты сақтап қалу да бір ерлік емес пе?!

Өмірдің ылғи да ойдағыдай бола бермейтін қиындығына қарсы тұрып, қажымай, қайта қайрату қатая түскен, өр мінезді досымның тыныс-тірлігі, қуаныштары мен бақыты, реніші мен уайымы алақандағыдай көз алдымда болды. Қуанғанын да, қиналғанын да көрдім. Көп жыл жұбымыз жазылмай қатар жүрдік. Екеуміз жарты ғасырға жақын қарым-қатынаста болғанда әлдеқалай достықтың мәртебесін төмендетіп, болмаса жолдастықтың нәзік жібін бір сәт босаңсытып алған емеспіз.

Біздер, жақын достар әр түрлі себептермен жиі жиналатынбыз. Ал Әбекеңнің үйінде болғанымызда ол көбінде үйіне қонақтардың соңынан келетін. Жұмыста планерка, директордың бас мамандармен кеңесі және т.т. жоспарлы істерді ол әсте кейінгі күнге жылжытып көрген емес. Жұмыс тәртібін қатаң ұстану оның өмір бойғы серігі болды. Біздер өз үйіміздей сезініп, Әбекенді күтпей-ақ, жолдасы, бәрімізге сыйлы Күлжанның дайындаған асын асықпай алып отыра беретінбіз. Бұл да бір қызық заман екен.

Әбекеңнің өмірінің соңғы 10 шақты жылында қызметке сәйкес менің іргем бөлек болса да, Қызылордаға келсем, арнайы соқпай, болмаса телефон шалмаған кезім есімде жоқ. Өйткені оны ылғи іздеймін. Жаныма жақын тұтатынмын. Кездессем, көңілім көтеріліп сала беретін. Жүрегінің шуағын шашып жүретін адам кімге теріс болады?

Жергілікті органдар Әбекеңнің 40 жылдай облыстағы ірі өндіріс орындарының командирі болғанын, оның Сыр бойының экономикасы мен әлеуметтік саласына лайықты үлес қосқанын ескеріп, есімін Қызылорда қаласының бір көшесіне берді дегенді естіп қуанғанымды жасыра алмаймын. Ел азаматтарына рахметтен басқа не айта аламын. Елі бардың ері бар, ері бардың елі бар деген осы да.

Достымның аруағы туған топырағында тағы бір аунап жатқан шығар. Осы бір сезім жолдары, жүрегімнің лүпілі мәңгі жадымда қалған Әбекеңнің аруағына оқыған дұғам болсын!

Әбдіжәлел БӘКІР.

ЖҰРТЫНЫҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ

Халқына аянбай жақсылық істеген азамат Қаһарман Бабағұлов іниміз өмірден өтті дегенде оның елге жасаған жақсылығын еске алдық.

Алматы қаласындағы бұрынғы зауыт ғимаратын жекешелендіріп, одан өндіріс цехтарын ашып, жұмыс істетіп, жаңадан жұмысшылар мен қызметкерлер қабылдады. Олардың басым бөлігі Қызылорда облысынан көшіп келгендер болды. Оларды зауыт жанынан қысқа курстар ашып оқытып, жаңа мамандықтар алып беріп, жұмысқа орналастырды. Жататын жері жоқтарға жатақханадан бөлме беріп, барынша көмектесті.

Қаһарман іниміз еңбекқор, ізденгіш, әр уақытта алға ұмтылып, табысқа жетіп, жоғары биіктен көріне білді. Ауылда оныншы класты бітіріп, Алматыға барып, ауыр машина жасау зауытында қалыптаушы болып жұмыс істеді. Әскер қатарында азаматтық борышын өтегесін, Алматыға оралды. Өндірісте слесарь болып жұмыс істеді. Алматы халық шаруашылық институтына кешкі оқуға түсіп, оны үздік бітірді.

Мұның өзі ауыл баласының жасынан үздік оқығанының, таланттылығының, алғырлығының белгісі еді. 1969-1983 жылдары қазақ ССР-нің тұрмыс қажетін өтеу министрлігінде жауапты қызметтер атқарды. Алматы тұрмыс қажеттілігін өтеу басқармасының бастығы, 1985 жылдан бастап Алматы қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Одан кейін Алматы қалалық облыстық партия комитетінің хатшысы, 1991-1993 жылдары экономика министрінің бірінші орынбасары қызметін атқарды.

Министрлікте қызмет істеген кезінде шалғай жатқан облыстар экономикасы дамуының өз дәрежесінде емес екендігін дәлелдеп, жағдайды жақсартуға барын сала кірісті. Өзінің туған жері Қызылорда облысының жағдайын зерттеуге біраз уақытын арнады. Облыстағы қазба байлық көлемін анықтады. Оны қажетке жаратудың жобасын дайындады. Осыған дейін орталықтан шалғайлығына байланысты көңіл бөлінбей келген Қызылордаға жоғарғы жақтың назарын аударуға тырысты. Техниканың дамыған заманында ондай шалғай облыс жоқ екенін іс жүзінде дәлелдей бастады. Қазба байлықтарды пайдалану пайызы өз дәрежесінде болмағанын ескеріп, тиісті орындарға ұсыныстар беріп, облыстағы жерасты қазынасының игерілуіне үлес қосты. Соның нәтижесінде Қызылорда облысының игерілмей жатқан мұнай газ, уран, т.б. байлықтарын ел пайдасына жаратудың алғышарты жасалды.

Ол кезде тұтыну кооперациясы ауқымды мекеме еді. Әсіресе, облыс бюджетінің көбеюінде лайықты орны болды. Ауылды азық-түлікпен, тұтынатын тауарлармен қамтамасыз ететін және артық ауылшаруашылық өнімдерін қабылдап, сатып, өңдеп пайдаланатын. Осының бәрі мемлекеттік жоспарлау комитеті арқылы бақыланып отыратын. Облыстық тұтыну кооперациясында басшы болып қызмет атқарған кезімде ол кісінің көмегін көп көрдім. Жәрмеңкеде өтімді тауарлар жетіспесе, мемлекеттік жоспарлау комитетіне хат жазып, көмек сұрайтынбыз. Ол кісінің іскерлігі мен қәсіби беделдігінің арқасында мәселе орынды шешілетін. Шалғай аудандардағы малшылардың азық-түлігі мен киімдері, әсіресе балаларының киімдері назардан тыс қалмай, сұраныспен байланысты көбейтілетін.

Ол кезде аудандық тұтынушылар одағының жағдайлары бірқелкі емес еді. Арал ауданындағы тұтынушылар одағына ғана сауда скидкасы берілетін. Осыны мәселе етіп ұсыну жөнінде Бабағұловқа арнайы бардым. Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасарының жұмысы қауырт болса да мені қабылдап мақұлдап, тыңдап, оның жолдарын айтты. Сөйтіп сол кісінің ақылымен тез арада Мәскеуге барып, СССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Тұрғанбай Махановпен бірге жүріп, ол мәселені шешіп алдық. Қорытындысында облыстық тұтынушылар одағының қаржы жағдайы жақсарып, Қызылорда қаласында жаңадан облыстық тұтынушылар одағының сауда базасы ғимараты, 48 пәтерлік 5 қабатты тұрғын үй және әр ауданда универмаг, ресторан құрылыстарын салдық. Жақсының шарапаты деген осы емес пе?! Бұл азаматтың өзінің туған жеріне деген ықыласын әр уақытта байқап отырдық. Облыстық жоспарлау комитетінің төрағасы, кейін облыстық атқару комиеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған марқұм Әбдіржан Қалыбаев Қаһарманның облысқа деген көмегін айтып тауыса алмайтын. Ол республика басшыларына Арал экологиясының зардабын айтып түсіндіріп, іс жүзінде нақты шараларды іске асыруға ықпал етті. Соның арқасында Арал экологиясының зардабын зерттейтін комиссияны басқарды. Комиссия тапжылмай, асықпай, ерінбей еңбек етудің арқасында тек қана Арал аймағына емес дүниежүзіне әсер ететін фактілерді, дәлелдемелерді дайындады. Сондай-ақ экологиялық апат зардабын көріп отырған халыққа жалақысына коэффициент қосып төлеу жөнінде ұсыныстар берілді.

Қаһарман Бабағұлов туған жерінің экологиясына әсер ететін тағы да бір тосын жағдайды алдын алуға араласты. Бір жылдары әскерилер Байқоңыр қаласындағы космодромға Қызылордадан 70 шақырым жерден скважина қазып, су ала бастады. Ол скважинаның суы Қызылорданың су қорымен байланысты екен. Ала берсе азаяды. Облыс орталығын сумен қамтамасыз етуге әсері болды. Ғарыш маңынан 80 шақырым жерден Қызылордадағыдай скважина қазып, су алатын орын табылды. Соған қарамастан ресейліктер азын-аулақ шығарған шығындарын қимай, қызылордалықтардың айтқанын орындай қоймайды. Бұл жағдайдан кейін Қаһарман іниміз жоғары басшыларға шығып, одан Ресейдің басшыларына хат дайындалып, түйінді мәселе қызылордалықтардың пайдасына шешілді. Бұл шешім Қаһарманның үлкен азаматтық бейнесін танытты.

Қаһарманның тағы бір ерекше қасиеті – қандай қиыншылық кездессе де қаймықпай, шаршамай, соны шешудің жолдарын іздейтін. Оны жеңу үшін одан сайын жігерленіп, кірісер еді жұмысқа. 1994 жылдың қаңтар айында заман өзгеріп жатқан кезде, министрліктер тарап, соған байланысты экономика министрінің бірінші орынбасары қызметінен босап, республикалық деңгейдегі "Қазметмаш" машина жасау зауытының бас директоры болып істеді. Қазіргі талапқа сәйкес, кеңес қызметкеріне жаңа нарықтық талапқа сай менеджмент қызметін атқарып, қалыптасқан жағдайға бейімделуге тура келді. Атақты Бұқарбай батырдың 180 жылдығы мерекесі Жалағаш ауданында өтіп, облыс басшыларының сұранысы бойынша аудан орталығынан 11 көшені асфальттауға қаржы бөліп, ол жұмыс үлкен шараның алдында орындалды. Сондай-ақ Ақкыр ауылының жолы да асфальтталды. "Мұның өзі облысқа, қала берді ауданға үлкен көмек болды" деп еске алады сол кездегі ауданды басқарған көрнекті қоғам қайраткері Сәмит Далдабаев.

Қызылорда қаласында медициналық орталықтың салынуына байланысты, сол кездегі облыс басшысы Сейілбек Шауханов пен медицина орталығының директоры, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Тұрғанбай Маханов пен қатар ауруханаларды салып жатқан болғарларға мұнаймен есептесуді шешуде Қаһарман Бабағұловтың еңбегі зор еді. Өйткені, айырбас ретіндегі мұнайды бөліп, уақытылы Болгарияға тиетіп жіберу үлкен шаруа болатын. Бөлінген мұнайдың тиісті жерге уақытылы жетуі арқасында, ауруханаңың құрылысы да қарқынды жүрді.

Сырдан шыққан өнер адамдарын елге танытуда Қаһарман Бабағұлов ұдайы қамқорлық танытты. Атап айтқанда, Базар жырау мен Тұрмағанбет жыраудың шығармаларын, байырғы сүлейлердің жырларын кітап етіп шығарды. Жыраулардың дәстүрлі жарыстарын өткізуге демеуші болды.

Тағы бір ерекше қасиеті Қаһарман туған жері Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылын қазіргі талапқа сай етіп көркейтіп, өзінің қаржысына Бабағұл ата атындағы мешітті салды. Алматыдан келіп, қаншама мың шақырым жерден материал тасып, зәулім мешіт тұрғызу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл тек қана елім деп ойлайтын, халқым деп қам жасайтын, туған жеріне жүрегі елжіреп тұратын азаматтардың қолынан келетін іс.

Іниміз өмірден ерте өтсе де, ол кісінің жақсы қасиеттері, жақсы істері еш уақытта ұмытылмайды. Уақыт өткен сайын жаңара береді.

Жорабек САРБАЛАҚОВ,
экономика ғылымының докторы.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ ҚОРҒАЙДЫ

2015 жылдың қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық процессуалдық кодекс қолдануға берілмек.

Жаңа Қылмыстық процессуалдық кодекстің басты мәні адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды толыққанды қамтамасыз етуге бағытталуымен түсіндіріледі. Осы орайда, қылмыстық сот өндірісі саласы түгелдей өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағандығын атап өткен жөн. Атап айтқанда, сотқа дейінгі тексеру шаралары жаңа сипат алып, тергеу жүргізуші судья қызметі тағайындалған, сотқа қатысушы тараптардың өзара бәсекелестігі мен құқықтарының ауқымы арттырылған. Қылмыстық істер жөніндегі сот шешімдерін апелляциялық тәртіпте қарау жайы жаңа Қылмыстық кодекстің 48-49 бөлімдерінде қамтылған. Қазіргі қолданыстағы Қылмыстық кодекстің көптеген ережелері жаңа кодексте нақтыланып, мән-мазмұны кең айқындық тапқан. Оның бәрі алғашқы сот сатысында заңды күшіне енбеген сот шешімдері бойынша тараптардың арыздану арқылы өз құқықтарын қорғауын қамтамасыз етуге жан-жақты мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Сонымен бірге жаңа заңдағы бірқатар ережелер апелляциялық өндірістегі сот шешімдерінің жеделдігін қамтамасыз етуге игі ықпалын тигізбек.

Қолданыстағы кодексте апелляциялық шағым беруге құқылы субъектілер қатарында сотталушы, ақталушы мен оның қорғаушылары, заңды өкілдер, зәбір көруші болса, жаңа кодексте осындай шағым беруге қорғаушыларға да құқық берілген. Сот үкімімен бірге судья сот барысында түрлі қаулылар мен шешімдер де шығарады. Жаңа кодексте сот үкіміне ғана емес, сондай сот шешімдері мен қаулыларына байланысты да апелляциялық тәртіпте арыздану мүмкіндігі қарастырылған.

М.ЖАКУПОВА,
Қызылорда қаласының №2 сотының бас маман сот отырысының хатшысы.

БАСПАСӨЗ–2015

БІР ӘУЛЕТТЕН – 10 ОҚЫРМАН

Бір кездегі ауылдағы хат тасушылардың өз ісіне деген ынта-ықыласына әлі күнге қайран қаламын. Әр үйге хат-хабар, газет-журналды жеткізгенше асығатын. Ауыл адамдарының басылымдарға деген ықыласы ерекше еді.

Әкем Наят күнделікті газет-журналды жайып тастап, отбасын түгелдей тыңдауға шақыратын. Ауылдағы алғашқы мұғалім – әкемнің басылымның әр сөзіне зейін қойғыштығына бас иземей болмайды. Біз ақын Асқар Тоқмағамбетов, Әбдікәрім Оңалбаев, Сыр сүлейлерін жырлаған Қуаныш Баймағанбетов, кейінгі толқын Нәсіреддин, Саидтардың жазған дүниелерін жаттап өстік. Шораяқтың Омары, Тұрмағанбет жырлары рухани өрісімізді кеңейтіп, биікке самғататын. Біз осындай терең байлықты бұрынғы "Ленин жолы" қазіргі "Сыр бойынан" бойымызға дарыттық.

Біз он ағайынды едік. Менің алдымдағы ағам бұдан бірер жыл бұрын сексенге жақындағанда пәни дүниеге аттанып кетті. Алғашқыда мектепте ұстаз, кейін үш бірдей шаруашылықта партком хатшысы болды. Ардагер Нұрділда Ерманов ағайымыз басылымдарға зер салғыш, ойға түйгіш абыз аға болды. Ауылда "Ленин жолының" әрбір шаңырақта таралуына ұйтқы болғанын көнекөздер әлі күнге дейін жиі еске алады.

Бұл басылым Сыр өңірін көтерді, еңбек адамдарын, жақаевшылар қозғалысының бірден-бір насихаттушысы болды. Біздер Еңбек Ерлері Сәлима Жұмабекова, Ұзақ Еспанов, Алдаберген Бисенов, Қасымтай Ізтілеуов, даңғайыр диқан Қасым Бөдеев, Несіпбай Әмірезовтердің баға жетпес тұлғасына алғаш рет басылым беттерінен қаныққан едік.

Шындығын айту керек, басылымда Сыр өңірінің шежіресі сайрап жатыр. Бұл дәстүр қазір одан әрі жалғасуда. Басылымның материалдық базасы жылмажыл нығая түсуде. Газет сапасы, мазмұны байытылып келеді. Қаламы ұшқыр журналист шоғырының жазбалары ертеңгі болашаққа сенімді молайтып егемен елдің тәуелсіздік туын одан әрі биікке көтеруде.

"Сыр бойы" басылымы маған әрқашан ыстық. Мен төрт дүркін облыстық мәслихатқа депутат болып сайланғанда бірден-бір насихатшы болды. Еңбек жолымды, депутаттық жұмысымды жан-жақты көрсетуден кенде болған емес. Өңірімнің, тағдырымның сан алуан қиын сәттерін оқырманға таныстырып, қайратыма қанат бітіргені үшін басылымға бас иемін.

Бұл күндері Сыр өңірі өсу, өркендеу үстінде. Әлеуметтік сала, туризм одан әрі дамуға бет бұрды. Қаланың келбеті сүйсінтеді. Міне, осынау игілікті істерді насихаттауда "Сыр бойының" атқарып отырған жұмысы баға жетпес құндылық.

Біздің Ермановтар әулетінен тараған он оқырман алдағы жылға түгелдей "Сыр бойы" басылымына жазылды. Бұған мен басқарған ұжым мүшелері де түгелдей атсалысып отыр.

Алдағы жылы әрбір отбасының "Сыр бойы" басылымына жазылудан қалыс қалмағаны абзал болар еді. Мен өз сайлаушыларымды да осыған шақырамын.

Нұрмұрат ЕРМАНОВ,
"Бабас" ЖШС директоры, облыстық мәслихаттың депутаты.

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Арал қаласындағы №13 орта мектептің жанынан тағдыры Арал өмірімен тығыз байланысты болған Тарас Шевченконың ескерткіш бюсті ашылды. Бұл арқалы ақынның 200 жыл толуына орай өткізілді.

АРАЛДА Т.ШЕВЧЕНКОНЫҢ ЕСКЕРТКІШ-БЮСТІ АШЫЛДЫ

Салтанатты рәсім барысында аудан әкімі Абзал Мұхимов жұртшылықты ақын мерейтойымен құттықтады. Ескерткіштің ашылу салтанатына аудан ардагерлері мен білім саласының қызметкерлері, мектеп оқушылары қатысты. Мектеп ғимаратының акт залында ақын шығармаларының

тұсаукесері өткізіліп, Қазақстандағы Украин елшілігінің Алматыдағы консулы С.Бобошкомен кездесу ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, ақынның «Қосарал», «Заповед» өлең жырлары оқылып, естелік сөздері айтылды. Оның артында өз халқы ғана емес, қазақ халқы да құрметтеп, еске алатындай мол мұра қалды. Украин мен қазақ халқының арасындағы достық елшісіндей болған Тарас Шевченко есімі мәңгі есте сақталады.

Ә.ТАЛАПТАН.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Қызылорда қаласы кезектен тыс 32 сессия № 231

«2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 164 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мемлекеттік тіркеу № 4803 2014 жылғы 25 қараша

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 108-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы 22-сессиясының №164 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4568 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» газетінде 2014 жылы 11 қаңтарда, № 3-4, облыстық «Кызылординские вести» газетінде 2014 жылы 11 қаңтарда, №3-4, жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2014 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 162 391 002,1 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 29 874 952,3 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 1 384 478,7 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 762,0 мың теңге;
трансферттер түсімі – 131 128 809,1 мың теңге;

2) шығындар – 160 338 397,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 5 313 215,6 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 6 060 886,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 747 670,4 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 4 191 562,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 4 191 562,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -7 452 173,0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 7 452 173,0 мың теңге.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2014 жылға арналған резерві 551 077 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 32-сессиясының төрағасы Қ. Бисенов

Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы Н. Ерманов

2014 жылғы «21»қарашадағы № 231 Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 32-сессиясының шешіміне қосымша
2013 жылғы «18» желтоқсандағы № 164 Қызылорда облыстық мәслихатының 22 сессиясының шешіміне 1-қосымша

2014 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. Кірістер	162 391 002,1
1			Салықтық түсімдер	29 874 952,3
	01		Табыс салығы	1 974 412,0
		2	Жеке табыс салығы	1 974 412,0
	03		Әлеуметтік салық	2 198 969,0
		1	Әлеуметтік салық	2 198 969,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	25 701 571,3
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	25 701 571,3
2			Салықтық емес түсімдер	1 384 478,7
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	205 995,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	17 000,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	18 000,0
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	13 445,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	157 550,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	356,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	356,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 816,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	1 816,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	713 821,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	713 821,0
	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	462 490,7
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	462 490,7
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 762,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 762,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 762,0
4			Трансферттердің түсімдері	131 128 809,1
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	548 907,1
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер	548 907,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	130 579 902,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	130 579 902,0

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2. Шығындар	160 338 397,5
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	7 324 279,0
01	110		Облыс мәслихатының аппараты	38 959,0
01	110	001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	38 657,0
01	110	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	302,0
01	120		Облыс әкімінің аппараты	3 514 966,0
01	120	001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 398 738,0
01	120	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 026 431,0
01	120	006	Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешенінде арнаулы өкілінің аппараты	40 357,0
01	120	007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	21 703,0
01	120	009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	8 667,0
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	17 588,0
01	120	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1 482,0
01	257		Облыстың қаржы басқармасы	2 338 797,0
01	257	001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	111 498,0
01	257	009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	646,0
01	257	010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	155,0
01	257	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 214,0
01	257	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 214 284,0
01	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	116 281,0
	105403	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуге, сондай-ақ оларды қайта тіркеуге үшін алым		
	105405	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркеуге және кемемен жеңілген жатқан кемелерге ипотекаға үшін алынатын алым		
	105414	Қалқа құралдарын мемлекеттік тіркеуге, сондай-ақ оларды қайта тіркеуге үшін

ТАҒЗЫМ

ЖОМАРТ ЖҮРЕК, ЖАЙСАҢ ЖАН

“Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады” дейді халық. Тұлпардың текті тұяғы Әнес Бәкешұлының өмірі кімге болса да өнеге. Ол кісінің іскерлігі мен адамгершілігі жайындағы әріптестерінің, жолдас-жораларының, достарының әңгімелері бірін-бірі қайталап жатса оған қуану керек қой деймін. Демек Әнекеңнің бойында нағыз азаматқа тән бәріміз мойындаған ортақ қасиеттер болды деген сөз.

Еңбек жолын 1958 жылы Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін бітіріп Арал қаласындағы №15 қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болудан бастап, бүкіл саналы ғұмырын адам тәрбиесіне арнаған, туған еліне қалтқысыз қызмет жасауға арнаған тұлғалардың бірі әрі бірегейі болды.

Өмірде өзі білімді, тумысында мінезге бай адам қашанда өзіне сенімді, жағымпаздық пен жалтақтыққа жат. Сондықтан да батыл шешімдер қабылдай біледі. Әнекеңнің байыпты тұлғасынан осындай ерекше қасиеттер байқалып тұратын. Сондықтан да Сыр елі Әнекең үшін өсу, өрлеу, кәсіби білігін шыңдау жылдары, үлкен шеберлік мектебі болды. Әрине, осындай жетістіктердің бір ұшы Әнекеңнің, жеке басының ақыл-парасатында, айналасына іскер азаматтарды тарту арқылы ортақ мақсатқа жұмылдыруында, қарапайым еңбек адамдарын тіл табысып, олардың әлеуметтік жағдайын сезіне білуінде ғой деймін. Жалпы, күнделікті тұрмыста да Әнекеңнің сыпайылығы мен ұстамдылығы, жомарттығы мен мәрттігі, турашылдығы азаматтық тұлғасына ажар беріп тұратын.

Арал қаласындағы мектепте әуелі жай ұстаз болып, кейін мектеп директорының орынбасары болып, партия қатарына мүше болған Әнекең аудан, облыс басшыларының назарына ілініп кеңестік дәуірде партия қызметіне ойысады. Әуелі Арал аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, Теренөзек аудандық партия комитетінің хатшысы, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі деген лауазымды биік жұмыстарда болып шыңдала, шыратыла түседі. Әнекеңнің осындай саяси жетекшілігінің, үлкен ұйымдастырушылық қабілетінің де айрықша айқындала түскен уақыты осы кезең десек, тек қана шындықты айтқанымыз. Ол кісінің осындай саяси жетекшілігінің ұлғая түсуіне оның Кеңестік дәуірде 1975 жылы Москва қаласында КСРО Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін бітіруі де үлкен әсерін тигізді.

Әнекеңмен өте жақын болған жолдас-жоралардың есінде қалғаны да оның еңбекқорлығы, өзіне талапшыл болғандығы, сондай-ақ басқаларға да сондай талап қоя білгендігі, басқалардан да сондай әділдік пен адалдықты талап еткендігі болу керек.

Мал шаруашылығы техникумын бітіргеннен кейін Көкшетау облысында екі жылдан астам қызмет істеп, үш жыл Отан алдындағы борышымды өтеп 1967 жылдың күзінде Арал қаласына келіп қызметке орналастым. Сол кезден Әнекең туралы әкем мен анамнан,жолдас-жораларымнан,ағаларымыз Ебейсін Исаев пен Райғани Сүлейменовтен естіп ол кісінің өмір жолы туралы әбден қанығып білдім. Әнекеңнің еңбекқорлығын, өзіне талапшылдығын, ізденімпаздығын, адал ниеттілігін, тыңдаушыны өзіне ұйыта білу қабілетін, өзін ұстау мәдениетін марқұм Ебейсін ағамыз шындықты шешіліп айтатын көсемдігімен айтып отыратын. Әнекеңнің осы қасиеттерінің бәрі бір арнада тоғысып, қабысып жататын.

Қазір қазақ шежіресі дейміз бе, тарихы дейміз бе, осылары игеріп толық білмеген күнде де, өзіннің ойындағыны айтудың, жазып қалдырудың ешқандай артықшылығы жоқ болар деп ойлаймын. “Атасын айтқаннан алыс болмайды” деген қағиданы біреулердің бұрмалап, руды айтудың, жазудың қандай қажеттілігі бар, ол ескіден қалған әдет қой деп айыптайтындар да бар. Шежірені, жеті атаңды, болмаса тарихыңды білудің ешқандай сөкеттігі жоқ екені белгілі. Әнекеңмен ағайындығымыз да, туыстығымыз да бар еді. Жалпы осы жерде айта кететін жәй Өріс атамыздан бастап, Өрістің баласы Айдарбек пен оның төрт баласы да Сыр бойының батырлары болған киелі де қасиетті аталар. (“Сыр бойының батырлары” атты кітапты қараңыздар). Мінекей, Әнекеңмен осындай туыстық жақындығымды есіме алсам, өзімді бір мақтаныш сезімі билейді.

Мен Әнекеңді өткен ғасырдың 75-ші жылдарынан бастап таныстым білдім. Тағдыр маған Әнекеңнің ізінен қалмай, арада жылдар салып, қуып жетіп ал да, жанында жүріп тағдырлас болсайшы дегендей екен. Арал ауданында, Қызылорда қаласында оның өмірінің соңына дейін ажырамас ағалы-інілі болып араластық. Кейде бұл тағдырдың маған берген абырой-сыйы шығар деп ойлаймын. Елдің көрген-түйгені мол жақсысымен, жайсаңдарымен бірге жүру өзінді ерте есейтіп, ізбасарларың үшін лайықты үлкендікке ұмтылу деген сөз. Төл әдебиетіміздің философ ақыны марқұм Қадыр Мырзалиевтің бір өлеңімен айтар болсақ: “Жақсылардың қасынан ақылды боп қайтасың, рахмет айтасың” дейді. Сол кезде Әнекеңдей білімі мен білігі мол халық шаруашылығы саласының “профессорына” жүзеге асар ойларыңды дәлелдеу, сөйтіп күндердің бір күнінде сеніміне ие болу, үлкен бикті бағындырумен бірдей еді. Оның үстіне Әнекең жастарға үлкен үміттпен қарайтын. Ол кезде ағаның өзі де жас болатын, бірақ ерте есейгендігі, байыпты қиялы, мол білімпаздығы, әзіл-қалжыңға бейім ақжарқын келбеті, ұстамдылығы, инабаттылығы оны бірнеше жасқа үлкейтіп тұратын. “Жақсыменен сөйлессең, жақсы-жақсы түс көресің” дейді дана халқымыз. Жансарайының жылы шуағын төгіп тұратын Әнекеңмен жұмыстас болу, онымен әңгімелесу адамға бір ғанибет еді ғой.

Әнекеңнің көзі тірісінде оның осынау ізгі қасиеттерін өзіне айта алмадық. Айтудың ретін тапсақ та, мақтануға да, мадаққа да сарап ағаның мінезін білгендіктен тартындық.

Ә.Өтегенов партия, Кеңес дәуіріндегі 40 жылға жуық еткен еңбегі, төккен тері ескерусіз қалған жоқ. Ол көптеген орден-медалдардың, Жоғарғы Кеңестің, партия органдарының грамоталары мен атақтары баршылық. Көп жылдар облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық кеңестің депутаты болып сайланды.

Менің Әнекеңмен етене жақын араласуым 1995 жылдың сәуір айында облыстық әділет басқармасының бастығы болып қызмет бабымен Қызылорда қаласына көшіп келуіммен байланысты болды. Ол кезде Әнекең облыстық партия комитетіндегі қызметінен облыстық статистика және талдау басқармасына басшы болып ауысып қызмет істейтін. Содан бастап біздер қызмет бабында да, жай тұрмыста да етене араластық. Қызмет бабында дейтін себебім, ол кездегі тәртіп бойынша мекемелер облыстық қаржы басқармасы мен облыстық статистика басқармасынан, олардың аудандық құрылымдарынан мемлекеттік тіркеуден өтетін. 1995 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шығып, ол бойынша мемлекеттік ұйымдар мен кәсіптік жеке мекемелердің барлығы тек қана облыстық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өтіп, облыстық статистика және талдау басқармасында есепке тұратын болған. Соған байланысты Әнекеңмен қызмет бабында әртүрлі тіркеу мәселелерімен жиі хабарласып тұратынбыз.

Сол жылы Әнекең менің жанұяма арнап үйіне өзінің жастық кезеңдерінен достары, Сыр еліне белгілі азаматтар, туған құдасы Саржанов Құдайберген, Көбеев Әбдіхан, Табынбаев Қанарман, Исмаилов Сапа, Сермағанбетов Сағитжан ағаларды жанұяларымен жинап қонақ қылды. Осы ағалармен мен бұрыннан да араласып жүретінмін. Әнекеңнің жары Тұрсын өте қонақжай, жарына адал, балдарына қадірменді. Қазір Алматы қаласында тұратын жеңгеміз, осы кезге дейін мені қайным деп, алдымнан кесе өтпеген, ініліп қазақы сәлемін беруден бірден-бір рет жаңылмаған жайсаң жан. Сол күні жеңгеміз бізді керемет күтіп ағамыздың үйімен күнделікті тұрмыста да араласып кеттік.

Енді ол кісімен араласқан кездерімізде толғанып айтқан жүректен шыққан жылы сөзіміз, тілегіміз, оның рухына жасаған інілік ізет, кішілік тағзым болса деген ниеттемін. Бұл сөзге Сыр бойының зиялы азаматтары, оның өңірге адал қызмет жасаған Әнес Өтегеновті білетіндер, оның көзін көргендер толық қосылады деп сенемін.

Тілектес СЕЙІТОВ,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құрметті ардагері.

ЗАЕМ ШАРТТАРЫН ЖАСАУ БАРЫСЫНДА ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Банктен несие алмас бұрын, қарыз алушы келесіге назар аударуы қажет.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкілер арасындағы, сондай-ақ банкілер мен олардың клиенттері арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, шарттар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте сыйақы мөлшері (мүдде) және комиссия, сондай-ақ банктік қызмет көрсету тарифтері банктермен дербес белгіленеді.

Осыған байланысты, қарыз алушы несие алуға қатысты көптеген факторларды ескере келе, әр жағдайда банкті дербес таңдауы қажет.

Бұл кезде ол келесіні ескергені жөн.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар(бұдан әрі - Банктер) несие беру үшін уәкіліметтік органның лицензиясын алулары керек.

Заңнамаға сәйкес, Банк операциялар жүргізудің жалпы шарттарын анықтайтын қағидалары мен ішкі ережелері болса ғана банктік қызметті атқаруға құқылы. Банктің директорлар кеңесімен бекітілген операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы Қағидаларымен танысулары қажет (бұдан әрі - Қағида).

Қағидалар келесіні анықтайды:

а) қабылданатын депозиттер мен ұсынылатын несиелердің шекті сомасы мен мерзімі;

б)депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы ставкасының шекті шамасы;

в) депозиттер мен несиелер бойынша сыйақы төлемінің шарттары;

г) банктің қабылдайтын қамсыздандыруына қойылатын талаптар;

д) банктік операцияларды жүргізуге қойылатын тарифтер мен шамалар;

е)банк пен оның клиентінің құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері;

ж) банктің директорлар кеңесі операциялар жүргізудің жалпы шарттарына қосуға тиіс деп санайтын өзге де шарттар, талаптар және шектеулер;

Банк клиенттің бірінші талабы бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы Қағидаларды ұсынуы тиіс.

Сондықтан, Банктердің ұсынатын несиелерінің шекті сомасының көлемі, сыйақы ставкасы, оларды төлеу шарттары, несиелерді қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптар туралы мағлұматтарды операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы Қағидалардан білуге болады.

Несие шарттарымен мұқият танысқан соң ғана, болатын шығындар шамасы бағалануы тиіс.

Әдеттегідей, несие шарттарына несиені пайдалану мерзімі, мөлшері, несие алу валютасы, несиені пайдалану үшін сыйақы ставкасының мөлшері (белгіленген, құбылмалы), алғашқы салым мөлшері (қажет болған жағдайда), несиені мерзімінен бұрын жабуға мораторий белгілеу, несиені қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, несие алып, сатып алынатын нысан мен қарыз алушының өмірін, оның еңбекке қабілеттілігін және т.б. тәуекелдерді сақтандыру жатады.

Әдетте Банктер несие беруге қатысты түрлі қызметтері үшін клиенттерден қосымша төлемдер алады. Мысалы, несие өтінішін қарау, кеңес беру, банктік шоттарды ашу және оны іске қосу, несие беру үшін банктік жинақ жасау, несие қаражатын қолма-қол алу, кепіл құнын Банкпен бағалау (мысалы, ипотекалық несиелеу барысында тұрған үйді бағалау) және т.б. несие алуды анағұрлым қымбаттатады.

Осыған байланысты, 2007 жылдың 01 қаңтарынан бастап Банктер несие беру барысында, соның ішінде келісім-шартта несие беру қызметі мен несие алуға кететін клиенттің барлық шығындарын көрсететін бір жылдық тиімді салыстырмалы анық сыйақы ставкасын (бұдан әрі - ЖТСС) ашық жазу міндеті енгізілді.

2012 жылдың 23 тамызынан бастап несие берудің жылдық тиімді сыйақы ставкасының есебіне қарыз алушының сақтандыру ұйымының пайдасына шешілетін төлемдері кіреді, егер сақтандыру келісім-шарты бойынша сақтандыру жағдайы туындағанда, пайда табушы ретінде банк болса, сонымен қатар гарант кепіл (тапсырыс) алса, бағалаушы кепілге қойылатын мүлікті бағаласа.

ЖТСС әр түрлі банктердің несие бағасын объективті түрде бағалауға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Шартқа отырмас бұрын, бірнеше Банктердің ұқсас несиелер түрін беру шарттарымен танысып алған анағұрлым жөн болар еді және кеңес алу барысында Банктердің ЖТСС мөлшерін алдын ала біліп алғаны тиімді. Тәндік жағдайы орын алса, онда төмен баға тиімдірек болатын салыстырмалы анық сыйақы ставкасы бар несиеде болады.

Іс жүзінде, әдетте Банктер несие беру барысында қарыз алушыға ілесе қызмет көрсететін тұрақты серіктестерімен, соның ішінде аффилирленген сақтандыру компаниялармен жұмыс жасауға ұмтылады және қарыз алушыдан олардың қызметіне жүгінуді талап етеді.

Осыған байланысты, ескеретін жағдай - Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 380 бап 1 тармағында (бұдан әрі - Кодекс): «Азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасауда ерікті. Заңнамада белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда мәжбүрлі түрде шарт жасауға тыйым салынады» - делінген.

Кодекстің 806 бап 3 тармағына сәйкес азаматқа оның өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндеті заңнамамен де, шартпен де жүктеуге болмайды.

2011 жылдың 01 наурызынан бастап «Ипотекалық несие және қаржы тұтынушыларының құқықтарын және мүдделерін қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді және осыған сәйкес банктер туралы Заңның 34 бабы жаңа басылымда жарық көрді.

Банктер туралы Заңның 34 бап 11 тармағына сәйкес қарыз алушыға банктік қарыз шартымен өз өмірін немесе денсаулығын сақтандыру міндеті жүктелмейді.

Бұл ретте осы нормаға теріс күш берілген, яғни оның әрекет етуі Заң күшіне енгенге дейін жасалған шарттарда болады.

Сонымен, қарыз алушының өмірі мен денсаулығын сақтандыру қажеттілігін жүктейтін нормалардан тұратын банктік қарыз шартынның шарттары оның жасалған уақытынан бастап заңнама нормаларына керағар келеді. Бұл ретте, қарыз алушы сақтандыру келісім-шартына қол қоя отырып, оның қойылатын шарттарына келіскенін көрсетеді.

Бұған қоса айтылатын жайт – Кодекстің 306 бап 1 тармағында аталғандай, кепіл берушінің меншігіне өткен кепілдегі мүлікін сақтандыру міндеті оған ресімделген шартпен немесе заңнамалық актілермен жүктелуі мүмкін.

Кепіл берушінің қолданысында болатын кепілде тұрған мүлікті сақтандыру соңғысына жүктеледі. Бұл кезде банк қарыз алушы мен кепіл берушіге сақтандыру ұйымын таңдауда шектеулер қоюға құқығы жоқ.

Сонымен, егер екі жақпен шартқа қол қойылса, шарт өзара келісіммен жасалды деп саналады. Жасалған шарттар бойынша туындалған кез-келген келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

Заңға сәйкес несие беру туралы шарт жасаудың міндетті шарты – қарыз алушыда банкпен, ипотекалық ұйыммен өзі туралы және несие бюросының деректер базасында жасалатын мәміле туралы мәлімет беруге жазбаша келісіммің болуы.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын несиенің өтеу кестесімен мұқият танысу және жүктелген міндеттерді уақытылы орындау ұшін барлық шаралады қабылдау керек. Қарызды тиісті уақытта өтеу қиындықтары туындаған жағдайда, Банктен мүмкін болатын әрекеттер туралы шұғыл кеңес алу қажет.

Тұтынушы кепіл туралы шартта, сонымен қатар заңнама актілерінде қаралған жағдайларда Банк өз бетінше кепілде тұрған мүлікті сауда-саттық (аукцион) жолымен мәжбүрлі түрде соттан тыс тәртіппен сатуға құқылы екенін есте сақтағаны жөн.

Кепіл беруші-жеке тұлғаның ипотекалық шарты тіркелген органда тіркелген тиісті жазбаша бас тартуы болса, кепіл мүлкін соттан тыс сатуға Заңмен тыйым салынады. Сонымен қатар, микронесиелік ұйымдарға және несиелік серіктестіктерге кепіл мүлкі болып табылатын тұрғын үй және (немесе) тұрғын үйі бар жер учаскесін соттан тыс сатуға тыйым салынады. Кепіл ұстушыға кепіл мүлкін сатуға қажеттілік туындағанда, оған дербес бағалау жүргізу міндеті жүктелді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша заңнама жетілдірілді. Банктік қарыз шарты бойынша қойылған шарттарды біржақты өзгертуге тыйым салынады. Банктік қарыздар, микронесиелер және несиелер бойынша ЖТСС-ның шектеулі мөлшері белгіленді, ол - 56%. Ол несие беруге және қызмет көрсетуге байланысты жаңа комиссиялар мен басқа төлемдердің өзгеруі мен енгізілуіне, шартты жасау күніне, сыйақы ставкасының өзгеруіне сәйкес жүргізіледі.

Кез келген валюталық эквивалентке төлемдерді индекстеуге тыйым салынды. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамағыны үшін қойылатын тұрақсыздық мөлшері шектелді: бір күнгі мерзімі өткен берешек сомасы 0,5%-дан артық болмауы керек, банктік қарыз шартының әр жылдық әрекеті үшін берілген қарыз сомасы 10%-дан артық болмауы керек.

Банктік қарыз шарты бойынша туындайтын талас тудыратын жағдайлар пайда болса, қарыз алушы жазбаша түрде Банкке, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына немесе Банктің атына оның орналасқан жері бойынша сотқа шағымдана алады.

Сонымен қатар, қарыз алушы банк пен қарыз алушы-жеке тұлғаның арасында жасалған ипотекалық қарыз шарты бойынша өзара қарым-қатынасты реттеуді банктер туралы Заңға сәйкес орындауға құзыреті бар Банктік омбудсманға 050013, Алматы қаласы, Республика Даңғылы, 15, 237 кеңсе, e-mail: office@bank-ombudsman.kz, телефоны: 7(727) 2500 344, 2500 322, 7 (707) 407 01 17, факсі: 7(727) 2500 344, сайты: www.bank-ombudsman.kz. мекен жайы бойынша жолығуға құқылы.

Доктор Р.Хайруллина тәсілімен жылдам әрі оңай арықтаңыз. Нәтижесі 100 %.

• Біздің әдісіміз ғылыми дәлелденген және 20 жыл бойы патенттелген.
• Сізге ашығудың және калория есептеп жатудың қажеті жоқ.
• Сеанстан соң Сіз тәттіден және ұн тағамдарынан оңай бас тартасыз.
• Біз Сізбен 6 ай ғана жұмыс жасаймыз, сөйтіп тамақтану тәртібіндегі жаңа өзгерістерге қалыптасуыңызға көмек береміз. www.pohudet.kz
• Кеңес беру тегін!

бұрын 106 кг

Сеанс Қызылорда қаласында 2014 жылдың 13 желтоқсанында сағат 16.00-де болады.

қазір 68 кг.

Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Сақтағанов Кумісбек Болысбайұлының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өркендеу ауылындағы №104 қазақ орта мектебін 20.06.2010 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ 0146203 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Әбдібек Айнұр Көшербеккызының атына Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжін 01.07.2014жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0250026 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Қасымов Ерхан Махаббатұлының атына Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылындағы №218 орта мектептің 9 сыныбын 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0251339 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Қожамұрат Айдос Балташұлының атына Қызылорда қаласындағы №211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің 9 сыныбын 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0254104 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Балғабаев Жасұлан Жакудаұлының атына Жаңақорған ауданындағы №163 орта мектебінің 9 сыныбын 2007 жылы бітіргені жөнінде берілген №0239221 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы №1353 Қаулысына сәйкес «Жосалы кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің №20 «Толғанай» ясли-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды.

Лауазымдық міндеттері: нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие ұйымының (бұдан әрі-МДҰ) қызметін басқарады. Педагогикалық кеңеспен бірге белгіленген тәртіпте оқу жұмыс жоспарларын, негізгі (вариативтік, авторлық), мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді; оқыту-тәрбиелеу процесінде тәрбиеленушілер мен ұйым қызметкерлері өмірінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдайлар жасайды.

Білім беру ұйымын басқару құрылымын анықтайды, қаржылық, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді. Тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Педагогикалық қоғамдық ұйымның және әдістемелік бірлестіктің қызметіне көмек көрсетеді. Тәрбиеленушілерді тамақтандыруға және оларға медициналық қызмет көрсетуге, денсаулығын сақтау мен нығайтуға қажетті жағдайларды ұйымдастырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымының мүліктері мен қаражатына белгіленген заңнамалық тәртіппен иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардан түскен қаржы мен оның шығысы туралы есеп береді. Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық -гигиеналық тәртіптің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады. Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыруға жағдай жасайды. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттаудан өткізеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс.

Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдарда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу ұйымын танытады. МДҰ-ның қызметі туралы қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика және психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларды, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық жұмыс өтілі: қалалық жерде 5 жылдан,ауылдық жерде 3 жылдан кем болмауы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар:

Конкурстық комиссия төрағасы атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жерін, байланыс телефондарын көрсетумен қоса өтініш;

Мемлекеттік және орыс тілінде түйіндеме;

Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

Нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;

Нотариалды куәландырылған білім туралы құжат;

Нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;

Сотты болмағандығы жөнінде анықтама;

Денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер 120500, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі №1 үй, «Жосалы кент әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне хабарландыру жарияланғаннан бастап 15 күнтізбелік күн ішінде құжаттарын ұсына алады. Тел.: 8 (72437) 2-13-87.

«Жосалы кент әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ҚТС» ЖШС өзінің аумағында Соркөл кен орнында өндіру ұңғымаларының (№№100,101,102,103,104) құрылысына «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасына қоғамдық пікірді тіркеу үшін ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертулер Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8 және eco_engineering@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 87242700308.

***

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша Нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ҚТС» ЖШС өзінің аумағында Соркөл кен орнында барлау ұңғымаларының (№№1,2,3) құрылысына «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасына қоғамдық пікірді тіркеу үшін ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды. Ұсыныстар мен ескертулер Сырдария ауданы, Қонаев көшесі №8 және eco_engineering@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады. Байланыс телефоны: 87242700308.

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ӘРІПТЕС

Үстіміздегі жылдың 26 қарашасында аяулы әріптесіміз, балаларының асыл да ардақты анасы Айменова-Тарасова Нина Николаевна өмірден озды.

Нина Николаевна 1948 жылдың 13 ақпанында Орынбор облысы, Пономаревка селосында дүниеге келген. 1966-1972 жылдары Алматы медицина институтында оқып, балалар дәрігері мамандығын алды. Алғашқы еңбек жолын Алматы қаласындағы балалар ауруханасында дәрігерліктен бастады. 1973-1991 жылдары балалар емханасында аумақтық дәрігер, 1991 жылдары №6 емханада бөлім меңгерушісі, 1999-2003 жылдары СВА меңгерушісі, 2003 жылдан өмірінің соңына дейін №6 емханада балалар дәрігері болды.

Әріптесіміз ортасына сыйлы, мейірімді, бар білгенін үйретуге жалықпайтын. Отбасында 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйді.

Бақұл бол, аяулы әріптес. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын.

№6 емхана ұжымы.

ЖАРҚЫН ЖҮЗІҢ ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Дүниеге келмек бар да, кетпек бар. Ойға сыймайтын, жанды қинайтын қазаға кезіктік. Кеше ғана ортамызда жүрген аяулы ана, асыл жар, ардақты құрбымыз Оразалиева Алмагүл Ондашқызының өмірден озғанына да әне-міне дегенше қырық күн болды.

Әділін айтатын мінезі, жанына жайсаңдық, қанына қазақы ұялатқан болмысы, ортасына сыйлы болған ардақтымыздың мейірімді жанары әлі көз алдымызда, жадымызда тұрары анық.

Ерте пістің, сабағыңнан үзілдің,
Ала кеттің мол шуағын жүзіңнің.
Қайтпайтындар қатарына қосылып,
Бірі болдың, Алла жазған тізімнің.
Армандаған бес ондыққа жетпедің,
Қалғандарға қайғы әкелді кеткенің.
Ұл-қыздарың миуа-бағың еккенің,
Көре алмадың жемістерін төккенін.
Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа,
иманың жолдас болсын аяулы да ардақты құрбы.

Еске алушылар: бір топ жолдастары.

«Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы» ұжымы орталық қызметкері Жанаткүл Дәндесоваға әкесі

Шакмарданның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы серіктестіктің бас есепшісі Ерпайыз Мұсаевқа аяулы қызы

Гауһардың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облыстық статистика департаментінің ұжымы мекеме қызметкері

Мусаева Гауһар Ерпайызқызының

кенеттен қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҒАЛИЯНЫҢ ӘН ӘЛЕМІ

Өнер үшін жаралған жандар болады. Осындай туа біткен дарын иелерінің бірі – Ғалия апай.

Ғалия Оспан «марқұм анам керемет ән салушы еді, орыс мектебінде оқыған, орыс тіліндегі әндерді өз мәнерінде орындайтын. Анам Үрбибі КСРО Халық әртісі Роза Бағлановамен бірге оқыған. Анам да Роза апаймен бірге оқуға бармақ болғанда, ата-анасы рұқсат бермей қойған екен» деп еске алатын.

Ғалия оқушы кезінде сабағын үздік оқып, үлгілі шәкірт атануымен қатар, мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысады. Тамылжыта ән салып, қарасөз оқудың шебері атанады. Аудандық, облыстық өнер байқауларында жүлделі орындарды иеленіп, ел-жұрттың назарына ертерек ілігеді. Осы кезеңнен бастап бойында сан қырлы таланты мен қайрат жігері бар Ғалия апайдың өнер көгіне қанат қаққан құтты қадамы сәтті басталады.

1980 жылы Жетісай мәдени-ағарту училищесін бітіріп келгеннен кейін, өз мамандығы бойынша аудандық мәдениет бөлімінде алғашқы еңбек жолын бастады. Осы жылдар ішінде мәдениет бөлімінде қызмет жасай жүріп, Алматы қаласындағы республикалық эстрада және цирк студиясында, М.Әуезов атындағы Шымкент мәдениет институтында «Әдіскерлік ұйымдастыру» мамандығы бойынша білімін жетілдіріп отырды.

Ғалия апай жас кезінен-ақ жасындай жарқылдап, күрмеуі қиын күрделі әндерді қалың тыңдарманның талғамына сай жеткізе білді. Қызылқұм және Қарақұм бағытындағы малшы қауымға, егіншідиқандарға өз әнімен танымал бола бастады. Қашанда жаңалыққа жаны құмар өнер иесі әр түрлі кештер мен шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы халық жүрегінен жол таба білді.

Гастрольдік сапармен Қарақалпақстан және Орынбар облыстарында өнер көрсетіп, жұртшылық ықыласына бөленсе, Қазақстан телеарнасына «Қорқыт сазы» фольклорлық-этнографиялық халық ансамблімен 30 минуттық телефильмге түсу арқылы көрермен көзайымы болды. Сонымен қатар, 1994 жылы «Ғалияның әні – сахнаның сәні» атты шығармашылық кешін сәтті өткізіп, 1996 жылы Қазақстан телеарнасынан «Ғалия Оспанова ән шырқайды» атты телефильм көрерменге жол тартты.

2007-2009 жылдары Қазақ радиосынан «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы», «Ел іші – өнер кеніші» бағдарламасында сұхбат берсе, Қазақстан теледидарының «Таңшолпан», «Сен сұлу» атты бағдарламаларына қатысып, өнер көрсетті. Сондай-ақ бірнеше әндері қазақ радиосының Алтын қорына жазылып алынды. 2012 жылдың желтоқсан айында «Ән сыйладым жүректен» атты шығармашылық есепті концертін қалың жұртшылыққа тарту етті.

Ғалия апай республикалық «Жігер» жастар фестивалінің, Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты атанып, 2005 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы және 2012 жылы Шығыстың жарық жұлдызы Ғ.Мұратбаевтың 110 жылдығына орай мерекелік медалімен марапатталды. Биыл ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Адам, ең бастысы, еңбектенуге, яғни адам бір іске күш-қуатын, ақыл-ойын жұмсауға ерінбеуі керек. Ғалия апай күш-жігер, еңбектенуінің арқасында, осы жылдар ішінде автоклуб меңгерушісі, аудандық мәдениет үйінің директоры, көркемдік жетекшісі, «Қазалы қалалық және ауылдық мәдениет үйлері» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының, «Әйтеке би кенттік және ауылдық клубтар» үйінің және Ғ.Мұратбаев атындағы тарихи мемориалдық мұражайының директоры қызметтерін атқарады.

Сөз соңында айтарым, өнер адамы баршаға ортақ нағыз еңбек адамы. Әрдайым олардың өнерін бағалап, еңбегін ардақтайық дегім келеді.

Мәншүк САДЕНОВА,
№102 орта мектебінің мұғалімі.
Қазалы ауданы.

ЖАҢА МЕШІТТІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қаламыздың батыс бөлігінде «Ақмешіт» шағын ауданындағы М.Саламатов көшесінің бойына жаңа мешіттің іргетасы қаланды. Бұл қуанышты сәтті «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандары және оныменен іргелес жатқан Шымбай, Рисмаш қоныстарының тұрғындары көптен бері күткен еді.

Жаңа мешіттің іргетасын қалау рәсіміне облыстық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы Нұрмұрат Ерманов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов, Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Абзал Ералиев, Мүсірәлі баба атындағы қордың басшысы Сәмит Далдабаев және «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Талғат Омаров қатысып, ел ағалары аталған шағын ауданда имандылық үйін салу мәселесі көптен бері күн тәртібінде тұрғанын, мұндай рухани орынның қаламыздың осы бөлігінде тұратын халыққа аса қажет екендігін атап өтті.

Имандылық үйінің құрылысына демеушілік жасап отырған Қазақстанның Еңбек Ері, кәсіпкер Абзал Ералиевтің айтуынша, жаңа мешіттің жоба-үлгісі Алматы қаласында әзірленген. Жалпы, мешіт дәстүрлі ислам үлгісінде салынбақшы. Рухани орынмен іргелес имамдарға арналған қосымша екі қабатты ғимарат бой көтереді. Ал, оның мұнарасының биіктігі 21 метрді құрайды. Аталған мешіт пайдалануға берілген кезде классикалық ислам үлгісінде салынған мешіт аталған шағын ауданның архитектуралық келбетіне өзіндік сән қосып, «Ақмешіттің» ажарын одан әрі айшықтай түсері даусыз. Жобаның жалпы құны – 155 млн. теңгені құрайды. Жоспар бойынша, имандылық үйінің құрылыс жұмыстары келесі 2015 жылдың көктемінде басталып, жыл соңына дейін тұрғындардың игілігіне беріледі деп күтілуде.

– Бұған дейін «Ақмешіт», «Мерей» аудандарында мешіт болған жоқ. Ал, мұнда тұрғындар саны мұнда 25 мыңнан асады. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында осы игі жұмысты қолға алып отырмыз. Құрылысшылар құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізіп, рухни нысанды дер кезінде пайдалануға береді деген сенімдемін, - дейді Қазақстанның Еңбек Ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Абзал Ералиев.

Айта кетейік, жаңа мешіт қолданысқа берілген кезде әйгілі бабамыз Мүсірәлі Жәдіқұлының атымен аталады. Ал, серіктестік басшысы осындай мешітті Наги Ілиясов атындағы ауылда да өз қаражатына тұрғызуда.

Мешіт – имандылықтың ордасы, рухани құндылықтар мекені. Ал, иман бар жерде ынтымақ пен бірлік, татулық пен достық қауыз жарары белгілі.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдық округіндегі орта мектеп мұғалімі Өмірзақ Оспанбековтің шығармашылық кеші асқан ұйымшылдықпен өткізілді.

ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН

Ауылдан шыққан талантты жігіттің спортшылығымен қатар, өнерге бейімділігі жас кезінен байқалған-ды. Алматы қаласындағы денешынықтыру және спорт факультетін бітірген соң, өзінің туған ауылына оралды. Ауыл жастарына баскетбол дәрістерін үйретті. Аудан құрамасында ойын көрсетті. Сонымен бірге, би өнерінің де мәнін терең сезінді. Ұстаз білім ошағы жанынан «Мереке-думан» би үйірмесінің негізін қалады. Өнерпаздары бұл күндері тек ауылдықтарға емес аудан жұртшылығына танымал.

Өзі жасақтаған би тобы кеш барысында «Балбырауын», «Молдабай», «Қара жорға» және өзге ұлт өкілдерінің билерін мың бұрала биледі. Сондай-ақ ұстаздарының бағыт-бағдарымен өзге қалаларда арнайы «Би өнері» мамандығында оқып жатқан студент шәкірттері де ұлттық нақыштағы билерімен тарту жасады. Әсерлі кеште Әлшекей атындағы халық аспаптар оркестері халық әндерін орындады.

Асқаралы алпысты алқымдаған Өмірзақ Оспанбековтің ауылдық мектепте дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып ұстаздықпен қатар ұлттық өнерімізді ұлықтап жүргеніне тура 35 жыл толыпты. Қашанда сырбаз мінезі мен жайдары күлкісінен танбайтын ол әдемілік әлемінің өкілі ретінде көпке үлгі, ауылдастарына сыйлы. Шығармашылық жиын соңынан ұлағатты ұстазға құрмет көрсетілді.

Нұрмахан НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы.

ПІКІР БІЛДІРІҢІЗ!

Сот беделін көтеру, олардың жұмысындағы жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында Қызылорда облыстық соты судьяларға үміткерлердің іскерлік, кәсіби, моральдық тұлғалық қасиеттерін неғұрлым терең зерттеп білу үшін тұрғындар назарына төмендегі мағлұматты ұсынады.

№	АЖТ	Жұмыс орны, қызметі
1	Абдукаликов Олжас Исаевич	Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының сот жасауылы
2	Алиев Думан Икрамович	Қызылорда облыстық прокуратурасының басқармасының аға прокуроры
3	Бекетаев Нуржан Нурадинович	Қызылорда облыстық соты кеңесінің сот жасауылы
4	Боранбаев Ерден Мухамедиевич	Қызылорда облыстық соты кеңесі басшысының орынбасары
5	Жолдыбаев Айдос Көрібайұлы	Қызылорда облысы Шиелі аудандық сотының бас маманы
6	Каршыга Айгерим Алшериевна	Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы
7	Миралиев Олжас Куандыкович	Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы
8	Молдабекова Аида Джолдасбековна	Қызылорда қалалық сотының судьясы
9	Омаров Бауыржан Сайлаубекович	уақытша жұмыссыз
10	Оспанов Мурат Бектаевич	Қызылорда облыстық соты кеңесінің ішкі қауіпсіздік бөлімінің бас маманы
11	Смат Ардақ Елтайқызы	уақытша жұмыссыз
12	Тойшыбекова Сауле Куанышбековна	«КазАгроФинанс» АҚ Қызылорда облыстық филиалының заңгер консультанты
13	Төлеген Әділхан Нұрғалиұлы	Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының бас маман-аға сот жасауылы
14	Тілеп Талант Ибайдуллаұлы	Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім прокурорының аға көмекшісі
15	Умарсирикова Салтанат Серикпаевна	Қызылорда облыстық соты кеңесінің бас маман-сот отырысының хатшысы

Осы азаматтар жөніндегі пікірлеріңізді, қосымша ақпараттарыңыз және мәліметтеріңіз болса, облыстық сотқа 2014 жылдың 2 желтоқсанына дейін жолдауларыңызға болады.

Қызылорда облыстық соты, Әйтеке би, 29 үй, ф. 55-12-03, тел. 55-12-08, 55-12-09.

ӘУЕЖАЙ АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙСТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Бейсенбі күні «Тәжік Эйр» әуекомпаниясының жолаушылар тасымалдайтын «Боинг 737-400» ұшағы сағат 18:00-де Қызылорда әуежайына қонды. Алғашқы халықаралық рейсті әуежай басшылығы мен басқа да тиісті сала өкілдері қабылдап, құрмет көрсетті. 130 жолаушысы бар әуе кемесі Қорған Төбе – Қызылорда – Мәскеу бағытына қатынайды.

Ұшақтың аға пилот нұсқаушысы Юсубжан Юсубахмедовті жергілікті журналистер сұхбатқа тартты.

– Бәрі керемет. Қызылорданың мүмкіндігі біз ойлағаннан да жоғары екен. Осыған дейін Тараз қаласы арқылы ұшатынбыз. Қызылорда арқылы ұшсақ, 45 минут үнемдеуге болады. Бізге тиімдісі осы. Алда келіссөздер жүргіземіз. Барлығы сәтті өтсе, аптасына 6 рейс Қызылорда арқылы ұшатын болады, – деді Ю.Юсубахмедов.

Ал әуе кемесінің борт командирі Фахриддин Мухтаров Қызылорда әуежайының ұшу-қону алаңы ұнағанын айтты.

– Ең бастысы, алаң халықаралық талапқа сай келеді. Енді қызмет көрсету жағы да жоғары деңгейде болады деген ойдамын. Алдағы уақытта осы әуежайға жанармай құйып алу үшін тоқтасақ дейміз. Өйткені, біз Мәскеудің Домодедово әуежайынан бөлек, Санкт-Петербургке, Қазанға қатынаймыз, – деді ол.

Жақында Қызылорданың әуе қақпасы Үкімет қаулысымен халықаралық мәртебеге ие болған еді. Соның арқасында бірінші халықаралық рейсті де қабылдап отыр. Қазір шетелдік және отандық компаниялармен келіссөздер жүріп жатыр. Желтоқсан айының ортасында Дубайға қызылордалық жолаушылар ұшатын болады.

«Қорқыт Ата» әуежайы АҚ бас директоры Сайлау Жаналин қазіргі уақытта AIR ASTANA, SKAT, INVESTAVIA (Қазақстан), TRANSAVIA (Ресей), PEGASUS (Түркия) және басқа да әуекомпаниялармен Бейжің, Стамбул, Мәскеу, Дубай қалаларына тікелей рейстер, сонымен қатар болашақта чартерлік халықаралық рейстер ұйымдастыру бойынша келіссөздер жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Дәурен ОМАРОВ.

ТЕМІРЖОЛШЫ АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

Қызылорда жол бөлімшесінің директоры және «Нұр Отан» партиясының «Теміржол» филиалы төрағасы Аманкелді Арысбаевтың бастамасымен, «ҚР Теміржолшылары кәсіби одағы» ұйымы Қызылорда филиалының демеушілігімен 1977-1990 жылдар аралығында Қызылорда бөлімшесін басқарған «Еңбек Қызыл Ту» орденді теміржолшы Орынбай Жанәділовті еске алуға арналған волейбол турнирі өтті. Сайыс «Нұр Отан» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы негізінде ұйымдастырылды.

Турнирдің ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Нұржан Әлібаев, Қызылорда жол бөлімшесі директоры Аманкелді Арысбаев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ибраким Басықараев, марқұмның жақын туысы ардагер теміржолшы Лепес Жаниязов, ардагер теміржолшылар ұйымы төрағасы Қазыбек Рахметов бастаған ардагерлер қатысты.

– Теміржолшылардың салауатты өмір салтын ұстануы маңызды. Спортпен шұғылдану адам денсаулығын шыңдаудың негізі. Сала ардагерлеріне құрмет көрсетіп, олардың жарқын бейнесін есте сақтау мақсатында ұйымдастырылған турнир алдағы уақытта да жалғасын табады. Және де біздің бұл ұсынысымызды жергілікті атқарушы органдар қолдап отыр, - деді Қызылорда жол бөлімшесі директоры Аманкелді Арысбаев.

Ұзақ жыл Қызылорда локомотив жөндеу депосын басқарған Лепес Жаниязов Орынбай Жанәділов жайлы естелік айтып, қадірлі тұлғаның атын ұлықтаған азаматтарға алғысын жеткізді.

1998-2001 жылдары «ҚТЖ» РМК Қызылорда темір жол бөлімшесін басқарған Аралбай Дүйсенов пен құрылыс-монтаж пойызын басқарған Қазыбек Рахметовтер де талайға ұстаз болған азаматтың алғырлығы мен облыстық жасөспірімдердің олимпиадалық резерві мектебінің спорт залында өткен турнирде НОД, НЖС, Дс Белкөл, Эч-25, ТЧЭ-34, РемПВ, ВЧД6 секілді теміржол мекемелерінің ерлер волейбол қомандалары өзара бақ сынасты. Сайыс қорытындысында Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясы (ЭЧ-25) құрама командасы жүлделі 3-орын иеленсе, Қызылорда локомотив пайдалану депосының (ТЧЭ-34) командасы 2-орын биігінен көрінді. Ал бірінші орын жүлдесі НОД-10 Қызылорда жол бөлімшесі құрамасына бұйырды. Жүлделі орын алған жеңімпаздарға кубок, диплом тапсырылып, ақшалай сыйлық берілді. Ойын барысында шеберлігімен ерекшеленген ойыншыларға «Нұр Отан» партиясы «Теміржол» филиалы мен ҚР Теміржолшылардың кәсіподағы ұйымы атынан құрмет грамотасы мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Сабырхан НӘДІРБАЕВ.

Қазақстандық ғалымдар 20 жылда жолбарыстарды қалпына келтірмек. Бұл туралы «Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы» ФК «Биотүрлілік» тақырыптық кеңесінің вице-президенті Сергей Скляренко мәлімдеді..

Қазақстанда жолбарыстар қайта пайда болады

«Географиялық қоғам қолдау көрсетіп отырған жобалардың бірі – Қазақстанда жолбарыстарды қалпына келтіру. Жоба бүкіләлемдік жабайы табиғат қорының, нақты айтқанда, оның ресейлік бөлімшесі қолға алып отыр. Оның көздеген бірқатар мақсаты бар. Оның бірі – жолбарыстарды әкеліп қана қоймай, оның тіршілігіне қажетті экожүйені қалпына келтіру. Бұл жоба кез келген жануардың ірі түрлерін қалпына келтіру жобасы сынды – кем дегенде 20 жыл уақытты алады», - дейді С.Скляренко.

Оның айтуынша, жобаның бастапқы кезеңі 5-7 жыл уақытты алмақ. «Жақсы нәтижеге қол жеткізсек, алғашқы жолбарыстар 2020-2021 жылдан ерте пайда болмайды. Бұл мақсатта экожүйені қалпына келтіріп қана қоймай, Іле маңында ерекше қорғалатын табиғи аймақ құрып, тұяқтылардың басын көбейту керек», - деп толықтырды ол өз ойын.

Ә.ТАЛАПТАН.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
рухаият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21798
Тапсырыс № 1125
Электронды оқылым 26360.